





**Мағжан-азамат,
ақын, педагог
Мағжан-гражданин,
поэт, педагог**



ОБЛЫСТЫҚ ОҚУ БАСҚАРМАСЫ
ОБЛАСТНОЕ УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ МҰҒАЛІМДЕР
БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ ИНСТИТУТЫ
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ
ИНСТИТУТ УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ УЧИТЕЛЕЙ

**Мағжан-азамат,
ақын, педагог
Мағжан-гражданин,
поэт, педагог**



Петропавл қаласы — 1993
г. Петропавловск — 1993

Солтүстік Қазақстан облыстық мұғалімдер білімін
жетілдіру институты редакциялық-баспалық кеңесі
шешімі бойынша басылып шыққан.

Издается по решению редакционно-издательского
Совета Северо-Казахстанского областного институтта
усовершенствования учителей

Құрастырушылар: Есмұқанова К. Қ. —ОМБЖИ-ның ка
зақ тілі мен әдебиеті кабинетінің ме
герушісі.

Сәдуақасова Б. Ж. —ОМБЖИ-ның
орыс тілі мен әдебиеті кабинетінің ме
герушісі.

Рецензиялағандар: Сеңкібасев С. Т.—ОМБЖИ директоры
ның орынбасары.

Гармаш З. И. —ОМБЖИ-ның кабинет
менгерушісі.

Бұл жинақта 1993 жылдың 25-26 наурызында Петропав
каласында өткен «Мағжан—азамат, ақын, педагог» атты
педагогикалық оқудың материалдары берілген. Мағжан
Жұмабаевтың өмірі, қызметі, шығармашылығы туралы тео
риялық материалдар мұғалімдер үшін ұсынылған.

В данном сборнике изложен материал областных педа
гогических чтений «Мағжан—гражданин, поэт, педагог»
состоявшийся 25-26 марта 1993 года в г. Петропавловске
которые дают возможность глубже познакомиться с твор
чеством, педагогической и общественной деятельностью
М. Жұмабаева.

Солтүстік Қазақстан облыстық мұғалімдер білімін
жетілдіру институты

Северо-Казахстанский областной институт
усовершенствования учителей.



1893—1993

МАҒЖАНДЫ СҮЙЕМІН

Қазақ жазушыларынан, әріпе, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да—Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда, маған «Абай» деген сөз—«Қазақ» деген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездері бар секілді. Абайды сүйюім үнемі ақылдан туған, сыннан туған сүйіс емес, кейде туған орта, кір жуып, кіндік кескен жерді сүйюмен пара-пар болатыны бар.

Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған өшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп—сезгендей боламын. Мағжан—мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертсірек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет тараушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманынан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз—Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін.

М. ӘУЕЗОВ.

Габдуллина М. Ғ.—Петропавл педагогикалық институтының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» КІТАБЫНДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫ

Ана тілімізді үйрену, оның қолданыс аясын барынша кеңейтудің жолдарын ойластыру—бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі.

Бұл орайда қазақ тілі сабағының атқарар қызметі айрықша. Бала ана тіліне саналы түрде алғаш рет қазақ тілі сабағында қарайды. Тілдің заңдылықтары бар екенін, тілдің мәртебелі болуы үшін осы тілде сөйлейтін әр адамның заңдылықтарды сақтап, ана тілінің ерекшелігін сезе білу керектігін түсінеді.

Ал, енді осы мәселеге байланысты қазіргі қолданылып жүрген қазақ тілі оқулықтарында қандай деректер берілгенін қарастырайық, 1991 жылы «Рауан» баспасында шыққан оқулықтың бірінші параграфы «Қазақ тілі — Қазақ ССР-інің мемлекеттік тілі деп аталады. Бұл бөлімде жалпы тіл туралы Лениннің, қазақ тілі туралы белгілі ақын, жазушылардың сөздері берілген. Осы тақырып бойынша сабақ өткізгенде мұғалім балаларды «Тіл туралы Заңмен», оның қабылдану себептерімен таныстырады. Бұл жерде тілдің адам өмірінде алатын орны, мәні туралы айтпауға болмайды. Лениннің «Тіл — адамдардың қарым-қатынасының аса маңызды құралы» деген сөздерінің орнына немесе оған қосымша ретінде Мағжанның «Тіл — адам жанының тілмәші. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады» деген сөздерін қойсақ, оқушыларға бір жағынан түсініктірек болса, екіншіден, олар жерлес ақымыздың тағы да бір қырымен танысар еді.

Тілдің қызметін түсінуде бұл сөздердің зор маңызы бар. Тіл — адам баласы қоғамында қатынас құралы, сөйлесіп, пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын қоғамдық құбылыс. Тіл ең алғаш адам баласы ұжымында қатынас жасаудың, сөйлесудің құралы ретінде пайда болды.

Тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысы—екі жақты байланыс. Біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмай-

ты. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі, қоғамдық өндірісті ұйымдастыруы, оны дамытуы мүмкін емес. Демек тіл адам баласы қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты.

Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам тілдің өмір сүруінің шарты.

Үшіншіден, тіл — ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Ұлттың өзінің болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кенесіне тығыз байланысты.

Тіл тек қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының да құралы. Ой және оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұғынылады. Демек, ойлау мен тіл бір-бірімен өзара тығыз байланысты.

Тыңдаушы да сөйлеушінің ойын тіл арқылы түсінеді. Яғни, тіл — пікір алысу құралы, ойлаудың қаруы. Тіл біздің ойымызды қалыптастырып қоймайды, сонымен бірге адамзаттың сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесін сақтауға және оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

Мағжанның келесі бір сөзін әрбір қазақ үйінің, әрбір қазақ мектебінің маңдайшасына жазып қойса, артық болмас еді. Ол мына сөздері: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті». Осы айтылған сөздің мағынасын оқушыларға міндетті түрде түсіндіру керек. Алдымен ұлттың негізгі белгісінің бірі—тіл екенін балалардың есіне саламыз. Ақынның жоғарыда көрсетілген сөздерімен таныстырып, ойымызды әрі қарай жалғастырамыз. Ұлт пен тілдің арасындағы тығыз байланысты түсінуге Мағжанның келесі сөзі көмектеседі: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады». Шынында да, тіл халықтың тарихы, шежіресі, халықтың барлық өмірінің жаңғырығы мен ізі, одан сол тілді жасаушы халықтың арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, барлық рухани өмірінің үні естіліп тұрады. М. Жұмабаев тілдің осы бір қасиеттері жайында былай деп жазады: «Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе, құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын, сабырлы мінезі — бәрі көрініп тұр».

Осыған орай, орта және жоғарғы мектептің мақсаты —қазақ тілін қазақ халқының тілі ретінде оқыту, тілдің қоғам-

да атқаратын барлық қызметін көрсете білу. Бұл жерде маңызды талаптың бірі мынадай: тіл жүйесі арқылы халықтың тағымын, басқа халықтармен қарым-қатынасын түсінуге үйрету. Тілді тек жалаң грамматикалық схема ретінде емес, ғасырлар бойы жиналған халықтық философияның, психологияның, педагогиканың, тарихтың жинағы ретінде құрасытыру қажет.

Қазақ халқының тілін үйрену—сол халықтың қоршаған ортаны игеруін түсіну деген сөз. Халықтың тілін үйрену—сол халықты тану, оның әрбір тобының—жұмысшының, ақындардың, интеллигенцияның, қаранайым шаруаның қалай сөйлейтінін білу.

Мағжанның тіл туралы ойларын негізге ала отырып, біз қазақ тілін терең түсініп, өте жақсы игерудің бірнеше жолдарын ұсынамыз:

Енді осыған тоқталайық:

1. Сөз төркінін қоғам тарихына байланысты зерттеу.

Сөздің шығу тарихы оның халық өмірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Мысалы, мынадай сөздерді алайық: шындық, қайырымдылық, махаббат, әсемдік, заң т. б.

Бұл сөздердің шығу төркінін біз ауыз әдебиетінен, діни, философиялық шығармалардан, көркем әдебиеттен іздейміз. Бұл ізденіс халықтың жақсылық, жамандықты, имандылықты, қайырымдылықты қалай түсініп, уағыздағанын, осы қасиеттерді бала бойына қалай сіңіргенін көрсетеді.

2. Жер-су аттарын, есімдердің сырын ашу, олардың шығу тарихын зерттеу. Осы атаулардың тарихын білу өз елін, жерін қадірлеуге, сүйе білуге ықпалын тигізетіні даусыз.

3. Тілдің мәдени және тарихи жақтарын оқыту. Мысалы, мектепте мынадай тақырыптарды алуға болады: «Қазақ халқының рухани өміріне байланысты сөздер мен сөз тіркестері». Бұнда сенім, махаббат, отан, күнә, обал, кешіру, даналық т. б. сөздері оқытылады. Сонымен қатар, кейбір тақырыптарды оқығанда, әртүрлі тау атауларды бір жүйеге келтіру де қолға алынады. Оған мысал отбасы, жанұя деген сөздер.

4. Оқушы, немесе студент өз ана тілінің ерекшелігін, оның қайталанбас, басқаларға ұқсамайтын құдыретін түсіне білу керек. Біз неге осылай сөйлейміз, басқаларға қарағанда ана

тіміздің ерекшелігі неде деген сұрқты оқушы өзіне әрқашан қойып отыру қажет. Неліктен қазақ халқы «Малым-жанымның садақасы, жаным—арымның садақасы» дейді, осындай тағылым басқа халықта бар ма деген ой өз халқының ой-өрісін, өмірге деген көзқарасын түсінуге көмектеседі.

5. Көркем сөз шеберлерінің тілін зерттеу, оның ерекшелігін байқау да ана тілінің айырықшылығын білуге ықпал етеді. Әрине, бұл іске де жаңа көзқарас қажет белгілі әдебиетшілердің жазғанын емес, сол шығарманың тексін оқып, ақын, жазушының дүниесі танымымен танысу, олармен пікірлесу, олардан үйрену—міне оқушыларға қойылатын талаптар осындай.

6. Тілдегі әр түрлі диалектілерді, кәсіби сөздерді зерттеу де өзінің гуманистік міндетін атқарады. Өйткені тілдің бұл формалары нағыз, шынайы ұлттық тілді үйренуге ықпал етеді, өз тіліне деген құрметті, махаббатыңды арттырады.

Шәкірттерді өз ана тілін қадір тұтып, құрметтей білуге тәрбиелеу—жалпы тәрбиенің басты бір элементі.

Қазақ тілін мектепте он жыл оқығанда, ана тілінің дәл осындай бай, көркем, тілге жеңіл, оралымды екендігіне оқушылардың көзі жету керек.

Ал, ақынның мына бір жолдары осыдан 60 жыл емес, кеше ғана жазылғандай әсер етеді.

Жарқын көрмей жатсаң да ұзақ, кең тілім,

Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.

Таралған түрік балаларын бауырыңа

Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен тілім

Бұл өлең жолдарын барлық қазақ тілі сабақтарына эпиграф ретінде ұсынуға болады.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ—АҚЫН, АЗАМАТ, ПЕДАГОГ

Қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы жарық жұлдыздарының бірі—Мағжан Бекенұлы Жұмабаев. Өмірі мен өлеңі бір кезде аңызға айналған ақынның аты соңғы жарты ғасыр бойы айтылмайтын, аталмайтын болып кеткен еді. Сондықтан кейінгі буын—біздер бұл ақынды білмей, оның өлеңдерін оқымай, тіпті көрмей өстік. Бірақ, ол заманның жүзін көрген, егде азаматтар, немесе солардан үйренген кеңілі ояу жандар Мағжанды білген, оның өлеңдерін жатқа айта жүрген.

Мысалы, жазушы Жайық Бектұров былай деп жазады: «Біз жас шағымызда, 20-шы жылдарда Мағжан өлеңдерін жаттап өстік, алғашқы совет мектептерінде оның термелерін таппақ етіп айттық. Алғаш бала кезімізде молда алдынан «әліп-би» «Әптиск», «Иманшарт» оқып хат таныған біздерге Маған өлеңдері мен әндері соқыр адамның айналасындағы жарық дүниені алғаш көзін ашып көргеніндей әсер етіп еді. Содан да Мағжан ерте күннен көңілімізге қонған ақын еді». (Бес арыс. Естеліктер, эссе және зерттеу мақалалар. Алматы. «Жалын» 1992 жыл. 306 бет).

Ал біздің буын ақынның кітаптарын соңғы 3-4 жылға дейін көре де алмады, өйткені Мағжан кітаптары аузы ашылмайтын құлыптаулы сандықта сағайып, тозып, жыртылып, жоғалып жатты. Өйткені оның атын атауға да, кітаптарын оқуға да тиым салынған еді.

Ақын бір кездегі ақты қара, қараны ақ деп түсіндірген зорлық-зомбылық дәуірдің құрбаны болған еді.

Сонда бұл Мағжан Жұмабаев кім? Қайдан шыққан, қандай еңбегімен аты аңызға айналған?

Не үшін қаруланған?

Не себепті оның атын атауға, шығармаларын оқуға тиым салынған?

Оның «Мен кім?» деген өлеңінде мынадай жолдар бар:

**«Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте—бұлт, жерде—желмін гулеген,
Жер еркесі—желдің жөнін кім сұрар?..**

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырымен күліп қана қарармын...

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім—патша, өзім—қазы, өзім—би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?»

Осы романтикалық асқақ шумақтардан ақынның өз күшіне, өз талантына, өз тағдырына кәміл сенгенін байқаймыз. Бұл жолдардан асып-тасуды, астамдықты емес, асылдықты, тектілікті, мықтылықты көреміз. Ақын сөзі ащы шындықтың айнасы болып отырған. Өзі оны түсінген де, білген де. Асыл сөздерінің ардақты иесі бар екенін, ол иесі—ақыл-парасатты, мейірімді, үлкен жүректі туған халқы екенін де білген Өйткені Мағжан ақын бар өмірін, өнерін, білгенін сол туған халқына, еліне арнаған, арнаған да сарнаған.

«Жан сөзі» деген әйгілі өлеңінде (1920 ж)
«Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған:
Болғайсың, сыншы болсаң әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған,—
деуінің де төркіні сонда жатыр.

Мағжан өз тегін де, өз жерін де мадақтаумен өткен, өміріндегі азаматтық орнын адақтауға ұмтылған, өлең сөздің асыл маржанын төгілген, сұлу жырымен оқырманын егілген, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтқандай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті. «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді» дегенде, қауіп-қатер жоқ дегені белгілі, бірақ сондадағы қылша мойын талша қиылатынын біліп пе? Жалпы алып карағанда, «Мен өлмеймін» деген сөздерде терең шындық жатыр. 60 жылдан аса уақыт бойғы деспотизм ақын үнін шығартпай, тұмшалап келсе де, енді естіліп, ақыры жалғастық тапқаны шындық. Философиялық мағынада алсақ, ақын өлеңі мен дана сөзі өлмек емес.

Осы орайда ақын тағдырына біраз тоқталайық. Ғасыр басынан-ақ ел-жұртына мәшһүр болған Мағжан Жұмабаев 1988 жылдың желтоқсанында ғана ақырғы рет ақталды. Ақырғы рет деуіміз — ол ресми түрде 1960 жылы-ақ ақталған еді. Бірақ сол кезде оның есімін атауға, шығармаларын тариялауға рұхсат болмады. Себебі, бұлай жасауды тоқы-

рау заманының басшылары мақұл көрмеді, жабулы қазан жабулы күйінде қала берді. Енді ақын қазасынан соң жарты ғасыр өткенде ғана, аты аңызға айналған есім халқына қайта оралды. Мұны жалпы қауым қуана, тебірене қарсы алды. Өйткені, бұл мәдени өміріміздегі үлкен оқиға еді. Бір кездері нахақтан күйген есім ақталып қайта оралса, оған қалай қуанбаймыз?! Кешелері дүлей қара күш ақыл парасатты ауыздықтап, шідерлегенін, ата-баба жолын ұмыттырып, теңсіздікке сүйрегенін білеміз. Бүгіндері өткендегі орасан қателерді жөндеп, рухани байлықты, талант сөздерін халықтың өз иелігіне қайтаруға мүмкіндік туып отырғаны, әрине, қуанарлық жай. Өйткені, М. Жұмабаевтың Жүсіпбек Аймауытовтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Міржақып Дулатовтың бай мұрасының ұлттық мәдениетімізге қайта оралуына ризашылық білдірмей, бейтарап қалу мүмкін емес.

Енді ақынның өмір жолына қысқаша шолу жасап көрейік. Мағжан Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуденовский болысында (Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, М. Жұмабаев атындағы совхоз) Сасықкөл деген көлдің жағасында әулетті семьяда туған. Мағжан төрт жасында ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашады. Мағжанның оқуға зеректігін көрген әкесі оны 1905 жылы Қызылжар қазасындағы медресеге оқуға береді. Бұл медресені Стамбул университетінде оқып дәріс алған, араб, парсы, түрік тілдерін еркін меңгерген жергілікті интеллигент Мұқаметжан Бегішев ашқан екен. Ол өзі шығыс халықтарының тарихы жөнінде де сабақ берген. Мағжан бұл медресені 1910 жылы 17 жасында жақсы үлгіріммен бітіреді. Ол арабша, парсыша, түрікше тіл біліп, сол тілдердегі әдебиетпен таныса бастайды. Оның ақындық талантының ояна бастағаны да осы жылдар болса керек.

Сол 1910 жылдың күзінде өзінің ауылдасы әрі мектептес досы, талапкер жазушы Бекмұкамбет Серкебаевпен (СССР халық артисі, белгілі әнші Ермек Серкебаевтың әкесі) бірге Уфа қаласындағы атақты «Медресе — Ғалияға» оқуға барып түскен. Бұл сол кездегі мұсылмандық бағыттағы жоғары оқу орны болатын. Мағжан сол медреседе сабақ беретін ұстаз, белгілі татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен, медресенің жетекшісі Сәлімгерей Жантуринмен, жерлесі, болашақ көрнекті жазушы Бейімбет Майлинмен болашақ башқұрт жазушысы Сайфи Құдашпен танысады.

Мағжан бұл медреседе көп оқымайды. Мағжанның білім деңгейін байқаған және оның ақындық талантын таныған Ғалымжан Ибрагимов: «Мұнда сен оқитындай оқу жоқ, сен білімнің жолын басқа жерден ізде», — деп ақыл береді. Кейіннен осы Ғалымжан Ибрагимов өзінің көпшілікке таныс «Қазақ қызы» атты романында Мағжанның мына бір шумағын эпиграф қып алады:

«Кең дала, көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне сол анам еді мені тапқан».

Бұдан соң Мағжанға ұстаз болған — оның аға замандасы сол кездің өзінде «Оян қазақ!» атты жинағы шыққан қазақтың белгілі ақыны, әрі публицисі, қоғам қайраткері Міржақып Дулатов. Ол бір қыс бойы Мағжанға орыс тілін үйретеді, орыс және шет ел ақындарының өлеңдерін аударттырып, орыс тілінің нәрімен сусындатады. Бұл Міржақыптың «Оян қазақ!» кітабы үшін қуғынға түсіп, 1910 жылдан Қызылжарға келіп паналаған кезі болатын. Өзінің ағасы Асқарға жазған бір хатында Міржақып былай дейді:

«... Осы қалаға келгелі орысша оқытып жүрген шәкіртім, Мағжан Жұмабаев сынды ақыным бар. Оның менен жасы кіші, жазған өлеңдері тамаша, ақындығы күшті, өте дарынды жігіт. Екеуміздің өмірге деген көзқарасымызда айырмашылық жоқ десе де болады, сырласып, достасып кеттік».

Осы кезде Мағжанға Орынборда Ахмет Байтұрсынов шығарып тұрған «Қазақ» газетінің де ықпалы зор болған. Ол өзі де осы газет жұмысына белсене ат салысқан.

1909 жылы Уфа мен Петербург баспаханаларынан Қазақ даласын дүр сілкіндірген 3 кітап шықты. Олар: Абайдың өлеңдерінің алғашқы жинағы, Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» еді. Мағжан, әрине, бұлардың бәрін де оқыған.

1912 жылы Қазан қаласында Мағжанның «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. Оны шығаруға Ғалымжан Ибрагимов көп көмек көрсеткен. Бұл өлеңдер жинағы өзінің соңғы сөзімен, қазақ поэзиясындағы жаңа өрнегімен көзге түседі. Мағжанның бұл кітабы қазақ поэзиясында 1909 жылы шыққан Абай жинағының жалғасындай әсер етті. Мағжан сол өзінің тұңғыш жинағында ұлы ақынға арналған «Алты хакім Абайға» атты өлеңін бастыр-

ған. Бұл өленде жас ақынның бәрінен бұрын ойға көбірек еңгіл бөлгені көрінеді:

**Ай, жыл өтер, дүние көшіп тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар—дейді.**

1913 жылы Мағжан, Ахмет, Міржақып сынды жаңа достарының ықпалымен Европа біліміне жақындаспақ ниетпен Омбыға келіп оқытушылар семинариясына оқуға түседі. Семинария қабырғасында ол Сәкен Сейфуллинмен танысады.

Осы 1913 жыл Мағжанды жаңа сапалық биікке көтереді. Ол халқының осындай мүсәпір-себебін табады, көп нәрсеге көзі ашылады. Қазақтың жан-жағынан қысып, еркін бермей, тұншықтырып отырған патша үкіметі екенін түсінеді. Ол кезде қазақ баласы ең шығандап шыққанда болыс болуы мүмкін, орысша оқығаннан шығар биігі оязға тілмаш болу ғана. Өз алдына ел болмай, халықтың бордай тозып, бытшыты шығатынын сезе бастайды. Сонда да болса ол болашақтан үміт күтеді. Сонымен бірге халқының өткен күндеріне де көз тігеді. Сонау қантөгіс жорықтарға толы хандар мен бектер дәуірі оған нағыз еркіндік заманындай көрінеді. Ол кезде қазақтар өзімен-өзі болып, бұлғақтап өмір кешкендей болады. Ақын қиялы өткен күндерді шарлайды, жаралы жүрегіне тағат іздейді. Кешегі күннің кейбір суреттерін жанына жалау етіп, сонан жарасына ем тапқандай болады. 1913 жылы жазған «Орал тауы» атты өлеңінде ақын былай дейді:

**Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.
Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік
Қойныңа жайыменен кіріп еді..
Ер түрік ен далаңа көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса—ерік еді,
Тұрғанда бақыт құсы бастарында,
Іргесі жел-күн тимей берік еді.**

Осылайша ол түрік елінің сонау біртұтас болып тұрған кезін еске түсіреді. Бірақ артқа қанша бұрылғанмен өткен қайтып келмейтінін білген ақын енді өз заманын ойлап, елдің қамын жейді. Сондықтан ол бұдан былайғы жерде өлеңдерінде көбінесе өз заманының сан қилы кескін-келбетін

сүреттеуге бет бұрады. Ол азаттық жолын өткеннен де, кеткеннен де, Батыстан да, Шығыстан да іздемейді, өз халқының ұмтылатын, арпалысатын, аяусыз күреске түсетін шаруасы деп біледі.

**Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрелік төңіректі, тек таң атсын!**

«Есімде... тек таң атсын!» деген өлеңіндегі осы бір сөздер Мағжанның нағыз әлеумет ақыны бола бастағанының белгісі еді. Патша өкіметін сұр жыланға теңей отырып, сол жылан қазақты қаттырақ шаға түссе, қазақ та қарсы қимылдар еді, бостандыққа ұмтылар еді дегенді айтқысы келген.

Бірнеше ғасыр бойы елін-ерін тонап, еркінен, елдігінен айырған патша өкіметін бостандық сүйгіш ақын қалай жақсы көрсін! Құрықты алыстан салып, әуелі елдігінен, сонан соң дінінен, ақыр аяғы тілінен айырмақ болып отырған өкіметті ақын жүрегі қабылдай алар ма? Сондықтан да ол аяқ-қолы шырмалған туган елін бейғам отырмауға шақырады.

Қарманбай, қарап жатып бақ күтуге,
Ізденбей, аласұрып, тақ күтуге.

Тағдырда бір тақтайға жазулы деп,
Өр іске, кім үйретті, шақ күтуге?—деп өзіне де жұртқа да сұрақ қояды «Дін үйреткенге» деген өлеңінде. Ол болмыстың осындай қасіретті құбылысын айтып қана қоймай-ны, күреске шақырады:

Жоқ енді, жату болмас бос еңбексіз,
Жалбарып: «Жасаған!»—деп жас төкпеспіз.

Өзінде, сөзің де кет бізден аулақ,

Жаны өлген, жүрегі өлген, мұндар кексіз—деп.
Дін үйреткен молдалардың патша үкіметінің езгісіне шыдау керек деген үмітін сынай отырып, одан әрі

Біз жаңа көрдік таңның желі ескенін,

Салқынмен сескендірмек боп өскенін.

Сылдырлап су, сыбдырлап жапырақтар:

«Есінді жи енді, алаш, тұр!»—дескенін!—деп халқын оятуға, есін жиып, күреске шығуға үндейді.

1913-1916 жылдар Мағжанның ақын және азамат ретінде өлден қалыптасқан кезеңі, атаның баласынан адамзаттың баласы болуға біржола ойысқан кезі. Ол осы жылдарда Омбы мұғалімдік семинариясында оқып жүріп, орыс және латыш еуропа ақын-жазушыларын құныға оқиды, өзіне жаңа

да тосын ой, идеалдарды көңіліне токи береді. Оның алдында жаңа бір әлем ашылады. Гете мен Толстой, Гейне мен Горький, Верлен мен Мережковский, Бальмонт пен Брюсов, Блок пен Сологуб сынды сан қилы, сай кырлы таланттар енді Мағжанмен бірге, соның жүрегінде өмір сүре бастайды. Немістің Шпенглері мен орыстың Соловьеві секілді философтарды да Мағжан түсінуге тырысады, солардың әлдебір ойлары, тұңғық тылсым толғаныстары бұның жанына әсер етеді.

1916 жылғы маусым айындағы патша жарлығы бұрын әскерге алынуды білмеген қазақтарға аспан айналып жерге түскендей, дүние төңкерілгендей әсер етті. Жұрт нағыз қыспаққа түскенін енді ғана білгендей болды. Бар ауыртпалық байғұс кедейге түсті. Мыңдаған жас эшелонға тиеліп, көз көріп, құлақ естімеген алыс қиырларға аттанды, соғыстың қанды ауызына жөнелді. Осы оқиғалардың әсерінен Мағжан «Орамал» атты өлеңін жазды:

Солдатша сымдай киініп,
Шекпені оның сұр ма екен?
Күрегіне сүйеніп,
Суықта жаурап тұр ма екен?
Жатқан шығар ор қазып,
Жауға ма әлде өзіне?
Бұрыла алмай бой жазып,
Қайғы шығып жүзіне,—деп соғысқа сүйген жа-
рын аттандырып, артынан күтіп қалған жас келіншек бо-
лып сөйлейді.

1917 жылғы ақпан революциясы қазақ оқығандары үшін аса қуанышты оқиға болды. Мәңгі мызғымастай көрінген патша өкіметінің құлауы қазақтарды тағы бір дүр сілкіндірді. Мағжан да басқа ақындар сияқты бұл оқиғаны қуанышпен қарсы алды. Нағыз таң атты деп есептеген Мағжан 1917 жылдың көктем — жаз айларында құрылған «Алаш» партиясы басшыларының Қазақстан Россия федерациясы құрамында автономия алуы тиіс, құрылтай жиналысынан жер мәселесінің қайта, әділетті шешілуін сұрануымыз керек деген ұранына елікті. «Алаштың» құрылтай съезінде Мағжан оқу комиссиясына мүше болып сайланды.

Ақпан өзгерісінен кейін Мағжан өлеңінің көбін елге арнап жазатын болды... Әлеумет мұңын қолға алғаннан бері, Мағжанның алатын қаһармандары: Абылай, Кенесары, Сыздық, Ақсақ Темір, Қорқыт, Қойлыбай, Баян сықылды хандар

батырлар, ақындар болса да, ақынның ізгі мақсаты көрінбейтін, енді ол елдің уәкілі, елдің аузымен сөйлейді. Енді ол азамат міндетін көрсетеді... Азаматқа ұран салады. Халыққа қызметке шақырады,—дейді Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылы Ташкент студенттеріне Мағжанның ақындығы туралы оқыған лекциясында

Азамат, анау қазақ қаным десен,
Ұжмақтың суын апар жаным десен.
Болмаса ібіліс бол да у алып бар,
Токтатам, тұншықтырам зарын десен

Азамат болсаң қазағына пайда тигіз, өйтпесең «ібіліссiң» деп, ауыр міндет артады. Азаматқа сын тағады. Қазақ азаматы саясат жүзінде пікірі шынықпаған бала екенін көреді, белгілі пікір, жол тұтыңа алмай, бас қамын ойлап, боялып жүрген кейбір азаматтарды сөгеді:

«Біреуіне» сен тәңірім деп табынад,
«Біреуіне» мен құлың деп бағынад,
«Біреуіне» садақа бер деп жыланад,
«Біреуіне» құйрық болып тағылад.

Ылғи сорлы сағым қуып сабылад
Ылғи түссіз бір сұр нәрсе жамылад.
Қазағы —қой, артынан оның ағылад
Азаматқа қонақтық қой табылад.

Қазақ қой сықылды, кім бастаса соған ере береді, қазақта білім, сана, әлеуметшілік, жұртшылық сезім жоқ. Сол қазаққа «ұлық» болғанына мастанбай, шын жүрегіңмен тура бастап, адал қызмет ет дегені.

1917 жылы 24 жасында Мағжан Омбының мұғалімдер семинариясын алтын медальмен бітіреді...

Мағжан 1917 жылы «Алаш» басшыларының өзіне тапсырған істерінен ешнәрсе өндіре алмады. Аз ғана қазақ оқығандарының басы бірікпеді. Бірі мен бірі билікке таласты. Ақыры «Үш жүз» партиясы 1917 жылдың 19 қазаны күні Мағжанды абақтыға жапты. Осы түрмеде отырып, Мағжан әйелі Зейнепке, ұлы Гражданға, шешесі Гүлсімге арналған жаңа басқа да бірнеше өлеңдер жазған. «Үш жүздің» түрмесінде Мағжан 1918 жылдың май айына дейін отырған. Ұлы Қазан революциясы күндері ол—жазушы Шерияздан Елеукеновтың тілімен айтқанда—сахнада не болып не қойып жатқанын түсінбеген көрермен халін кешеді. Түрмеден ол Чехословак лаңы кезінде босайды.

Абақтыдан шығысымен ол ауылын сағалайды. Сол 1918 жылдың аяқ шенінде қылышынан қан тамған қолчак үкіметі дүрілдеді. Адмирал «Алаш Орда» үкіметін әу дегенде мойындамады. Қазақ автономиясы деген сөзді естігісі де келмеді. Елдің бостандық деген үміті құл-талқан болды. Қазақ басына түскен жаңа қасіретті Мағжан жаны күйзеле отырып мойындады. Міне осы кезден бастап М. Жұмабаев бұрынғы біраз теріс көзқарасынан айнаиды. Оның бір үлкен дәлелі Мағжанның өзі Ташкентте шыққан өлеңдер жинағында арнайы сілтеме жасап, 1918 жылы «Сібірде реакция дәуірінде жазылды» деген «Бостандық» атты өлеңі. Бұл кезде Мағжан Қызылжарда екі жылдық педагогтік курсқа жетекшілік етеді.

Қолчак қуылып, үкімет тізгінін большевиктер партиясы алғаннан соң «Алаш» үкіметі таратылады. 1919 жылғы 4-ші сәуірде Бүкілодақтық атқару комитеті (ВЦИК) «Алаш орда» партиясының басшыларына кешірім жариялайды. «Алаш» партиясының басшыларының бірі Ахмет Байтұрсынұнов РКП (Б) қатарына кіріп, Орынборда сайланған алғашқы қазақ үкіметінің мүшесі, оқу-ағарту халық комиссары болады. Әлихан Бөкейханов Москваға қызметке шақырылады. Мағжан Жұмабаев Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетіне редактор болып тағайындалады.

Мағжан жаңа өмірге белсене араласады. Өлең-жырмен шектеліп қалмай, өмірдің әр саласын қамтитын мақалалар жазады. «Бостандық туы» газетінде оның «Бірінші май» мейрамы, «Сайлау», «Жазылашақ» оқу құралдары һәм мектебіміз» т. б. мақалалары жарық көреді.

Сонымен қатар сол кезде Қызылжарда қазақ-татар жастарына арналған «Қазақ-татар клубы» жұмыс істейді. Оны ұйымдастырушылардың бірі Мағжан болады. Мағжан осы клубта жиналған жастарға өзінің өлеңдерін оқиды. Клуб жұмысына жазушы Мәжит Дәулетбаев, Оспан Қашағанов, Тауып Бердіқожин, Жәмшит Нұрмұхамбетов және қыздардан Хадиша Жәналдиқова, Зылиха Серкебаева (Ермек Серкебаевтың шешесі), Әмина Қуанышева, Жамал Бақшилова (Сырғабекұқтың әйелі), Гүлшара Жалтырова, Әмина Нұрымова, Жамал Тәстемірова, Мағжанның болашақ жұбайы Зылиқа т. б. белсене қатысады.

1921 жылы Мағжан Көкшетауға келіп Бурабай төңірегін аралайды. Осы жолы ол Ақан серінің өмір тарихына ма-

терналдар жинап, «Оқ жетпестің қиясында» деген поэма-сын жазады.

1922 жылы Мағжанның «Шолпаннан» (1912ж) кейінгі екінші өлеңдер жинағы Қазан қаласында басылып шығады. Сол жылы Орынборда «Педагогика» деген еңбегі жарық көреді.

Сол 1922 жылы Мағжан белгілі қазақ совет қайраткері Нәзір Төреқұловтың шақыруымен Ташкентке қоныс аударады. Ташкентте ол өзінің жаңа қосылған жұбайы Зылихамен бірге келеді.

Ташкентте ол оқу-ағарту наркомы Сұлтанбек Қожановтың көмегімен қазақ оқу-ағарту институтына оқытушы болып орналасады әрі қазақ-қырғыз ғылыми білім комиссиясына мүше болып сайланады. Сонымен қатар ол Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Ақ жол» газетінде істейді және Ташкентте сол кезде шығып тұрған «Шолпан», «Сана» журналдарының жұмысына да белсене араласады.

Бұл фактілер М. Жұмабаевқа сол кездегі совет үкіметі орындарының үлкен сенім көрсеткеніндей аңғартады. Осының бәріне ақынның көңілі көтеріліп, шабыты тасыды. Ташкентте Мағжан бірінші рет жүзбе-жүз Мұхтар Әуезовпен танысады.

1920-1927 жылдары Мағжан Жұмабаев творчествосы ең шырқау биігіне көтеріледі. Атақты «Батыр Баян» поэмасы осы Ташкент қаласында дүниеге келді. Осында Түркістан мен Сыр циклдары жазылды. Ақан сері, Базар жырау Әубәкір Диваев туралы мақалалары жарыққа шықты. Осы кезде оның Кольцовтан, Горькийден, Лермонтовтан, Гетеден, Феттен, Мамин—Сибириктан т. б. жасаған аудармалары, әртүрлі педагогикалық еңбектері жарық көрді. 1923 жылы Ташкентте оның үшінші өлеңдер жинағы басылып шықты.

Мағжан жаңа өмір көшіне 1924 жылы «Ақ жол» газетінде басылып шыққан «Қызыл жалау» өлеңін тудай желбіретіп қосылды.

—«Жалынды жалау кімдікі?»

—«Тұрағы тарғыл тас қия

Арбандаған Афия—

Жалынды жалау сенікі—

Ендеше, қазақ, сенікі!»...

—Қанды жас жалау кімдікі?»
—«Кімнің ұлы құл болса,
Тұлымдысы тұл болса,
Қанды жас жалау соныкі,—
Ендеше, қазақ, сенікі!»
—«Азаттық жалау кімдікі?»
—«Көре алмаса кім теңдік,
Тепкі көрсе кім кемдік,
Азаттық жалау соныкі,—
Ендеше, қазақ, сенікі!»

Мағжан жаңа өмір өркендеріне шын жүректен қуанды. «Жердің жұмырлығы», «Алатау», «Оқудағы қарындас» т. б. өлеңдерінде ол ауылдағы жақсылық, жаңалықтарды жырлады.

Осы жылдардың шуағында Мағжан балалар үшін әдемі өлеңдерді өндіре жазды. Революция тақырыбына. «Өтірік ертек», «Шын ертек» («Жүсіп хан») поэмаларын туғызды. Мағжан етектен тартқан ескілікті шенеді. Жаңаны тек жаңалығы үшін төлеп мақтай берген жоқ, оған да сын көзбен қарады. Ол сонау 20-шы жылдары экологиялық мәселені көтерді. Қаланың демалысы, от-түтін жайын сынады. Кең сахараның жұпар иісін сақтап қалуға шақырды. Экологиялық мәселені биік моральдық, адамгершілік категория өресіне көтерген жазушы ол кезде кемде-кем екенін ескерсек, Мағжанның ақындық жүрегінің алғырлығына бас иесің.

20-шы жылдары Мағжан сол кездегі өмірді жырлап қойған жоқ. Ол сонымен бірге, өткен күн өрнектерін естен кетпес ертек етіп тамылжытып, тарихтың тар жол, тайғак кешулерінде тайсалмай алаштың ала туын көтерген хан Абылай, батыр Баян, күрделі Кенесарыларды аялап, асқақтата жырлады. Ол бұған неге барды? Мұның басты себебі— ақын 20-шы жылдары бастан кешкен аласапыран заман сипатында жатқаны күмәнсіз. Сол себепті де ол «Батыр баян» дастанында:

«Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғай саналыға.
Қызыл тіл қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға», — деп жазып еді.

Ақын Мағжан отаршылдық езгі мен надандықтың темір-күрсауында, азаматтық соғыстың алапатында қырылып, құрып бара жатқан алашы үшін арыстан Абылай мен батыр Баяндарды үлгі етеді. Халқы тап болған тығырықтан шығар жол ерлік күресте, тәуелсіздікте, туысқан халықтардың бірігуінде деп біледі. Ол құлданушы Ресейге, қанқұйлы патшаға қарсы шыққан Кенесарыны, оның баласы Сыздықты сондықтан да ағыл-тегіл жалын жыр құдыретімен ел үшін сңіреген ерге айналдырып жібереді. Бірақ ол бәрібір әділдіктің, адалдықтың ақ жібін аттамайды, халықтар достығын тұрғысынан танбайды. Яғни ол: «Оқ жетпестің қиясына» «Мынау орыс—обыр ол еміп жатқан»,—десе, оның бұл кейіпкері—жаулаушы, мылтықты зорлықшының бейбіт орыс халқына түк қатысы жоқтығын дәлелдеп жатудың қажеті шамалы.

Тағы да ол: «Біле алмай надандықпен ердің ойын,

Сорлы қырғыз мерт кылды арыстанды», — десе, мұнда да ақынның ойында бауырлас халықты мұқату жоқ, зұлмат жауға, батыстан қаптап келе жатқан қара бұлт—қауіпке бірігіп қарсы тұруды ойламаған қос халықтың көрсоқырлығына күйініп отыр. Өйткені «көп ерлер жаумен бірге елін шапқан» қазақтың өз арасында да қаптап жүр ғой.

Болып жатқан шытырман, қайшылықты өмір шындығына көңілі толмаған ақын қазақ ескілігінен рухына медет боларлық мысал іздейді. Сонда оның ойына XVIII ғасырда жоңғар жаулаушыларына қарсы елді бастап, ерлік көрсеткен батырлар Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, би Қазыбек, Хан Абылай есімдері түседі. Ақын олардың заманында ел ұйтқысы бола білгенін қазақ халқының тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескенін мадақ етеді. Тарихтың айбынды, нұрлы беттерін парактайды:

«Еділ, Жайық, Сырдария,
Белгілі жұртқа ескі су.
Тәтті, дәмді, тартымды,
Ұзын Ертіс, Жетісу.

Осы бес су арасы,
Сарыарқа деген жер еді.
Туып өскен баласын
Айбынды Алаш дер еді...»

різді тіркестер сөздік қорымызда сақталып келуі бұл атаудың халыққа ежелден қанықты екенін көрсетеді.

Мағжан қазақ халқының бақытқа жетер жолы тек ұлттық тәуелсіздікке, өз тағдырын өзі шешетін жағдайға жету деп біледі. Оның ертедегі ерлер істеріне қайта оралып келе беретін себебі осыдан.

Күңіреніп ойлағанда Алаш жайын
Жанымды олай берді ұлы уайым
Кеудеме күннің нұры толғандай боп
Жырлаймын алты алаштың Абылайын...
Арсыға асқандаймын тауап қылсам,
Көбедей Абылайдың Бурабайын.
Күңіренген жырымменен мен ризамын
Алаштың жоқтай білсем Баян—айын.
Жырлаймын, күңіренемін өткенді ойлап,

Кеудеме ұлы уайым толған сайын,—деп толғанады Мағжан «Батыр Баянда».

1923 жылы Мағжан Ташкенттегі қазақ ғылыми білім комиссиясының жолдауымен Москвада жаңа ашылған әдеби-көркемөнер институтына оқуға түседі. Әрі Ағарту халық комиссары Луначарскийдің шақыруымен астанадағы Күншығыс еңбекшілерінің университетінде сабақ береді. Сонымен қатар Нәзір Төреқұлов басқарып отырған күншығыс баспасында редактор болып қызмет істейді. Москвада болған 3,5 жылда Мағжан орыс және Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп оқиды. Әдебиет-көркемөнер институтының басқарушысы В. Я. Брюсовпен бірнеше мәрте кездесіп, әңгімелеседі. Брюсов та Мағжан өлеңдерімен танысады, ол Мағжанды «Қазақтың Пушкині» деп, әрине, тегін айтпаған. Мағжан сонымен қатар ағылшын тіліндегі, неміс тіліндегі мықты ақындардың жазу машығымен, ойлау, ырғақ табу жүйесімен егжей-тегжейлі танысады. Луначарскиймен бірнеше рет кездесіп пікірлеседі. Ерте уақытта өткен Бердяев, Соловьев секілді қиялшыл философтардың көзқарасымен танысып, өзінің ойлау шеңберін, шеберлік жолындағы ізденістерін әрі соны, әрі күрделі жолға салып алады.

Күншығыс еңбекшілері университетінің қасында ашылған «Жерлестік» атты студенттер ұйымының 1924 жылғы қарашаның 24-і күні аяқ астынан жиналысы болады. Оған Москвада оқып жүрген 60-шақты жастар қатынасады. Не боп қалды десе—М. Жұмабаевтың 1923 жылы Ташкентте шыққан өлеңдер жинағын талқылау керек екен.

Жиналыстың ақын позициясын әділ талдау үшін шақырылмағаны, көріне пәле іздеуге жиналғаны бірден сезілді. Жиналысқа жинақтың авторы — сол кезде Москвада тұратын Мағжан ақын қатыстырылмауы. Баяндамашы Нәзір Төреқұлов Мағжанды салған жерден қаралай көнелді. Жиналыс: «Мағжан өлеңдерінің көбінде өткенді көксейді, ескілік із іздейді, ұлтшылдықты жырлайды, өзімшілдік, менмендікті көрінтейді»—деген сындар айтып, Мағжанның өлеңдері бұдан былай... газет, журнал бетіне тексерусіз басылмасын» деген қаулы қабылдайды. Сол кездегі «Еңбекші қазақ» газетінде жаңағы Мағжан кітабы туралы «Жерлестік» жиналысының есебінен бастап жыл бойы (1925 ж) Мағжанға қарсы материалдар жарияланады. Сөйтіп, күлдікемеш тұтырым көрінеу заңдастырылады. Осы кезден бастап-ақ ҚазАПП басшылары Мағжанға қарсы ұйымдасқан түрде шабуыл бастайды. Құлаш-құлаш мақалалар жазылып, оған ұлтшылсың, түрікшілсің, байшылсың, өзімшілсің деген айыптар тағыла береді. «Қазағым» деп жазса—ұлтшыл, «елім-жұртым» деп жазса—түрікшіл, «Жалынмын мен, келме жакын, жанарсың»—десе—өзімшіл, менмен деген айдарлар тағылады.

Міне осындай жағдайда 1927 жылы жазда Мағжан Москвадағы оқуын бітіреді. Ол Қазақстан астанасына келгісі келіп сол кездегі Республика партия ұйымының басшысы Ф. И. Голощекинге хат жазады. Ол хатты тексеріс органдарына жібереді. Ондағылар бұл алаш партиясының белсенді мүшесі, ұлтшыл, байшыл деп сыбырлайды. Мағжанға ешқандай жауап бармайды. Мағжан өз туған жеріне Қызылжарға келіп орын іздейді. Мұнда ол совет-партия мектебі мен қазақ педагогикалық техникумында алма кезек дәріс беріп жүреді.

Сол 1927 жылы 17 тамызда «Еңбекші қазақ» газетінде Мағжанның «Тоқсанның тобы» атты шағын поэмасы басылып шығады. Бұған дейін Мағжан өлеңдерінде қазақты тапқа бөлу болмайды. Ол өлеңдерінде барлық қазақ ұлтына жаны ашып, барлық қазақты отаршылдыққа қарсы күреске шақыратын. Москвада 3,5 жыл болып келген Мағжан совет үкіметінің ыңғайына көшіп халықтың көпшілігін құрайтын кедейлер жағын қолдайтынын білдіреді. Бұл поэма-сында Мағжан оларды 90 деп, азынаулақ байларды онға теңейді.

«Жырладым елді жалпылап,
Жасырман жүзді жақтадым,
Токсанға енді тоқтадым,
Толғанып, ойлап, талқылап...
Токсаннан сонау он аулақ,
Сонау оннан мен аулақ,

Мен токсанмен біргемін»—деген сөздері бірқатар шындықты көрсетеді. Саяси бетін түзеп алған Мағжан творчествосының жаңа бетін ашты. Бірақ тағдыр бұл беталысымен қалам тартуға жазбады. Ел басын сталинизмнің қара бұлт торлай бастады. Оның көлеңкесі алдымен халқымыздың Мағжан сынды маңдай алды боздақтарына түсті.

Басқа пәле қайдан дерің бар ма? Ол Москвада оқып жүргенде «Алқа» деген әдеби үйірме ұйымдастырған болатын. Бұл 1925-ші жыл еді. Содан төрт жыл өткен соң осы ұйым «контрреволюция ұясы» болып шыға келді. Сол жаламен Мағжан 1929 жылы пілденің басында Қызылжар қаласында тұтқындалып, одан Алматыға, Алматыдан Москва қаласындағы атақты «Бутырка» түрмесіне қамалады. Онда біраз тергеліп, ақыры он жылға концлагерьге кесіліп Карелия ормандарына айдалады. Мағжан ұлтшыл, байшыл, жат, еңбекші халыққа жау деген атақтар жиналады. Мұндай пәлелердің жабылуы Мағжанға оңай соққан жоқ. Бұл оған енді басар жер, барар тауың қалған жоқ дегенмен бірдей еді.

Басқасын былай қойғанда «Токсанның тобы» мен «Толғау» сияқты соңғы шығармалары да мансұқталды. Бұларды «бояма» атады. Боямалары қазақ байының өліп бара жатқанын сыпаттайды делінді.

Сол кездегі Қазақстан өлкелік партия ұйымының бірінші басшысы Голощекин Мағжанды орыстың сменовеховшыл жазушыларының қатарына қосып аластауға тырысты. 1927 жылғы қараша айында болған өлкелік партия ұйымының Бүкілқазақстандық VI Конференциясында Голощекин былай деген:

«Ескі интеллигенцияның арасында сменовеховшыларды еске түсіретін қозғалыс бар. Сіздер Жұмабаевтың «Токсан» жөніндегі әйгілі өлеңін білетін шығарсыздар, ол өзі токсан жағында болғандықтан токсан туралы жазады. Ал көпшілік бұл сан шынайы екен деп алданып қалады. Олар жүз деп еді, жеңіліп қалды, енді токсан деп күңіренуде. Бізге жақсы істерімен келсе арқасынан қағамыз, алайда токсанды басқалардың қолдауы қажет екенін аңғарту үшін біз арқа-

сын сипап қана қоймай, бір мезгіл соққыға да жығып аламыз» («Советская степь», 1927 ж. 21-қараша).

Бұл сөздерден ұғатының — сол кездегі заңсыздықтың шегі жоқтығы. Голощекин секілді жарты патшалар жергілікті жерде «халықтар көсемінен» кем түспеген. Ол «соққыға жығам» деп әрекет етсең таяғын ала жүгіретін әдетін еш жасырмайды. Мұндайлар басқа халықтың аяулысын қайтсын.

Голощекин айғайы ақыры Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сияқты алаштың зиялы азаматтарына қара індет болып жабысты. Олар шегінен ұстала бастады.

Совет тақырыбына беттеуге жолы кесілген Мағжан өзінің сол уақыттағы тұйыққа тірелген жайын 1929 жылы абақтыда тергеушіге берген жауабында былай сипаттайды:

«...К моему несчастью, я жестоко был отвергнут тогдашними погододелателями в казахской литературе, в последствии оказавшимися настоящими подлецами... Меня буквально парализовала поднятая этой кучкой в печати компания...»

Әйтседе Мағжан зауал шағым туды деп жүнжіген жоқ. Ізденді, күресті. Түбінде әділет жеңетініне сенді. Солай болады да. Алыстағы Карелия лагерінен Мағжан әйелі Зылиха арқылы Максим Горькийге хат жолдайды. Сөйтіп ұлы гуманист жазушының және оның әйелі Е. Пешкованың көмегімен Мағжан 1936 жылы қамаудан мерзімінен бұрын босанып шығады.

Абақтыдан босанып елге келген соң Мағжан Қызылжар қаласындағы Пушкин атындағы № 5 орыс орталау мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Мағжанның сабағы жөнінде сол мектепте аз уақыт Мағжаннан дәріс алған сол кездегі Мағжанның оқушысы, соңынан көп жылдар өзі де мұғалім болған қазіргі кезде зейнеткер Татьяна Павловна Нетесова былай дейді:

«...Когда Магжан Бекенович в первый раз вошел в наш класс на урок, мы невольно засомневались, сможет ли он вести на соответствующем уровне уроки русского языка и литературы? Но уже после первого занятия все сомнения рассеялись, а после нескольких уроков мы просто полюбили нового учителя...» («Ленинское знамя» 29 июня 1990 г. Т. Нетесов «Учитель! Именем твоим»).

Бұнымен бірге Мағжан педтехникумда да сабақ береді. Ақын шын көңілден «Социалистік еңбек еліне» қызмет ет-

пекке барын салады. Осы ниетімен не күн туса да айнымаймын деп «Қаламына», «Жамбылға» деген өлеңдер жазады. Бірақ НКВД маза бермеген соң, Мағжан Алматыдағы Қазақстан жазушылар одағын басқарып отырған Сәбит Мұқановқа жағдайын айтып хат жазған. Ұлы ақынның ақырғы тілегі болғандай бұл хат мынадай:

«Құрметті жолдасым Сәбит!

Сіз менің Петропавловскідегі орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүргенімнен хабардар боларсыз. Январдың басында мені қызметімнен босату туралы мәселе қозғалғанымен де, біраз уақытқа басылып қалған еді. Бірақ январьдың соңында бұл жай тағы әңгіме болды да, мені жұмыстан шығарып жіберді. Не себепті босатылғанымды сұрасам, қалалық оқу ісінің меңгерушісі, жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты. Міне 20 шақты күн болды жұмыссыз отырмын... Ол жақтан мен өте қиын халде оралдым. Әсіресе, жұмыссыздығым жаныма жаман батады.

Мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өзімнің қалам күшіммен көрсетсем деген жалғыз тілекпен оралдым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлап отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып, Сізді де бірдемеге міндеттегім келмейді. Сізге осылай жазуға қазіргі халім мәжбүр етіп отыр. Кешіріңіз. Бұл хатты қыдырып келген туыстарым жақтан, Степняктан жазып отырмын.

Құрметпен Мағжан. 20 февраль. 1937 жыл».

Қасіретті хат екенін, уақыт ызғарын сездіретін хат екенін өздеріңіз де байқап отырсыздар. Бұл хатқа Сәбен Мағжанға Алматыға келіңіз деп жауап қайтарған.

Сөйтіп, 1937 жылдың март айында Алматыға келген Мағжанды Сәбит Мұқанов өзі жападан жалғыз қарсы алады. Ол жөнінде. «Қазақ әйелдері» журналындағы естелігінде Мағжанның зайыбы Зылиха жазды. Сол күні Мағжан мен Зылиха Сәкен Сейфуллиннің үйінде қонақ болады. Сәкен сол жылы 24 сентябрь күні тұтқындалды, ал «Сәбит өзінің қателерін мойнына әлі толық алып болған жоқ» деп тапқаннан кейін 3 қазанда Қазақстан жазушылар одағы төрағасынан босатылып, көп кешікпей партиядан шығарылды. Сонда Сәкен мен Сәбитке ашық қойылған айып—Мағжан Жұмабаевты қанаттарының астына алып, байшыл—ұлт-

шылдармен ауыз жаласуларын қоймай келеді»—деген жалалар болатын.

Ал Мағжан Алматыға келгенмен ешқандай жұмысқа орналаса алмай көп қиыншылық көреді. Бұрынғы таныс жолдастарының көбі одан ат-тонын ала қашады. Өйткені бұл әйгілі 1937 жыл еді. Ақыры сол 1937 жылдың 28-ші декабрінде Мағжан ежовшылардың қанды шеңгеліне түсті. Бұл жолы арашалайтын кісі табылмады. НКВД-ның 1938 жылғы 11 февральдегі № 377 іс хаттамасында жалғыз ауыз сөз жазылған: «Мағжан Жұмабаев қылмысты істер кодексінің 58 статьясының 7, 8, 10, 11-баптары бойынша қылмысты деп табылып ату жазасына кесілсін».

Мағжанды Жапон шпионы деп айыптаған. Бірақ Сталиннің темір наркомының жендеттері ақынның «Жапон жансыры» екенін «мойындатқан».

Мағжанды соңғы рет 1938 жылғы 20 февральде тергеген, тергеу хаттамасына қол қойғызып алған. Ал, ату туралы үкім 11 февральда, яғни сотқа дейін, ақ қарасын айырады-ау деген тергеу ісінен аттай 9 күн бұрын шығарылып, әзірленіп қойылған. Яғни, тергеу аяқталмай тұрып үкім шыққан. Екіншіден, Мағжан Жұмабаевтың ісі я сотта, я болмаса үштік мәжілісінде қаралмапты. Іс құжатының соңына тілдей қағаз тіркелген—бұл атылу туралы акт:

«Мағжан Жұмабаев Бекенұлы, № 377 хаттаманың қаулысы бойынша үкім жүзеге асты. 1938 жылғы 19 мартта атылды»,—делінген. Кіші лейтенант Гайковичтің қолы.

Сөйтіп Мағжан Жұмабаевтың өмірі 45 жасқа жетпей қиылған. Ал оның шығармашылық (творчестволық) өмірі өлмек емес. Мағжан творчествосы қазір өз халқына қайта оралды.

МАҒЖАННЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

Мағжанның ақындығын сөз еткенде, алдымен Жүсіпбек Аймауытовтың 1923 жылы айтқан мына пікірлерін есте ұстаған жөн:

«Мағжан—сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті. Мағжан—алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік оуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жү-

ректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер ете алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз. Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма —бәрінде де ақынның ойлағаны, сезгені, жүрегінің қайғыруы, жанының күйзелуі, көңілінің кірбеңі көрініп тұрады. Қай өлеңін оқысаң да, не ақынмен, не өз жүрегіңмен, не ел жүрегімен сырласқандай боласың. Ақынның өзі көрінбейтін өлеңдерін оқысаңыз да, еріксіз бір сезім туғызады. Әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде аятызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді!

Шет батса кім іздемес туған елін?

Тұлпар да көздемей ме туған жерін.

Арқаның ардагері қалың алаш!

Тұран да біле білсең, сенің жерің, —

деген тәрізді сөздер еріксіз бір сезімді тудырады. Ауыз толатын айбынды асқақ сөз Мағжаннан шығады. Оның сөздері жүректі қызықтап, жыбырлатып қана қоймайды, түбімен суырып мейіріңді қандырады. Еркін балуан қан майдан да жарық еткізіп шалып соққанда, «Па, сабаз-ай!» деп отырған жұрттың айызы қанбай ма? Кейде Мағжан желдетіп, бір сөзінен бір сөзін асырып, түйдек-түйдегімен тастап кеткенде, сен де «Па, сабаз-ай!» дегің келеді.

Суретті, кестелі, көркем сөз Мағжаннан табылады. Мағжанды ақындық жағынан сөзсіз суретші деп айтуға болады. Суретшілік жағынан Мағжанды Пушкинге теңеуге ауыз барады. Міне ашуланған батырдың суреті:

Түкті қабақ жауып түскен көзіне

Ұшқын шашып, от ойнап тұр көзінде.

Қырлы мұрын, қырмызы ерін, қап-қара

Тікенектей түк шығып тұр жүзіне.

Міне Көкшетаудың суреті:

Көкшені күндіз, түнде мұнар басқап,

Қап-қара бұлттарменен құшақтасқан.

Алдында бұйра жалды Бөлек тау тұр

Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан.

Мөп-мөлдір дөп-дөңгелек көл ортада,

Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шашқан.

Мұндай айқын сурет қазақ ақындарында болып көрген жоқ... Мұндай суреттер толып жатыр... Басқа жұрт өз өнер-

пиздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілік жөнінен Мағжанымен мақтануында сөз жоқ». Жүсіпбектің бұл сөзі асқан көрегендікпен айтылғанын қазіргі кез келісімен білеміз. Біз қазір Мағжанмен бүкіл дүние жүзіне мақтана аламыз!

Одан әрі Ж. Аймауытов:

«Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет тұрғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты.

...Мағжан нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны».

Мағжан сөзінде кездесетін әдемі әуез, сыршыл ырғақ, кейде жүректі тебіrentіп, толқытатын, кейде мұңға батыратын, алыс арманға құлаш ұрғызатын, кейде мына әлемнен басқа әлемді ұғындыратын, тылсым дүниенің қаттылығы мен тәттілігіне тәнті ететін сыбызғы поэзия Мағжаннан бұрынғы ақындарда некен-саяқ. М. Горький: «Әдеби тіл—халықтың тілі, бірақ оның шеберлер арқылы сұрыпталған түрі»,—деп еді. Мағжан өзінің бай ана тіліндегі сөздік қорды сұрыптап поэзияның керегіне жаратқан шеберлердің бірі болды. Ғасырлар бойы дамып жетілген әдеби тілді ол жетік меңгерді.

Оның 1912 жылы жазған «Жазғытұры» атты өлеңінен үзінділер алып оқып көрейік:

Су ақты, жетті апрель қырдан ойға,
Секіріп арық-тұрақ кетті тойға.
Жас бала: «Жазғытұры туды»—десіп,
Қуанып жан-жануар алшаң басып,
Қалмады қайғы-уайым ешбір ойда.
Нұрлы күн алтын нұрын шашты аямай
Шықсын деп қысқы ызғар өткен бойға.
Су, ақса, тау жаңғырар сылдыр қағып,
Дәл сұлу бұраңдаған шолпы тағып.
Түрлі үнмен жаңа келген жылдың құсы
Тұрғандай қобыз ойнап, әнге салып...
Май келді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
Жібектей көкорайлар жатқан жайнап.
Сұлудай бұраңдайды бұтақтар да

Ән салса әр түрлі құс тұрған сайрап,—деп шалқытады.
Осындай жолдарды оқығанда қалай «Па, сабаз-ай!»—де-

мейсің?! Немесе «Жазғы таң» деген өлеңінен үзінді оқиық:

Жып-жылы түн маужырап,
Көтерілген жерден бу.
Саф күмістей жарқырап,
Тыныш жатыр тұнық су.

Көкке тиген биік тау
Құшақтасқан тұманмен,—
Қосылысып есен-сау
Бал алысқан құмармен...

«Махаббат не?» атты шағын өлеңінен бір шумағын алып көрейік:

Махаббат —бір тәтті у,
Ішер жүрек, болар мас.
Дүниедегі у мен шу
Мас жүректі оятпас.

Атақты «Шолпы» өлеңінен үзінді алайық:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,
Қанымды қайнатты құрғыр,
Шық-шық жүрекке тиеді,
Күлпәрә талқан боп сыңғыр.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,
Өзекті өртеді құрғыр.
Әдейі іргеден жүреді,
Сұлу қыз санадан солғыр.

Шолпының сыңғыры, ойнатқан күйі сан ақын жырлаған
бұлбұл әуезінен несі кем?

Мағжан махаббат лирикасын сезім тасқынына құрған.

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да,
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

«Ақынның бұл секілді өлеңдері ел жадында нағыз күдіретті өлең ешқашан ұмтылмайтынын дәлелдеп, халық мұрасына айналып кеткен болатын. Осылайша ақын өлеңдерінің жұртшылық арасына ауызша тарап келгені әлсө әдебиеті тәжірибесінде сирек кездесетін құбылыс»,—дейді белгілі әдебиетші—ғалым Рахманқұл Бердібаев.

Мағжан өлеңдеріндегі сөзбен өрілген сырлы суреттер оқушының көңіл көкжиегін от боп, сәуле боп серпілтіп, жарқыратып аша түседі. Ақын өзінің таным-талғамы бедерлі сөз,

көрмек оймен, тіл өнерінің мейлінше айқын бояуларымен
жеткізіп, сезім пернелерін дөп басады, шын мәнісіндегі өлең
күдіретін еріксіз мойындатады.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,

Хош иісті түрлі-түсті гүл сұлу.

Әдемі аспан—төбедегі көк шатыр,

Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқ-сылқ күліп сылдыр қаққан су сұлу,

Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу

Бейне айнадай жарқыраған айдыннан

Күн шығарда көтерілген бу сұлу.

Осы өлеңде ақынның айналасына ессіз ғашық, саф алтын-
дай таза да пәк жан сұлулығы мен көркем ойда кестеленген
табиғат сұлулығы іштей тоғысып жатқан жоқ па?! Сондық-
тан да болса керек, ақын жүрегіне шабыт нұрын құйып, нә-
зік те сырлы дүниеге іңкәр еткен жар сұлулығына:

Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,

Бәрінен де маған, сәуле, сен сұлу—деген соңғы жолдардың
шынайылығына тәнті боласыз.

Хор сипатты қарындас,

Оттан сұлу, ыстық жас.

Жалт-жұлт жалынымен, ойнаған оттай әсер ететін көрікті
бойжеткен көзге елестеп, көңіл төрінен орын тебетін жолдар
емес пе?

Ақын қазақ жерін, табиғатын, өзенін, көлін суреттеуге
өте шебер. «Еділде» атты өлеңінің бірінші шумағына зер са-
лайықшы:

Бүктетіліп жатқан бел

Сүтке тойған марқадай

Бұйра қою қарағай—

Белге біткен шалқалай.

Су жеп қойған жұмыр тас—

Түйір-түйір малтадай

Арнада өзен қылықты—

Қылмандаған қалқадай.

Тайызға біткен құба тал—

Мойындағы алқадай.

Жер еркесі жер мынау,

Шер қалар ма тарқамай.

Мұндағы ақынның қолданған эпитеттері мен салыстыру-
лары сондай, егер «осы өлеңді қай халықтың, қай ұлттың

ақыны жазған?»—деген сауал қойсақ, көзі қарақты, көңілі сергек оқырманның кез келгені—қазақ ақынының сөзі—деуі хак.

Теңеулердің небір ұшқырларын Мағжанның «Батыр Баян» дастанынан ұшыратамыз:

Найзасын нажағайдай ойнататын

Жас барыс Бәсентіін Сарымалай.

Екі жол бойында ердің портреті! Нажағай—бетін қайтаруға келмейтін қаһар. Сарымалайдың найзасы да нажағаймен бірдей екен. Ендеше кесек мінезді кеуделі батыр Сарымалай жау үшін албасты алапат күш! Оқырман зердесінде өшпестей бейне қалады. Әрі мақтаныш сезімін тудырады. Екінші бір батыр да осал емес:

Майданда от шашқандай оқ шашатын

Сырттаны Бәсентіін ер Сырымбет.

Ірі қайрат ажары деген осы гой! Қарсыласқандарын қарша бораған немесе топан-тасқындай қаптаған жебенің астында қалдыратын батыр қайтіп осал болсын? Ұтымды теңеулер, тапқыр орамдар.

Мағжан жеке өлеңдер шығарумен ғана шектелмей, бір тақырыпқа бірнеше өлеңдер шығарып, өлеңдер топтама-сын, яғни цикл өлеңдер жазған, және бір цикл емес, бірнеше цикл.

«Алатауда» атты циклдың (1924 ж) бірінші қымбаттылығы—қазақ поэзиясындағы халықтар достығына арналған алғашқы цикл екендігі. Циклдың екінші құндылығы—қырғыз табиғатына тән, қырғыз болмысына тән, бауырлас халықтың жан-жүрегіне тән басып, сипаттарды дөп басып; табуы, тап басып тануы:

Ай шырайлы аяшың

Күн болып, күйіп солмасын.

Бозаға толып шанашың,

Күң болып, күйіп аяшың,

Семетей мен Манасың

Қысыр бір қисса болмасын.

Ай шөректей аяшың

Күң болып, күйіп солмасын.

Өлеңнің лексикалық құрылымының өзі-ақ қырғыз болмысын көңіліне ұялатқандай. Аяш, шанаш, Семетей мен Манас, Айшөрек—бәрі де қандастарымыздың халықтық өшпес бел-

ісіндей. Туыстық, тілектестік қандай риясыз, шын жүрекпен айтылған.

«Ескі Түркістан» циклы (1924 ж) діндар шаһардың ежелгі үйреншікті өмірін әр қырынан өрнектейді. Осы циклдегі «Әйел» деген өленде:

Пәренжі үсте—бітеу қап,
Бетінде перде—шімбеті.
Шімбетінің астында
Гүл шырайлы шын беті.
Желпіне алмай, жамылып,
Бырып тұрған тер беті.
Шаңырақ сырға құлақта,

Мәлт-мәлт еткен меруерті... деген жолдар бар.

Осындағы басқа тенеулерді айтпай-ақ «Шаңырақ сырға құлақта»—дегенді ғана алайықшы. Құлаққа тағылар дүние іктің ең үлкенін бұдан артық суреттеуге бола ма?! Бұл әсірелеудің асқан түрі емес пе?!

М. Әуезов 1929 жылы сыршыл ақынды Біріккен саяси Бас басқарма (ОГПУ) тергеушілері ұстап абақытыға жауып басын істі етіп жатқанда былай жазыпты:

«Мағжан мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімімен күншілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген Қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып күндегі өмірінің теренін терген ақын болмайды, заманнан басы озып, ілгерілеп кеткен ақын болады... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз—Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін».

Мұхтар Әуезовтың сол кездегі асқан көрегендікпен айтқан болжамының өміршеңдігі бүгіндері дәлелденіп отырған жоқ па?!

МАҒЖАН—ПЕДАГОГ

Халқымыздың ұлы ақыны, біздің даңқты жерлесіміз Мағжан Жұмабаев өмір жолынан байқағандарыңыздай өз заманының ең білімдар адамдарының бірі болған. Осы білімін де ақындық талантын да ол туған халқына қызмет ету-

ге жұмсаған. Ол өз халқының сол кездегі тұрмысы мен мәдениетінің орыстармен, басқа да еуропалық елдермен салыстырғанда көп артта қалғанын көрді. Көріп қана қойған жоқ, қазақ халқын басқа жұрттан қалмай ілгері басуға шақырды. Ал, сол ілгері басудың дұрыс жолы оқу, білім деп білді. Сондықтан да ол ақындық сапарының алғашқы қадамдарынан-ақ ағартушылық дүниетанымының аясында толғанды.

Мағжанның 1913 жылы Қазан қаласында шыққан бірінші өлеңдер жинағы «Шолпанда» ақынның сол кездегі ағартушылық сарындағы өлеңдері басылды. («Жазғы таң», «Сорлы қазақ», «Өнер—білім қайтсе табылар», «Ләззат қайда?», «Қазағым» т. б).

Мысалы «Ләззат қайда?» деген өлеңде ақын жас жанына тыншу берер әуестіктің бәрін тізіп келіп, ойын-сауық, жүйрік ат, алғыр тазы, сұлу қызбен қызойнақтың ешбірінен де тиянақ таппай, тек кітап сөзінен ғана ләззаттанғанын айтады. Өлең былайша аяқталады:

Айтар сөзім мінекей,
Аласұрған көңілге:
Оқу оқы, өнер ку
Басқалардан түңіл де!
Жұрттың қамын көп ойла,
Уайым-қайғы жеп ойла!
Артта қалған сорлы жұрт
Алға бассын деп ойла.

XX ғасырдың басында Мағжан ауылына ең жақын Қызылжар мен Омбыға темір жол келуімен бірге Еуропа ғылымының жаңалықтары да ел тірлігіне ене бастап еді. Техниканы еркін меңгеріп, өнер білімнің пайдасын көрген озық елдермен салыстыра келіп, өз елінің тым аянышты халін көрген ақын жаны ширыға түседі. Бұл ширығу Мағжанның әсіресе «Жатыр» атты өлеңінде шегіне жеткен!

Басқа жұрт аспан—көкке асып жатыр,
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.
Бірі ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп,
Жалтылдап көктем нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер-білім алып жатыр,
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.
От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,
Тәңірінің рахыметіне жарып жатыр,—деп Ыбырай Алтын-

сариннің «Өнер—білім бар жұрттар» өлеңімен сарындас бас-
таған жырында қыр қазағының бар тегіс, надан қылығын
түйрей сынап, еліне жәрдемге дәрменсіз, тек төре болып
шен алғанына мәз қазақтың оқыған азаматтарын да түйреп
өтеді:

Біреулер оқып төре болып жатыр,
Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр.
Ұмытып өзін-өзі бұл сабаздар
Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр.

Өлеңнің аяғында сөз семсерін ақын тағы да сол дәрменсіз,
халқына жаны ашымайтын оқыған азаматтарға сілтейді.

Сезінбей өзгенікін, өзінікін
Аты ешбір оқығандар нетіп жатыр?

Осыған ұқсас келесі өлеңін ақын «Сорлы қазақ» деп
атапты.

Мұнда ол қазақтың қараңғылығы мен надандығын айта
келіп, оны оқуға, білімге шақырады:

Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді,
Қылыш алып «надандық» саған кезенді.
Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден қу,
Ертелі кеш басына мініп езгенді.

Кітап әпер, оқысын балаң қолына
Малды аяма оқу-білім жолына
Өнер алып басқалармен қатар бол,
Қосыл бірдей адамзаттың тобына!

«Өнер-білім қайтсе табылар» атты өлеңінде Мағжан жас-
тарды оқуға жұмылдыру мақсатымен өнер-білімге барар
жол сілтейді, ақылын айтады. «Жақын, туған бауыр»—деп
ауылға айналмай, жастарға қалаға барып, оқып, білім ал-
ғанын қуаттайды. Ойын-сауық, өсекшілік пен менмендіктің
өрге бастырмасын ұғындыра келіп жалықпай талпынып із-
деген адамға «өнер-білім жер астында болса да табыла-
ды»,—деп ағалық ақылын айтады. «Қазағым» деген өлеңін-
де Мағжан:

Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,
Ойламау келешекте түпке жетер
Надандық қоршап алған тұс-тұс жақтан,
Жан қорқып, дене тітіркеп есің кетер,—дей келіп, одан
әрі:

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,
Отырайық жиылып, оңдалайық.

Мың жылғы өткен қумай ата заңды,

Өнерден кеш қалмайық, ойланайық,—деп жалпы қазақ-
қа үндеу тастайды.

Тіпті жылдың бір мезгілінде арналған «Күз» деген өлеңі-
нің өзінде де Мағжан күздің көріністерін суреттеумен қатар
тағы да туған халқының қараңғылығы мен نادандығын,
оқуға ынтасыздығын айтып реніш білдіреді:

Баласын оқытумен жоқ жұмысы

Ел бұзу, малын шашу—барлық ісі.

Ойлаған бір күн бұрын таңдағы істі

Япырым-ау, айтындаршы, бар ма кісі?—деп мазаланады.
«Осы күнгі күй» деген өлеңінде ақын өнер-білімнен кенже
қалған елдің күйін:

Ортаға қамап алып қырып жатыр

Қара жүрек надандық қолмен сансыз,—деп шебер бей-
нелей келіп:

Қазағым, арыстаным, қайратты ерім,

Тұрдың ба қару қылмай құр амалсыз.

Білімсіз ит надандық жеңгені ме?

Буының қалтырайды болып әлсіз—деп бүкіл қазақтардың
намысына тигізе, батыра сынайды.

Мағжан Жұмабаевтың шығармасын, әсіресе, ағартушы-
лық шығармасын әңгімелегенде оның балалар әдебиетін
жасауға ерекше көңіл бөлгенін, өнер-білімді осы жастардан
күткенін айтуымыз керек. М. Жұмабаев балаларға арнап
көп еңбегін сарп еткен, сындарлы, жүйелі жұмыс істеп, көп-
теген кітаптар шығарған. Балаларға арналған өлеңдері өз
алдына бір төбе. «Шолпан» жинағында ақынның «Балалық
шақ», «Қарағым», «Мен сорлы» (Шәкірт зары) атты өлең-
дері жарияланған. Бұлар Ыбырай Алтынсариннің «Кел
балалар оқылық» атты өлеңімен орайлас.

Ауылдағы ойын балаларына арналған «Балалық шақ»
деген тамаша өлеңінде Мағжан оларға осы балалық ша-
ғынан бастап оқу-білімге көңіл бөлуге, бойға тек асылды
ғана сіңіруге кенес береді.

Жастық—алтын,

Құрып қал салтын

Салты оның—үйрену!

Өнер қуып,

Бел бекем буып,

Надандықтан жирену!

Тұрма, қарғам, ұмтыл!

Аты өшкірден құтыл!—

Аты өшкірден құтыл» дегені —надандықтан құтыл деп отыр. Баланың құлағына жағымды «қарағымды» қолдана отырып, ақын өз ойын сәби сапасына ұялатады. Ақынның бұл сияқты өлеңдері қазіргі кезде де өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Осы өлеңге ұқсас «Қарағым» деген өлеңінде Мағжан:

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, күр қаларсың, көңіл бөлме.
Оқымай, ойын құған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме!
Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,

Алам деп көктен жұлдыз қолың серме,—деп жас жеткіншектерді оқуға білімге шақырады.

«Ақ қала» өлеңі ойынға құрылса да елеулі тақырыпты тамаша жеткізген. Қардан төрт бұрыш жасап, терезе қойып мәре-сәре болады. Беттері бүлдіргендей қызарып, күліп, таласып жүріп, аққала салып ойнайды.

Қарды соғып төрт бұрыш,
Төрт бұрышты қып кірпіш,
Үй іргесін қаласты,
«Мен оям!»—деп біреуі,
«Мен қоям!»—деп біреуі
Терезеге таласты,
Терезелер ойылды,
Қардан құрсау қойылды.
Шаттықтың енді шегі жоқ.
Беттері болды бүлдірген,
Сар даланы күлдірген.
Күлкілері меруерт...

«Әже» атты өлеңінде ақын ертегіге елтіген Кенжебай деген баланы суреттейді.. Бұл әже мен немересі арасындағы мерейлі, нәзік, қымбат сезімді мадақтайтын өлең. Әжесі сүрмерген туралы ертеке айта бастағандығы немересінің жайын ақын былай көрсетеді:

Қоя қойды Кенжебай,
Жылаған жаңа нан сұрап,
Тыңдап отыр тентектер,
Алма беті албырап,
Ауыздары аңкиып,
Сілекейі салбырап

Қандай ғажайып көрініс! Әттең осы күні немерелеріне ер тек айтып отыратын мұндай әжелер азайып кетті ғой!

Осыған ұқсас Мағжанның тағы бір өлеңі «Немере мен әжесі» деп аталады. Мұнда немересі әжесінен: «Көк деген не, жұлдыз не, жер не, теңіз, шөл, тау дегендер не деп көптеген сұрақтар қояды. Әжесі бұл сұрақтарға анық жауап бере алмай, мектепке оқуға бар, сонда бәрін білесің деп ақыл береді. Бар әңгіме Мағжанға тән жеңіл де көркем тілмен әзіл жүреді. Осы сияқты «Қойшы бала мен күшік» деген өлеңінде де акын мектептен қандай білім алуға болатынын насихаттайды.

Қазақтың мал десе ішкен асын жерге қоятыны ежелден белгілі. Мал бағу оның қанына сіңген кәсібі. Міне, осы ата кәсібіне баулуға арналған Мағжанның «Бөбектің тілегі» атты өлеңінің орны бөлек.

Тоқтышағым, тоғыз тап,
Саулық қойым, сегіз тап,
Сегізін де семіз тап.

Құла бием, құлын тап,
Құлын таппа, құнан тап,

Құнан тапсаң, егіз тап,—деп кете береді.

Әр төл үшін көркем де мерейлі сөз табады. Өлеңнің әр жолы өзінен өзі жатталып, дауыстап айтуға қызықтырады. Тоқырау жылдары еліміздегі жастардың көбі малды бағаламауға айналғаны көрініп қалды. Нәтижесінде тіпті ауылды жердің өзінде мал басы азайып кетті. Рас соңғы 3-4 жылда малдың бағасы қайта көтеріліп келеді. Жас бөбектерді малды бағалап, оны күтуге баулуға Мағжанның осындай өлеңдерінің ролі зор. Бұл өлеңдерді барлық мектептерде төменгі класс балаларына, тіпті балабақшалардағы бөбектерге оқып жаттатсақ нұр үстіне нұр болмақ.

Балаларға арналған ақынның мына бір жолдарын да айта кетпеске болмайды.

Сал-сал Білек, сал Білек,
Балдан тәтті бал Білек,
Мектепке бар бір мезгіл.

Әжеңнің тілін ал, Білек.

Сал-сал Білек, сал Білек,
Сабағына бар, Білек
Қыдыра берме қалтиып,
Етегіңмен қар күреп.

Сал-сал Білек, сал Білек,
Сұлу тандай тал Білек,
Оқып-оқып бір асқан
Ғалым болып қал, Білек.

Жас бөбекті оқуға үгіттеген осы шағын өлеңнің тілге жетіп, оқуға, жаттауға ыңғайлы, әрі сондай көркем жазылған шығына танданбасқа болмайды!

Мағжан шығармаларындағы ағартушылық бағыт оқу-білімге үндеумен ғана шектеліп қалмайды. Мысалы, «Әдемі қыз» өлеңінде ауыл бойжеткеніне моральдық тазалықты сиктай білу қажеттігін ұғындырса, «Жас келін» атты өлеңінде ұлттық ізгі дәстүрлердің бәрі сақталып, әдеп пен инабаттылық аякасты болмауына шақырады.

Бұл текті жырларының қайсысынан болсын Мағжанның биік парасаты, кемеңгер ойы мен шалқар білімінің лебі еседі.

Өзінің «От» атты өлеңінде ол:

Жарқырап от боп туғаннан,
Белімді бекем буғаннан,
Қараңғылық — дұшпаным.
Сол жауызды жоюға,
Соқыр көзін оюға

Талай заулап ұшқанмын—деп өзінің қараңғылыққа, нандыққа қарсы күрескер позициясын білдіреді.

Мағжан Жұмабаев ағарту ісіне үндеуші ретінде ғана қатыспай, педагогикалық қызметті қайраткерлік тірегінің негізгі саласы етіп қалап алған.

1917 жылы Омбының мұғалімдік семинариясын бітірген Мағжан 1918-1919 жылдары осы қалада қазақ жастары үшін қазақ тілінде ашылған мұғалімдер курсына алғаш мұғалімдік сапарын бастап, тарих және әдебиет пәндерінен сабақ береді; әрі сол курсты басқарады. Осы курста Мағжаннан сабақ алған шәкірттердің бірі—өзіміздің жерлесіміз академик Сәбит Мұқанов. Ондағы оқығаны туралы Сәбең «Өмір мектебінің» екінші кітабында жазған болатын.

1920 жылы Мағжан Омбыдан Қызылжарға көшіп келген мұғалімдер курсын басқарады. Әрі осы курста педагогикадан және қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Сонымен қатар сол кезде Қызылжарда жұмыс істеген «Қазақ-татар клубында» жастарға өз өлеңдерін оқиды. Губерниялық «Бостандық туы» газетінің редакторы болып істеп жүріп өмірге белсене араласады. Әсіресе оқу-ағарту ісіне ден қояды. 1921 жылғы «Бостандық туы» газетінің 5-санында Мағжан «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» атты мақаласын жариялады. Онда мынадай ғажайып сөздер бар:

«Әр ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебін де салмақ... Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алма сак, келешегіміз күңгірт».

1921-1926 жылдары Мағжан Республика көлемінде мектептердің жұмысын жолға қоюға ат салысады. 1922 жылы Орынборда оның «Педагогика» атты кітабы шығады. Сол жылдары «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы», «Бала тәрбиелеу жолдары», «Сауатты бол» сияқты оқулықтары мен методикалық құралдары шығады.

1922 жылы Ташкентке келіп онда қазақ, қырғыз студенттеріне сабақ бергенін, әрі қазақ-қырғыз білім комиссиясының мүшесі ретінде қыруар іс бітіргенін, одан кейін 1923-27 жылдары Москвада әдеби-көркем институтында оқи жүріп, сондағы Құншығыс еңбекшілерінің университетінде сабақ бергенін жоғарыда айттық.

1927 жылы Москвадан Қызылжарға қайтып келген Мағжан әуелі Бурабайдағы орман шаруашылығы техникумында орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Келесі жылы Қызылжардағы педагогикалық техникум мен кеңес-партия мектебінде сабақ береді.

1936 жылы Карелия лагерінен айдаудан келген Мағжан алдымен жазды күнгі облыстық мұғалімдер курсында орыс әдебиетінен сабақ береді. Содан кейін Қызылжардағы № 5-ші Пушкин атындағы орталау мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Ол туралы жоғарыда айттық. Бұл оның ең соңғы педагогтік қызметі еді.

Сөйтіп, қазақ әдебиетінің классигі, ұлы ақын, ардақты азамат, білімді педагог Мағжан Жұмабаев өзінің қысқа да қысталаң өмірін туған халқының қараңғылықтан, نادандықтан арылып, алдыңғы қатарлы елдер санатына қосылуы жолындағы күреске бағыштады. Ол өзінің өлеңдерінде оқу-білімді, өнерді насихаттады. Өзі де әрдайым ізденіп, оқып сол кездегі ең білімді адамдардың қатарында болды. Және өз білімімен кейінгі толқын жастармен бөлісті. Ол ақындығымен қатар ағарту, педагогика саласында қызмет жасады, ғылыми еңбектер жазды. Оның бұл еңбектері осы күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Олар қазіргі ұстаздар мен

ағарту саласында істеп жүрген барлық қызметкерлерге өз пайдасын тигізуде. Оның шығармалары жас ұрпақты тәрбиелеу жолында қазақ қауымына әлі талай еңбек етері сөзсіз.

Өкінішке орай, ұлы ақынның шығармалары біздің қолымызға әлі түгел тиген жоқ. Әзірше қолда бары 1989 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан ақын шығармаларының бір томдығы мен 1992 ж. «Ғылым» баспасынан шыққан «Таңдамалысы» ғана.

Ақынның «Педагогика» атты кітабы алдында «Жұлдыз», Балабақша және үйелмен» журналдарында жарияланып өді. Енді ол осы «Таңдамалыға» кіріпті, биыл «Ана тілі» баспасынан М. Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығы жеке кітап болып шықпақшы. Және бұл кітап жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарында халық педагогикасының негізінде өтілетін болады. Бұл да бір жақсылық шығарыны. Мағжан туралы оның өмір жолы мен шығармашылығы туралы әр қилы мақалалар мен зерттеулер қазақ газет журналдарында 1989 жылдан бері басылып келеді. Бірақ Мағжан туралы әлі де білмейтініміз көп. Енді алдымызда өткізілгелі отырған оның 100—жылдық мерейтойына қарсы біраз деректер шығуы мүмкін. Сондықтан облыс педагогтары мен ағарту саласының қызметкерлері ізденіп, ұлы ақын туралы әрбір жаңа деректі мұқият оқып танысулары керек.

Қ. А. ОМАРОВ—Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық бөлімінің төрағасы.

МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АРҚАУЫ— ҰЛТ ТАҒДЫРЫ, ХАЛҚЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Ғабенің сөзімен айтқанда Мағжанды ұлы ақын, ірі тұлға деп мақтай бермей, Мағжанмен мақтануымыз керек. Мақтану үшін ақиық ақынның ойы озық, сөзі сырлы шығармаларының, әсіресе тамаша сұлу поэзиясының терең мағнасына түсіне білген абзал. Оны оқушы қауымға, жастарға жеткізе білу біздің борышымыз емес пе? Өйткені өз тағдыры трагедиялы Мағжанның шығармалары да туған елінде 60 жылдай тас қамауда, темір қоршауда болып халқына жетпей келді. Аға буын қарттар болмаса, қалың қазақ ұлт мақтанышы, заңғар ақын Мағжанның кім екенін де жақсы білмейді. «Халық жауы», деген қара күйден тазарып 60

жылдары ақталса да тағы 30 жылдай шығармалары кісендеулі болып, жарыққа шыға алмады. 1989 және 1992 жылдары басылған таңдамалы шығармалары да өте аз тиражды болғандықтан ел ішіне, оқушы қауымға кең тарап, қанағаттандыра алатын емес. Осы жайларды ескеріп, Мағжанның 100 жылдық мерекесі қарсаңында қазақ орыс тілді басылымдарда акынның еңбектері, оның мазмұны, мәні туралы жазылған зерттеулер, озық ойлар жиі басылғаны ләзім болар еді. Өкіншіке орай, бұл мәселе де мақтанарлықтай емес.

Осы орайда бүгінгі ғылыми-практикалық мәслихатымыздың маңызын жоғары бағалар едім. Әрине мен тақырыбымды меңгеріп, тыңдаушылардың көңілінен шыға алған күнде де бұл ғылыми, зерттеу бағытындағы еңбек емес, акын шығармаларын құмарта оқыған адамның ой-пікірі ғана.

Мағжан сегіз қырлы, бір сырлы дегендей әдебиеттің әр саласында өшпес із қалдырған заңғар жазушы. Өкініштісі сол, 1927 жылдан өмірінің ақырына дейінгі —11 жылдағы еңбектері құмға сіңген судай жоғалып, таптырмай жүр. Ал қолда бар мұраларының өзі ғылыми-зерттеу, талдау-көрмеген тың қалпында. Дегенмен Мағжан творчествосы туралы монографиялық еңбектер, диссертациялар, көлемді мақалалар Қазақстанда жарық көрмесе де оның асыл мұралары «Алаш» көсемдерінен ғана емес, орыс қазақ ғұлама акын-жазушылардың өзіне де әдебиеті классиктерінен жоғары баға алған, бас идірген қазына. Сондықтан да мен Мағжан творчествосына баға берем деп әруленбей, акын мұрасын зерде қойып оқуға тырысқан көп оқырмандарының бірі ретінде шығармалардан алған әсерімді, түйген ойымды ортаға салу.

Бірінші айтарым, Мағжан алаш ақыны. Мен бұл арада «Алаш» пратиясын, оның көсемдерінің бірі Мағжанның саяси бағытын айтып отырғам жоқ, алашты ұлт мағнасында түсінгенім. «Алаш—алаш болғанда, Алаша қан болғанда» деген Мұрат Меңкеұлының сөзі—қазақтың ұлт болып тәуелсіз ел болған, «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған»—молшылық дәурен орнаған деген мағна береді. Осы пікірді М. Жұмабаевтың 1992-жылы шыққан жинағында төмендегідей тұжырым айқындай түседі. «Мағжанның көптеген шығармаларында «алаш» деген сөз кездеседі. Оның бәрінде де «алаш» сөзі «қазақ» деген сөздің синонимі ретінде қолданылған». (266-бет). Осы айтылған пікіріміздің дәлелін Мағжан өлеңдерінің өзінен табамыз. Мысалы,

Не көрсемде Алаш үшін көргенім,
Маған атақ-ұлтым үшін өлгенім.
Мен өлсем де, алаш өлмес көркейер
Істей берсін қолдарынан келгенін. «Сағыныш».

Осы жолдардың өзінен-ақ ақының халқына деген шынайы махаббатын, ұлт тағдыры үшін басын бәйгеге тігіп, өлімге де барар шешімін, патриоттық ыстық сезімін көріп отырмыз. Енді бір өлеңінде:

«Ойламай отқа түскен неткен жанбыз,
Сөз ұқпас: мылқау, менреу жүрген жалғыз
Көрінбес көзге түртсе қараңғыда
Япырмай-ай қалдық па рас, тіпті таңсыз?!

Тақаулы тамағына өткір пышақ
Тек жатыр тұяқ серппей сонда да аңсыз
Тындамас, сөзге түспес, ырыққа көнбес

Болды ма қайран қазақ, тастай жансыз»—деп ақынның ұран сөзіне түсінбеген халқына жүрегі езіле, қабырғасы сөгіле, жас баладай егіле жырлайды. Сөйтсе де Мағжан сол жайбасар, ұйқысын аша алмай жүрген алашын, халқын сүйетінінен таймайды.

Ұйқы басқан қабағын
Бастыра киген тымағын
Жалқаулықты жар көрген
Жүрген ескі Заман ең
Алдымдағы малым ең
Бірге жусап, бірге өрген
Алаш деген елім бар
Неге екенін білмеймін

Сол елімді сүйемін—дейді «Сүйемін» өлеңінде. Міне сол ыстық шынайы сезімінің беріктігінен болар, Мағжан халқының жалқаулығына күйінсе де, келешегінен түңілмей, «отты халық», «Қайраты мол», «айбынды ел» болашағы зор деп түйіндейді.

Қалың елім, қара ағашым
Қайраты мол, айбынды ер алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың берме сабыр қыл.

Ақымақтар байқамаған шамасын—дейді. Әрине, ақын ғасырлар бойы қытымыр тағдырдың қырғынына да, аждаһардай аузын ашқан аштығына да, жеті ағайынды жұтына да, сүт бетіндегі қаймақтай асылдарымыздан айырған зоба-

лаңға да шыдап, «мың өлім, мың тірілген» қазақ халқы оп-оңай іргелі де ел, тәуелсіз мемлекет бола қояды деп ойла-маса керек. Ол сол аласапыран ауыр жылдарынан, елдің сендей соғылған, толқындай тоғысқан өмірінің сұрапыл сойқанынан жол тауып, алға бастайтын қазақтың көзі ашық, көңілі ояу оқыған интеллигенттері деп есептеді, соларға сенді. Соларды осы игілікті іске басшылыққа шақырды. «Жаралы жан» деген өлеңінде:

«Бұл қазақ, тәңірге зар еткен қазақ,
Қиналып, қанды азап шеккен қазақ
Әйтеуір қанды азаптан құтқарар деп.
Оқыған азаматын күткен қазақ.
Азамат анау қазақ қаным десең
Жұмақтың суын әпер жаным десең
Болмаса ібіліс бол да у алып бер,
Токтатам тұншықтырып зарын десең.

Міне, осы жолдарда ұлағатты ой да, жалынды ұран да, жүрегі тебірене айтқан шындық та бар емес пе? Терезесі тең іргелі ел болуға Тәуелсіз мемлекет болуға ұмтылған, «Қараңғы қапастың», қоршауынан шыға алмай зар шеккен халыққа жаның ашыса қол ұшын бер, жарыққа сүйре, жол көрсет, немесе, қаныпезер болсаң, ібіліс сияқты ұлтыңа у беріп тұншықтыр деп тұр.

Ал өз басын баяғыдан-ақ бәйгеге тігіп, ел қамы, халық мүддесі, оның келешегі үшін қасиетті күреске белін бекем буғанын көп өлеңдерінен оқыға болады.

«Ұлт дегенде көпіріп,
Жарайсың, қаным, қайнадың,
Ұлтымнан мен садаға,
Бекіндім, басты байладым: («Жауынгер жыры»)

Жарқырап от боп туғаннан
Белімді бекем буғаннан

қараңғылық дұшпаным

Сол жауызды жоюға
Соқыр көзін оюға

талай заулап ұшқанмын
(«Күншығыс»)

Халқының бақыт таңы атты ма деген үмітін қалың кара бұлт қайта басып, дағдарысқа душар болғанда елімен бірге болуға, қолынан келген өнерін еліне арнау ойын былай білдіреді:

«Мен қайтармын болмау үшін ел мен ел
Ел бел асса, аспақ үшін бірге бел.
Аз ғана елдің өмірі құрғыр қалтылдақ
Ел шер тартса, тартпақ үшін бірге шер:
Мен еліме басшы емен,
Мен еліме қосшымын
Күлкісін гүлге бөлейтін,
Жыласа бірге жылайтын

Жаны бір жолдас жыраумын. Міне, осы мысалдардан-ақ ақын шығармаларының негізгі арқауы — өз халқын бостандыққа, теңдікке бастап, оларды отаршылық пен әлеуметтік қанаушылықтың азапты жолынан алып шығу екені айқын білініп тұр. Жалынды ақынның ұлтжандылығы, өз халқын шексіз сүйетіндігі, сол үшін шыбын жаңды қиятындығын өлеңмен ғана емес, өмірде де дәлелдеп береді. Мағжанның көп тынысты, өлшеусіз дарын иесі екенін оның эпикалық шығармаларға да бой ұрғанынан білеміз. «Батыр Баян» поэмасы ақынның көркемдік жағынан, уақиғаны шиеленісте ұтымды құрған композициясы жағынан ғана емес, адамның психологиясын терең сезетіндігінің айғағы. Поэмада шынайы махаббат, ашу мен ыза өкініш пен күйініш, сонымен бірге Мағжан шығармаларының арқауы—халқын, елін сүю, Отанын қорғау тақырыбы да орын алған.

Арқамдай жер жүзінде жер болар ма,
Айбынды алашымдай ел болар ма?!
Алашта ерте де өткен екі арыстан
Ер—Көкше, Ер—Қосай ер болар ма?!
Солардың нәсілінен Сары, Баян

Барыстай ойын салған сары далаға» деп, ел қорғаған ерлерді сипаттаса, енді бірде халық дипломатиясының кемелі—сыырдың бүйрегіндей бытыраған үш жүздің басын қосып, қатыгездігімен қазақты зар жылатқан қалмақ—жоңғарларға қарсы халқын күреске шақырған Абылай ханды былай суреттейді:

Алыстан орыс-Қытай ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпауы қалың қалмақ
Артында ор, алдында көр, жан-жағы жау
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?!
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап,
Күндердің бір күніне хан Абылай
Қалмаққа ойына алды ойып салмақ,
Ханнан «аттан» деген сөз шыққан соң
Ордаға батыр, билер келді аңдап.

Ақынның ұлтжандылығы, отанына, еліне, халқына деген ыстық сезімі поэзиясына ғана тән емес, оның барлық шығармаларына да ортақ.

Ендігі бір әңгіме, Мағжан құр жалаң насихаттың, ұлағаттылықтың ақыны. Ол сен қазақ болып тудың, сол үшін қазағыңды сүй—демейді. Ол үшін сен халқыңның сан ғасырлық тарихына үңіл, жеңісі мен жеңілісін, қуанышы мен қайғысын, азабы мен рахатын, қысқасы, «мың өліп, мың тірілген» ұлтымыздың тағдырын түсінуге шақырады. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген сөз бар. Жеті атаны білу деген 250 жылдық еліңнің тарихын біл деген сөз. Бұл жазу—сызуы жоқ, халықтың жаппай сауатсыз кезіндегі талап болатын. Қазір жаппай сауаттымыз, бірақ тарихымызды білеміз бе?

Мағжан тарихтың тереңіне үңіледі.

«Отты күннің сәулесінен от алып,

Отты көзді, отты жанды гүн туған

Ерте күнде отты күннен гүн туған,

Отты гүннен от боп ойнап мен туғам, деп тарихымызды

Сақ, үйсін, қаңлы, гүндер заманынан бастап, түркі тектес тайпалар дәуіріне, түрік қағанаты әкеліп тірейді.

Түркістан ескі дүние есігі ғой—

Түркістан—ер түріктің бесігі ғой—дей келіп,

«көп түрік енші алысып тарасқанда, қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?!

Міне, осылай қазақ тарихын гүндерден бастап алып келіп, олардың айбынды, батыр халық болғанын, ұлан байтақ жерін, елін қуана, мақтанышпен суреттейді. «Адамның шың мағнасында адам болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы азаматты сүюі шарт... Өз елін сүю дегеннен—адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға қасқыр болып тиіссін деген сөз шықпайды... Әр халық бір-біріне жау болсын деп ұғу қате, адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне, басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті» деп жазады. (Мағжан Жұмабаев, таңдамалы, 210 бет).

«Қыранымын Сары сайран даланың

Қос қанатым Алтын, Алтай, Оралым

Еркін дала ардақтысы, еркесі

Бетім қайтпай өскен батыр баламын

Асқан алып, ата затым сұрасаң

Асқан дана, ана затым сұрасаң—дегеннен Асқан алып—
ша. Затының кім екені айтпай-ақ белгілі болып тұр. Ол—
Емнің жылдай тарихы бар көне эпостың бірі—қазақ халқы.

Бұл арада айта кететін бір мәселе—Мағжанның ұлтжан-
шылығын айта отырып, оның ұлтшыл емес интернациона-
лстік сезімінің де мықты болғанын және оның өз халқы-
ның болашағына байланыстыра отыратынына мына бір мы-
сал айта кетейін.

Мағжан данышпан ақын. Оның осыдан 70-80 жылдар бұ-
рын армандаған ойлары іске асып Қазақ елі басқалармен
ерекшесі тең, Тәуелсіз Мемлекет болып отыр. Жоғарыда ай-
тылған өлең жолдарын еске түсірейік қазаққа «қара шаңы-
рақ» калған жоқ па? Ол қара шаңырақ бүгін ел таңбамыз
емес, «отты күннің сәулесінен от алып, немесе, «қыранымен
сары сайран даланың» дегендегі күн нұры мен қыраны көк
байрақ—туымызда. Міне, Мағжан арманының іске асқан-
дығының айғағы бұл.

С. Т. СЕҢКІБАЕВ—облыстық мұға-
лімдер білімін жетілдіру инс-
титуты директорының орынбасары.

МАҒЖАН «ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ» ҚҰНДЫЛЫҒЫ МЕН ӨМІРШЕНДІГІ

Әлем әдебиетінің алтын қорына сарқылмас үлес қосқан,
алып Абайдың поэзия саласындағы қатарласы қазақтың
Пушкині Мағжан Жұмабаев тек қана ұлы ақын ғана емес
сонымен қатар қазақтың ұлы педагогтарының бірі. Оған
дәлел оның педагогика саласындағы дәрістері мен еңбекте-
рі, 1922 жылы Петропавлдағы мұғалімдер техникумында дә-
ріс оқып, 1937 жылы орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиеті-
нен сабақ бергені және «Педагогика» деген еңбегі.

Осы «Педагогика» еңбегін М. Жұмабаев: «Шамам келген-
ше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым» деп жазады
1922 жылдың 15 қыркүйегінде Қызылжарда. Мағжан тек
қана қазақ педагогикасымен ғана шектелмей сол кездегі ал-
дыңғы қатарлы әлем, Ресей, ертедегі Рим, Грек ғалымдары-
ның (педагогтарының) еңбектерімен етене таныс болғаны
белгілі. Әсіресе, Мағжан мұғалімге аса қамқор болуға, оны
сиплауға үлкен құрмет көрсетуге шақырады. «Алты алаш-
тың баласы бас қосса, қадірлі орын—мұғалімдікі»—дейді
ұстаз ақын.

Мағжан өзінің осы педагогикасын 14 ірі бөлімнен құрып, оның өзін бірнеше бөлімдерге бөле отырып, ұқыпты түрде талдау жасап түсініктеме береді. Сөз басына М. Жұмабаев «Тәрбиені» қояды. Оның өзіндік сыры да бар ғой шынында да. Баланы, өмірге келген бірінші минутынан бастап оқытпайды. Оны тәрбиелейді, бала өмірі тәрбиеден басталады. Сондықтан да болар, «баланы жастан» деп қазақ тегін айтпаса керек. «Тәрбие деген не?» дейді де оған жауап бере келе, оны 1. дене тәрбиесі, 2. ақыл тәрбиесі, 3. сұлулық тәрбиесі, 4. құлық тәрбиесі деп 4-ке бөледі.

«Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны» дейді. «Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын» деп жазады.

Тағы бір ерекшелік Мағжан дене тәрбиесін 1-ші орынға қойған. Дене тәрбиесінің өзін 19 бөлімге бөліп, осы әр бөлімдерге жеке-жеке тоқтап, түсініктеме беріп педагог ретінде нақтылы дәлелдермен бекітеді.

Адамның дені сау, мықты болып өсуі үшін дене тәрбиесінің алатын орны шын мәнінде ерекше. «Бала аурулы болса, зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден»—дейді педагог ақын. Тіпті сол ауыр заман түгіл бүгінгі өмірдің өзінде қай ата-ана дене тәрбиесіне, тіпті туралап айтсақ тәрбиенің барлық түріне көңіл бөле береді.

Мағжан Жұмабаевтың медицина саласынан да құр алақан емес екендігін көресіз. Баланың салмағы, температурасы, дем алу, тамыр соғу, тамақтануы, тіпті емшектен айыруды, тазалық жағдайын, бесік мәселесін, тістің шығуын тәріпшеп үлкен бір сезіммен сипаттап жазады. «Жер жүзінде балаға тәртіпсіз тамақ беретін әйел скеу болса, біреуі—қазақ әйелі»—деп ренішпен күйіне жазады. Бұл бүгінгі күннің тұрғысынан да дұрыс жазылып отырған жоқ па? Өзінің «Педагогикасында» М. Жұмабаев әлемнің алдыңғы қатарлы педагогикасына, мәдениетіне меңзейді. Содан үлгі алу керек, үйрену керек дейді.

«Сұлулық тәрбиесі» дейді педагог. Осылайша айту тек жаны сұлу, жүрегі сұлу адамға ғана тән. Сұлулықты Мағжанша түсінген күнде ғана біз сұлулықтың не екенін білеміз.

Ікінші бөлімге (орынға) Мағжан жалпы педагогика ғылымын қояды. Педагогиканың қандай пән екенін сипаттай келе, онымен етене таныс болу керектігін пайымдайды. Мағжан педагогиканың өзін тәрбие пәні деп пайымдайды. Оған дәлел, пәннің аты дейді.

Педагогика пәнін М. Жұмабаев 5-ке бөледі:

1. Жалпы педагогика дейді де бұған адамның дене, жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді. 2. Дидактика. 3. Методика. 4. Мектепті басқару. 5. Педагогика тарихы.

Әлемдік педагогиканы меңзей отырып, Мағжан халық педагогикасын есінен бір сәт шығармайды. Оны жалпы педагогиканың ең негізі етіп қояды. Бала тәрбиесінде ұлттық педагогиканың, тәрбиенің алатын орны ерекше екендігін мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Ұлттық тәрбиенің құнды жақтарын пайымдап аша отырып, оның кем кетіктері, жаман жақтарынан безуге шақырады. Осыған орай педагог М. Жұмабаев «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы — ұлт тәрбиесі». Әрбір ұлттың, бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесінің жақсылығы жағы көп болғаны сықылды, жамандық жағы да көп» — деп жазады Мағжан. Осыған орай М. Жұмабаев педагогтарды, тәрбиешілерді Халық педагогикасын қолдана отырып, түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен жақсы таныс болу керек» — дейді. Әрине, егеменді елдің мектебі, педагогикасы, ұлттық тәрбие, ұлттық оқуы болуы керек. Бұлар егемендіктің белгісі. Осы жолда біздің облыс мектептерінде істеліп жатқан жұмыстар баршылық. Әсіресе, халық педагогикасы саласында өткен жылы республика көлемінде І-ші болып «Халық педагогикасын оқу-тәрбие ісіне енгізу» барысында облыстық ғылыми-практикалық конференция, кейіннен семинарлар, аймақтық конференциялар өткізуді мәтке айналдырдық. Бұл жұмыстар өз нәтижелерін беруде. Барлық аудандар, барлық қазақ мектептері халық педагогикасына бет бұрды Аралағаш, Үлгі (Жамбыл) Жаңажол (Сергеев) мектептерінде өткен жылы Халық педагогикасынан экспериментальды алаңдар ашылып, мектеп, аудан ұжымдары игілікті істермен айналысуда. Халықтық тәрбиесіз, біз бүгінгі жас жеткіншектерді өз елін, халқын, тарихын, мәдениетін сүюге тәрбиелей, баули алмаймыз.

Мағжан тек қана педагог емес. Адамның көңіл күйін, ішкі жан сезімін терең түсінетін психолог дер едім. Оның сыршылдығы мүмкін осыдан да болар. Оны өз өлеңдерінен де қара сөзбен жазылған ғылыми еңбектерінен де көреміз.

Былай қарасаңыз, тіпті Мағжанның кейбір жазғандары ұсақ нәрсе сияқты. Ал, оны жүрек, жан сезімі ой арқылы өткізсеңіз басқаша ойлайсыз, басқаша түсінесіз. Мысалы, «Бөлеу һәм бесік»—бөлімінде Мағжан: «Қазақ қатыны баланы бесікке екі жерден тас қылып байлап тастайды. Бұл балаға зиянды. Бұлай ету баланың қан жүруіне, жүрек соғысына зиянды»,—дейді. Дұрыс емес пе? Бесікті тербету туралы да былай дейді. «Баланы ұйқтатарда, жылағанда шешесі долданып тарс-тұрс тербетеді. Қарған, сілейді. Өлден уақытта бала ұйқтайды. Бұл сау дұрыс ұйқы емес. Бұл ұйқтату емес.

Шайқап, шайқап баланың басын айналдыру, баланы есіні тандыру. Тербетіп ұйқтату—баланы талдырып ұйқтату деген сөз. Бала ұйқтап жатқан жоқ. Ол талып жатыр.

«Қазақ әйелі! Балаңда қасың болмаса, тербетпе. Бесік баланың орны. Естен тандырылып, талдырылағын орын емес»,—дейді.

Сондай-ақ, адам өмірі үшін ұйқының, қозғалыстың, серуеннің мәнінің зор екендігін пайымдайды. «Педагогика» оуқығының екінші бір үлкен тармағы «Психология» бөлімі. Мағжанның үлкен психолог, сыршыл екендігін осы бөлімнен анық көруге болады. Жалпы біреулер Мағжанды «атеист» десе енді біреулер «діншіл» дейді. Жалпы алғанда Мағжан дінді оның тарихын жақсы білген оның жақсы жаман жақтарымен етене таныс болған. Оған осы бөлімдегі «Жан» туралы пайымдауларымен басқа еңбектеріндегі сөздері дәлел. «Жанды ешкім көрмесе де, жанның барлығына дау жоқ» деп жазады Мағжан.

Алайда діндарлыққа салынып, «жанды» әлде бір құдіреттің, құдайдың ісі деп қараудан аулақ. Керісінше, жанның пайда болуын, оның бар жоқтығын материалистік, ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге тырысады. Осыған байланысты 3 түрлі көзқарасқа Мағжан өзінше тоқталып, өз ойларын білдіреді. «Алайда— деп жазады. Мағжан Жұмабаев,—баланың жанын жақсы тәрбие қылу үшін, жанды көзбен көріп, қолмен ұстамай-ақ оның істерін, көріністерін жақсы тексеру жетеді. Психология пәні міне осы үшін қажет» деп жазады. Жан тәрбиесін 11 бөлім бойынша талдап жазып, 11-ші бөлімнің өзін тағы да шағын 11 бөлімге бөліп түсініктемелер береді. Соңғы бөлімін «Әсерленуді» «Жалпы сезім Үкі денс әсерленулері» дейді де оның өзін 5 түрге бөліп жеке-жеке сипаттайды. Сыртқы сезім әсерленулерін сипаттағанда оны

т. бөлікке бөледі. Адам анатомиясы, физиологиясының заңына сүйене отырып оны 6 сезімді Мағжан қарапайым, түсініксізге тұрғыдан сипаттайды. Өзінің педагогикасында Мағжан Жұмабаев «Абайға» яғни (назарға), топшылау сезіміне ерекше көңіл бөліп сипаттайды.

«Педагогика» кітабындағы үлкен бір бөлімнің бірі «Суреттеу» деп аталады. Оны Мағжан Жұмабаев 6 түрге бөледі де ассоциацияларға біріктіреді. Суреттеулерді бет алғына бір-бірімен байлай беруге болмайды. Оның белгілі жолдары бар дейді де екі жолын көрсетіп береді.

1. Жакындық. 2. Тұқымдастық ассоциациясы. Жакындық ассоциациясының өзін 1. Көршілестік. 2. Замандастық ассоциациясы деп екі түрге бөледі. «Балаға берілетін кітап хатпен басылуы керек. Әсіресе жағрапия оқығанда балаға көршілестік ассоциациясы көп көмек көрсетеді. Картадан бала бір жерді атаса соның жанындағы екінші жер алдына елестей қалады» деп жазады. Дидактикада Мағжан Жұмабаев сол кез үшін де бүгінде өз құнын жоймаған оқытудың принциптеріне ерекше көңіл бөледі. Белгілікті бір тақырыпты түсіндіргенде өткен тақырыппен байланысты, салыстырмалы оқытудың берері молдығын дәлелдейді.

«Бір нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы болсаң, сол нәрсенің қарама-қарсысын алып кел. Мысалы, балаға жер ортасының ыстықтығын түсіндірмекші болсаң, Солтүстіктің суығымен салыстыр деп жазады Мағжан. Қоршаған ортамен, өмірмен, бүгінгі күнмен, әр түрлі жапалықтармен байланыстыра оқыту бүгінгі дидактикада талап етеді. Алайда жасыратыны жоқ көптеген бүгінгінің мұғалімдері бұл заңдылықты дұрыс орындай бермейді. Осыдан кейін педагогиканың заңдылығы бұзылады. Заңдылық бұзылды дегенше, сар тәртіп, реттілік, білім беру жүйесі бұзылды деу керек. Білім алуда саңлақтар пайда болады. Көбіне мұғалімдердің айтатын «балалар оқымайды. Ауыздарын ашпайды. Әбден жалқауланып алынды» деген сөздер осыдан келіп шығады.

Осы сөздерді айтатын мұғалім әлсіз, дәрменсіз. Өйткені, мұғалімнің шеберлігі мен кереметтілігінің өзі сол оқымайтын баланы оқытып, тыңдамайтын «тәртіпсіз» баланы тыңатып, тәрбиелей білуде ғой. Жасыратыны жоқ, көптеген мұғалімдердің творчестволық ізденпаздығы жоқ. Әлі күнге дейін бізде енжарлық, жалқаулық етек алған. Проблема-лық оқыту, оқушылардың логикаларын дамыту, жүйелі түрде ғылыми білім беру, саралап оқыту жолдары жоқтың қа-

сы. Оқушының өзіне еркіндік бере отырып, көзін жеткізу, міне оқытудың бүгіндегі ең үлкен тәсілі осы болуға тиісті.

Пәнде оқытуда жаңалық болмаса, ғылым болмаса сабақ оқушыға қызықсыз болады... Шын мәнінде де «ақыр заманның баласы туғанда оқып туады». Оған оқулықтағы білім аз. Оған қосымша өзі білмейтінін білуге қызығатын. білім керек. Әйтпеген күнде бала оқымайды. Және дұрыс істейді.

Мағжанның тағы бір тоқтаған тақырыбы «Ес» туралы. Есті 4 түрге бөледі.

1. Көру есі. 2. Есту есі. 3. Қозғалу есі. 4. Естің адам өмірі үшін қажеттілігі. Осы төрт түрлі бөлімнің қыр сырын ашып, сипаттайды. Естің өркендеуі үшін оның қажетті шарттары орындалуы керек дейді.

1. Әсер күшті болу қажет.

2. Сыртқы сезімдердің көбінің қатынауы

4. Жаңа білімді бұрынғы біліммен байлау. **Пысықтау**

Қарап отырсаңыз бүгінгі сабақтың талаптарына сәйкес емес пе? Сабақ барысында әрқашан өткен сабақпен байланыс болмаса шын мәнінде сабақ нәтижесіз болады. Осыны Мағжан дұрыс ескерген. Ақыл ойдың адам жолына байланысты өзгеріп отыратындығында М. Жұмабаев мысалдар келтіре отырып дәлелдейді.

Мағжанның тағы бір ерекше сипаттаған бөлімі қиял туралы. Қиялдың жас өспірім үшін жалпы адамзаттың ақыл-ойының, өмірдің алға басуы үшін маңызы зор екені белгілі. Мағжан қиялдың пайда болу жолдарына оның бала өмірі үшін қажеттілігіне бала фантазиясын тәрбиелеу, оқушы өміріндегі ертегілердің, ойынның, ойыншықтардың ролін үлкен ілтифатпен жазады. «Баланың қиялын фантазиясын тәрбие қылу жолдары» деген бөлімінде ұлттық тәрбиеге, ұлттық педагогикаға аса құрметпен қарайды да қазақ бала сының қиялына қанат бітіретін ұлттық тәрбие скенін пайымдайды, әлі де болса балаға ұлттық тұрғыдан оның қиялының дамуына төмен жағдай жасап отырғандығын айтады.

«Қазақ қиялы тәрбие көрген жоқ, әлі таза, әлі бала, біз жылдар, күндер өткен соң қазақ қиялы тәрбие алып, теріп-дп, адамзат дүниесінің көгінде бір жарық жұлдыз болар деп иманымыз кәміл»,—дейді М. Жұмабаев. Қарап отырсаңыз Мағжан арманы күні бүгінге дейін толық орындала қойған жоқ десек артық айтқандық емес қой деймін. Біздің көбіміз, біздің оқушыларымыздың ой-қиялы төмен, біз

олсканың ойымен ойландық, соның тілімен сөйледік. Ендігі мақсат баланың ойын дамыта отырып қиялына қанат бітіру. Сонда ғана педагог Мағжанның арманы орындалмақшы.

«Орыс учительдерінің аузында бір сөз бар»—қазақ баласы әдебиет, тарих сықылды ғылымдарға зерек болмайды. Білкім, математика пәніне зерек болады,—дегенмен бұл шірді хата ма деп ойлаймыз. Менің ойымша,—дейді Мағжан Жұмабаев,— қазақ баласы математикаға ғана емес, әдебиет, тарих, жаратылыс, жағрапия сықылды ғылымдарға зерек болуға тиісті, дәлелім қазақ баласының жаратылысы осыны тілейді. Баланың атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы,—қазақ баласы да қиял-кұмар болуға тиісті. Яғни ол әдебиет, тарих сықылды қиялды көп керек қылатын ғылымдарға ұмтылуға тиісті,—дейді М. Жұмабаев.

Осы төңіректе ұстаздар терең ойлана отырып, еліміздің тарихын, әдебиетін, географиясын оқыту проблемасына жете тәжірибелі бөлу керек. Өйткені ата-бабамыздың басып өткен жерін білмей, сөйлеген, айтқан ұлағатты сөзін білмей, өмір-тұрмысы мен ісін білмей біз ешқашанда Егеменді елдің патриот ұлдарын тәрбиелеп шығара алмаймыз.

Ертегі туралы жазғанында да педагог-ғалым, баланың өмірі үшін ертегінің маңызы ерекше екендігін айтады. «Бала ертегіні жан тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілмен панада. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзін желге айтқанмен бірдей.

«Егер, сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ғана ұғады»,—дейді М. Жұмабаев.

Баланың дені сау, ой өрісінің кең болып өсуі үшін ойынның, ойыншықтардың ролі ерекше екендігі де осы бөлімде, педагог ғалым жақсы суреттейді.

Баланың жақсы оқуы үшін оның ойлау қабілетінің де жеттік болғаны қажет. Осы «Ойлау» деген бөлімді М. Жұмабаев 30 бөлімге бөле отырып, әр қайсысына ерекше тоқтап, мысалдар келтіре отырып, жазады. Ойдың пайда болуын зерттей келе оның жасалу жолдарын, яғни Мағжан тілімен айтсақ, ой шығару үш түрлі жолмен болады: 1. Дедукция.

2. Индукция. 3. Аналогия. Міне, осы үш түрлі жолды әрі қарай дамыта отырып, баланың саналы азамат болуы үшін осы ұғымдардың қажеттілігің дәлелдейді. Мағжанның ерекше тоқтап үлкен сезіммен жазған білімі Тіл туралы. «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт—тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың кұри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті... Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түнде тымық, біресе құйындай екпінді тарихы сары далада үдере көшкен тұрмысы асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадырлы орын болмақшы. Келешектің осылай болуына иманымыз берік деп жазды ұлы ақын.

Мағжан Жұмабаев бала тіліне аса ұқыпшылдықпен қарауға шақырады. «Кейбір адамдардың баланы өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп, әдейі тілдерін бұзып балаша шолжандап, сақау болып сөйлейтіндер бар. Бұл—зор қата. Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын —мектеп» деп жазады «Педагогика» еңбегінде Мағжан Жұмабаев.

Болашақта былай істесе. Петропавл педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен шетел тілдері кафедраларымен, мұғалімдер білімін жетілдіру институтының тілдер кабинетінің бірлескен тілді үйренудің, жеделдетілген технологиясының лабораториясын құра отырып тілге үйренудің әртүрлі әдістемесін жасап, яғни тілге үйренудің жеделтілген кафедрасын құру оң іс болар еді. —Өйтпейінше, біз ешкімді қазақ тілін де, басқа тілге де үйрете алмаймыз. Осы проблемамен айналысуды ғылыми жолға қою керек. Мағжанның арманы да қарап отырсақ осы емес пе?

Мағжан Жұмабаевтың адам жанын терең сезінетін психолог—ұстаз екендігінің бір дәлелі оның осы «Педагогика» еңбегіндегі «Ішкі сезім яки көңіл көріністері» туралы жазғандары. Мұны Мағжан 13 бөлімге бөліп жазған. Әр бөлім туралы толық мағлұмат, әдістемелік ұсыныс-пікір айтады. Бала жанын терең түсінетін педагог —Мағжан баланың көңіл күйіне егжей-тегжей тоқтай келіп оның сезімдерінің дұ-

рыс дамуы үшін үлкен тәрбиенің керек екендігін айтады. Ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса бала да жұмсақ. Баланың маңындағы адамдар да дұрыс мінезді болу керек...

«Баланы қорқыту, оны жазалау дұрыс емес. Бір нәрсеңі бала жазадан қорыққаннан ғана істейді, бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді»—дейді педагог ғалым. Бұл арада біз Мағжан ойларының кейбір алдыңғы қатарлы елдердің бала тәрбиесіндегі озық ойларымен сабақтас екендігін көреміз. Жасыратыны жоқ, күні бүгінге дейін біздің ата-аналар, мұғалімдер балаға зекіп ұрсудан оның ар-намысына тиіп ауыр сөз айтудан арылған жоқ. Оқу-тәрбие ісін ізгілендіру, демократияландыру біздің мектептерімізге әлі жете қойған жоқ. Бұл мәселені Мағжан атамыз осыдан 70 жыл бұрын көтергенімен күні бүгінге дейін орындалмай жатыр. Мағжан ұстаздарды, яки тәрбиешілерді баланың нашар істі өзі істемеуіне, нашар мінезден өзі қашуына тырыссын. Ешкім айтпай, қорқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінезден жиренетін болсын. Балаға махаббат, жылылық сезім, жұмсақ іс арқылы ғана болуға мүмкін,—дейді педагог Мағжан.

Мен, Мағжан Жұмабаевты сонымен бірге үлкен методист (әдіскер) дер едім. Мысалы. «Ішкі сезімдердің біреуі—іш пысу яки зерігу»—деген бөлімде былай дейді: «Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, шәкірттің іші пысады, мұғалім үсті-үстіне төнеп, түрлі білімді түрлі сөзді айта берсе, бала мезі болып, іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруге емес, еппен, басқыштап білдіруде. Сабақ оқытуда мұғалім сөзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың абайын (назарын) өзіне қарата алады. Сабақ үстінде балалардың ойнауы, тыныш отырмауы бір-бірімен сөйлесулері мұғалімнің жинақы, жігерлі бола білмегендігінен»—дейді педагог ақын. Мағжанның үлкен педагог, әдіскерлігінің өзі міне осында жатыр. Дәл бізге, біздің «бала оқымайды»—деп баланы кіналауға дайын тұратын мұғалімдерімізге арналған. Мағжаннан үйрену әлі кеш емес.

«Сұлулық сезімдері» деген бөлімде педагог адам тек қана сырт сұлулығымен ғана емес ішкі сұлулығымен ұнамды, сүйкімді болу керек дейді. Осы орайда кейбіреулердің бет әлпетін түзеп, сырт көзге оңды көріну үшін ғана өтірік күліп, майдай сөйлеп, ал шын мәнінде екі жүзді мінезі бар

Мағжан сөзімен айтсақ «опасыз» адамдардың шығуы да осы мектеп пен ата-ана тәрбиесінің олқылығында. Яғни сырты сұлу іші түтін адамдар осы олқы тәрбиеден келіп пайда болса керек. Осы орайда ән-музыка, сурет, поэзияның орны ерекше екендігін айтады. «Тәрбиешінің міндеті»,—деп жазады педагог өзінің кітабында, «балада искусствоның қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, сол түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету»—дейді де оған жетудің жолдарын көрсетіп береді. Мағжан егерде, сұлулықты өзі сүймесе, оның жүрегі сұлу болмаса сұлулықты жан-тәнімен түсінбесе педагогика саласындағы сұлулық туралы сыр шертпес еді. Мағжан шын педагог болмаса үлкен сыршыл, сұлу жанды ақын болмас па еді қайтер еді?

Педагог ғалым бала тәрбиесіндегі әсіресе қыз баланы тәрбиелеуде әйелдің, ананың ролінің зор екендігін айтады. Өйткені бала анаға жақын тұрады. Шешесі үйде баланың көзінше не істесе, қалай қимылдап, қалай сөз сөйлесе ертең ұшқанда баласы әсіресе, қыз бала соны істейді. Көбіне-көп қыз бала тәрбиесі анасына байланысты. Сол себептен ананың—әйелдің —балаларының көзінше өте әдепті, мәдениетті болуын меңзейді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген мақалдың тегін шықпауы да осыдан болар. Осыған орай педагог—ақын баланың маңайындағы адамдардың жүріс-тұрыстары да әдепті, сұлу болуға тиісті. Сұлу дене, сұлу қозғалысты көріп өскен баланың денесі де, қозғалысы да сұлу болады. Бала түрлі музыка құралдарының үндерін тыңдасын, сурет салып үйренсін. Топас адам—тірі өлік»—дейді Мағжан ағамыз. Мағжан педагогикасының құндылығы өміршендігінің бір жағы міне осында. Сондықтан да негізгі пәндердің бірі болып мектептерде ұлттық, әлем мәдениеттері жүру керек. Этика, эстетика пәндері біздің мектептерде ерекше оқытылу керек.

Ол өзінің осы мәдениет, сұлулық, ізгілік туралы ойларын «Құлық сезімдері» деген бөлімде одан әрі дамыта түседі. Ол қазақ халқына басқа халықтың жақсысын үйрен, сөйтіп көтеріл дейді. «Басқа халықты жалпы адамзатты сүй»—деген өсиет айтады. Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін»,—дейді. Бұл сөзді Мағжан өзі үшін айтқан сияқты.

Мағжанның өз «Педагогикасында» ерекше тоқтап саралағаны адамның мінесі және оның қалыптасуы туралы. Ол

мінезге өзінше анықтама беріп, оның қалыптасуы мен түрлеріне жеке-жеке тоқтап, сипаттама береді.

Мағжан Жұмабаев кітабының соңғы бөлімін «Баланың жалпы жаратылысына» арнаған. Бұл бөлім бүкіл кітаптың қорытынды бөлімі іспеттес. Бала тәрбиесінің оңай еместігін, оған екінің бірі бара бермейтіндігін, екінің бірі пағыз ұстаз, пағыз тәрбиеші бола алмайтындығын жазады. «Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі кылып шығару, баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек,—дейді азамат, ақын, педагог Мағжан Жұмабаев.

Мағжан бүкіл есі қазақтың қала берді түркі елдерінің жарық жұлдызы. Оның еңбектері мен өлеңдеріне, өміріне талдау жасап баға беру қиын. Мағжанның «Педагогика» кітабы күні бүгінге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Мағжан тек қана «Педагогика» кітабын жазып қойған жоқ. Ол көптеген оқу-методикасының (әдістемелік) нұсқаулар «Сауатты бол» т. б. оқулықтар жазғаны белгілі.

Әркім өзі оқып, өзінше талдау жасаған күнде ғана Мағжан «Педагогикасы» әркім үшін асыл қазына болары анық. Өз төрелігін өзі айтқан ұлы адамның педагогикасына да төрелік айтуды Мағжанның өзіне қалдыра отырып, оның ұлылығының алдына бас ііп, жүрсек деймін!

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ЗАМАНЫ ТУРАЛЫ

(өміршіл-зорлықшыл жүйенің алапат күші және оның тағдыры)

Отызыншы жылдардың ортасынан ауа Кеңес Одағында саяси сот процестері өтті. Соның нәтижесінде мыңдаған адамдар жапа шекті өлімге бұйырылды. Содан бері көптеген адамдардың ойынан кетпейтін, маза бермейтін сұрақ: «орасан зор көлемдегі осындай заңсыздықтар жасалуына не себеп болды?» «Бұған кім кінәлі?» Бірінші болып біз қоймаған осындай сұрақтарға жауап берілмей жатқан жоқ. Жыл сайын жана деректер табылып, кешегі күнге дейін тұңғыыққа батып тұрған мәселелердің сыры ашылып келеді. Сол себепті қойылған сұрақтарға біршама туралықпен жауап беруге болса да, ол жауап қаншалықты анық, ақиқат болса да көңіл шіркін күдіктенуін қоймайды... Елу-алпыс жылдан бері «үкімет пен партия» қалыптастырған сенім бізді Солтүстік Мұхиттың мұзындай өзінің берік құрсауында ұстаған жоқ па? Сондықтан тоталитарлық деп жүрген системаға қайшы келер пікірдің бәрі де бізге мүлде дарымады. Тіпті системаны, жеке адамға табынуды сынау басталғалы ондаған жылдар өтсе де, мұз құрсаудың қарсылығы әлі де бар... Айырмасы сол—бұрын пікір системаның қолдауына сүйенсе, қазір ол адам санасындағы сенімнің қалдығы ретінде сақталуда...

Айтылған себеп тақырыбымыздың ерекше қиындығын аңғартады.

Біздің тақырыбымыз «Мағжанның заманы туралы сөз» болғандықтан алдымен сол заман туралы, сонымен қатар сол заманның азаматының тағдыры туралы сөз қозғаймыз.

20-30-жылдар туралы айтқанда біз сол заманда үкімет басында тұрған, бар билікті қолында шоғырлаған Сталин туралы айтпай тұра алмаймыз. Жеке адамға табыну, атап айтқанда, Сталиннің жеке билігінің арқауы 1929 жылдан басталса, қазақ жеріне келген зобалаңның да осы кезден басталғанын біз қазір анық білеміз.

Біз қазір Сталиннің кім екенін анық білеміз бе?

Бұрын біз «Маркс пен Лениннің ұлы ісін жалғастырушы» деп сенгеніміз анық. Ал, зерттеулердің пікірінше Сталин бюрократиялық әміршілдік-әкімшілдік системасының басында тұрды да, адамдардың белгілі бір тобының, партиялық және советтік бюрократияның, мүддесін білдірді. Сталин партиялық басшылыққа келген соң партияның монополиялық әкімшілдік билігі басталады, ал бұл, системаның негізгі конструкторы да Сталин болып табылады.

Социализм идеясын бұрмалап, мыңдаған адамдардың өмірін өшірген зор заңсыздықтар осы адамның атымен байланысты болғаны белгілі. Осы ақиқат анықталған соң-ақ «Мұндай зұлымдылықты бастаушы адамды маркстіл, социалист деп қалай айтуға болады? Бұл фашистік тәртіпке жатпай ма?»—деген сұрақты көптеген адамдар қойып жатты. Ұшкарлық саяси күрес түрлерінің (террор, мәселен) ұқсастығы болмаса, «социализм» әлеуметтік тұрғыдан қарағанда айырмасы бар. Фашизм— (итальянша— фашиобірлестік бума) империалистік буржуазияның мүддесіне қызмет істейтін саяси ағым 1919 жылы Италияда пайда болып, үкіметті қолға алысымен ашықтан-ашық террорлық диктатура орнады, ал Германияда фашистер үкіметке 1933 жылы келді.

Ал, бұқараның ой-ниетінен туған утопиялық социализм 16-17—ғасырларда пайда болып, Томас Мор, Кампанелла шығармаларында көрініс берді. Бұл киялға ғана негізделген қоғамды социалистік әділеттік негізінде қайта құрудың жоспары еді. Ресей империясына қараған халықтардың ішінде утопиялық социализм идеялары кең тарағаны белгілі. «Орыс шаруалар социализмнің» негізін салушы деп Владимир Ильич Ленин Герценді атайды. Герцен, Белинский, Чернышевский және Добролюбовты біз революцияшыл демократтар деп атадық. Бұлардың революцияшыл идеялары Батыс елдеріндегі атакты Фурье, Сен—Симон, Оуэн сияқты утопистермен ұқсастығы болғанымен көптеген ерекшеліктер де болды. Революцияшыл —демократтардан кейін Ресей саяси аренасына халықшылдар деп аталатын әртектілер ұрпағы революция жолына түсті,

Революциядан кейін Советтер дегеніміз партияның шылауына (придаток) айналып, шын билік орталығы партияға көшті дейді. Советтерден партияға биліктің толық көшуі, шамамен айтқанда 20—жылдардың соңына дейін созылған сияқты. Осы кезде Сталиннің жеке билікке қолы жеткенін

біз ілгеріде айттық. Сталин жеке билікке қолы жеткен соң көмекшілеріне сүйене отырып, авантюристік саясатын батыл жүргізе бастады. Ол индустрияландырудың жоғары қарқынынан, коллективтендірудің қырғынынан көрініс берді. Біздің қазақ елін қамтыған қанды шеңгел де 1929 жылдардан басталуы кездейсоқ емес. Осы жылдың аяқ шенінде (21 желтоқсанда) бірінші рет кең көлемде көсемнің 50 жасқа толғандығы аталып өтті. Бұған дейін партияның көрнекті басшылары бірінен соң бірі партия ісіне қарсы адамдар ретінде айыпталып, жоғары дәрежелі қызметтерінен айырылған болатын. Алдымен Троцкий—одан кейін Каменев, Зиновьев (1925-26 жж.), соңынан Бухарин, Томский (1928-29 жылдар), 30-шы жылдардың ортасынан былай олар «алық жаулары» деп аталып кетті. Партияда жоғарғы басшылықты алып, билікке қолы жеткеннен кейін Сталин және оның сыбайластары режимге қарсыластарды жою мақсатында заң орындарын, алдымен, ОГПУ, НКВД орындарын пайдаланды. Репрессия аппаратының қалыптасуы 1934 жылы 14 июльде ОГПУ орнына НКВД-ның, оның жанында Ерекше-кеңес —(особое совещание) деген соттан тыс (внесудебная) мекемесінің құрылуымен толық қалыптасты. 20-жылдардың аяғында, 30-жылдардың басынан бастап жергілікті жерлерде «тройка» (үштіктердің)—олардың шешімдері бойынша жазалау (тіпті ату жазасын да) қолданыла бастады. Жергілікті жердегі «тройка», орталықтағы —«особое совещание» жалпылама қолданылған репрессиялардың негізгі механизмі болып қызмет атқарды. Осы репрессия аппаратының дүлей күші қазақ жеріне 2 рет шарпып, мыңдаған саңлақтардың өмірін жойды.

Бірінші науқан ұлтшылдармен күрес ретінде (1929-31 жж.), екінші—1937-38 жылдары «халық жауларымен» күресу ұранымен бүркемеленді. НКВД ұйымдастырылған саяси процестер радио, газет-журналдар арқылы халық арасына кең таратылып отырды, осыларды халық түгел мақұлдауда деп көрсетілді, НКВД қаныпезерлерінің қолына Мағжан Жұмабаев бірінші рет 1929 жылы шілде айында түсті.

Мағжан өз заманының ең білімдар адамдарының бірі болған. Оның қоғамдық-саяси көзқарасы қалыптаса бастаған кезде Ресей империясының іргесін 1905 жылдың дауылы шайқалтып жіберді. Осы дауылдың шарапаты Ресейдің алыс түкпірлеріне де жетіп, қазақ халқының да еңсесін көтергендей әсер етті. Мағжан да елінің мүшкіл халіне ерте көңіл бөлді. 1913 жылы ақынның «Шолпан» атты тұңғыш

өлеңдер жинағы жарық көрді. Ақын бірден жұрт назарына ілікті, оның ой-өрісі кеңейіп, өлеңдері «Айқап» журналында «Қазақ газетінде басылып жатты. Абайдан соңғы қазақ біліктілері А. Байтұрсынов, М. Сералин, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, өз тұстасы С. Сейфуллинмен танысып білісуі Мағжанға үлкен әсер етті. Оның творчествосында ағартушылық, демократизм, бостандық сарындары нығая түсті. Ресейдегі ақпан революциясына байланысты қазақ даласында ұлт-азаттық қозғалыс жаңа белеске көтерілді. Бостандықтағы атты деп түсінген Мағжан сол 1927 жылы жаз құрылған «Алаш» партиясы басшыларының Қазақстан Ресей құрамында автономия алуы тиіс, құрылтай жиналыстарынан жер мәселесін әділетті шешуді сұрауымыз керек деген ұранын қолдады. Сол жас партияның оқу комиссиясының мүшесі болып сайланады. 1919 жылы «Алаш» партиясы тарайды. ВЦИК-тің 1919 жылғы 4 сәуірде Алаш қозғалысына қатысушыларға кешірім (амнистия) туралы шешімі қабылданады. Сонымен «алашқа» байланысты жауапкершілік мәселесі жабылды, заң бойынша. Олай бөлсек Мағжанға «ұлтшыл» деген айып қалай тағылды?

Мағжанның негізгі «кінәсі»—оңын ұлтжанды болуы, қазақ халқының мүддесін көздеуі еді. 1919 жылдан 22 жылға дейін Мағжан «Бостандық туында» редактор болады, 1922 жылдың қарашасында газеттен босап, Ташкентке ауысады. 1923 жылдың аяғында Москваға оқуға әрі қызмет істеуге ауысады. Мұнда 3,5 жыл тұрып жемісті қызмет атқарады. Зерттеушілер осы 1922 жылдан 1924 жылдың бас кезін ақын творчествосының шарықтаған шыңы деп атайды. Москвада оқып, қызмет істей жүре Мағжан марксистік эстетиканы терең зерттейді. 1925 ж. астанада жүріп, ақын кейіннен өзіне пәле болып жабысқан «Алқа» деген әдеби үйірмесін құруды ойластырады. Сол үйірменің бағыт-бағдарын белгілейтін «Табалдырық» атты тұғырнама жазады. Бұл тұғырнаманың негізгі идеясы—жаңа заманда қазақ әдебиеті қалай дамуы керек деген сұраққа жауап іздеу. Өз ұсыныс, пікірлерін Мағжан Маркс, Ленин еңбектеріне, Плеханов, Троцкий, Луначарский пікірлеріне сүйеніп дамытады. Шығармада саяси қарсы пікірлер (үкіметке қарсы) мүлде жоқ, ал сол кездегі пысықайларға айтылатын сын бар. «Дүмше көтерілісшілер» деп ол Голощекин, оның республикалардағы—шаш ал деп бас алатын әпербақан әміршілерін сынайды. Мағжанның бұл кездегі әдеби-эстетикалық арнасының қалай екендігі, совет үкіметінің іш тарта бастағанын дәлелдейтін фактілер жеткілікті көрінеді.

Мағжан Жұмабаев Максим Горькийді тұңғыш аударушы-шығармаларын, Гейне, Гете өлеңдерін қазақ тіліне аударуның бірі. Лермонтов, Фет, Мамин—Сибиряк, В. С. Иванов шығармаларын, Гейне Гете өлеңдерін қазақ тіліне аударды—табиғи нәрсе деу керек. Дегенмен суреткер дүнитанымының бірден бір өлшемі —ол көркем шығарма. Осы жағынан да Мағжан шешуші қадам жасайды. Ол «Қызыл жалау» сияқты («Ақ жол» газеті, 1924 ж. № 452) социалистік идеяға суарылған өлеңдер туғызады. Бұл бетбұрысқа ақынды өмірдің өзі жетелейді. 1924 жыл қазақ халқы леніндік—ұлт саясатының алғашқы жемістерін көрген кезі. Қазақ еңбекшілері, әсіресе, бұрынғы ата қоныстарының күйкалы жерлері өздеріне қайтарып беруіне риза еді. Көне заманнан бергі қазақ жерінің мемлекттік тұтастығы қалпына келтіріліп еді.

1925 жылы Қазақстан «Қырғыз» деген елге таңылған аттан құтылып, «Қазақ автономиялы советтік республика» болып аталды. Астана—Орынбордан Ақмешітке көшіп оның аты Қызыл Орда аталды. Осының бәрі Мағжанның көзқарасына оның советтік жолға түсуіне үлкен әсер еткені күмәнсіз. Ақын бостандықтың, кеңестің жағында екенін «Қызыл жалау», «Токсан тобы» өлеңдерінде еш бүкпесіз, ашық жариялайды.

«Толғауының» аяғында ақын:

Өтті солай өмір талай,

Удан айни бастадым.

Өзімді көрдім ойдағы,

Токсанды көрдім ойдағы,

Теңдікке жеткен тап көрдім.

Елге орнаған бақ көрдім.

Езілген елді тең қылу

Осы емес пе еді әуелден

Жылай, жылай күткенім.

(Шерияздан Елеукуенов. Мағжан Жұмабаев. Алматы. «Рауан» 1991 ж. 25 бет)

Мағжанның кеңес үкіметіне көзқарасы өзгерсе де, оған деген көзқарас сол кездегі Қазақстан басшылары Голощекин және ОГПУ (кейіннен НКВД) тарапынан өзгермеді.

Бұрынғыдай ұлтшыл, «алаш-ордашыл» деген лақап тарапыла берді. Мағжан және басқа да зиялы азаматтар тыңшылардың бақылауында болды.

1927 жылы Мағжан еліне, Қызылжарға оралып, Совпартшкола мен педтехникумде қызмет атқарады. 1929 ж. шілде

айында тұтқынға алынады. Біріккен саяси басқарма (ОГПУ) тергеушілері «Алқа» ұйірмесін ұлтшылардың жасырын ұйымы деп есептейді, советке қарсы жасалған қастандық деп түсінеді. Осындай қанқұйлы ниетті Жұмабаевтың әдебиеттегі қарсыластары мен бақталастары осындай күдікті үдете үрледі келіп. Соның нәтижесінде бұл күдік лаулаған өртке айналды. Жұмабаев жат пұғылды, төңкеріліске (революцияға) қарсы, еңбекшілер үкіметін жең көретін жауыз адам делінеді. Осы ойларын тергеушілер өтірік жаламен дәлелдеп хаттап, айыптау қорытындысын жасайды. Оны 1930 жылы 12 наурыз күні Бутырка абақтысында (Москва) ОГПУ шығыс бөлімінің бастығы Павлов жазды. Онда Байтұрсынов, Дулатов, Есболов, Ғаббасов, Әділов, Аймауытов, Бірімжанов, Жүсіпов, Балғанбаевтан кейін 10 болып Жұмабаевтың «кылмысы» тіркелді. Айыбы: М. Жұмабаев

1. Жасырын қазақ ұйымына енген,

2. Жасырын түрде, ұлтшылдық «Алқа» Кругожин ұйымдастырған, қазақ әдебиетіне, баспасөзге сол арқылы теріс ықпал жасаған» («Жалын», 5-91-51 бет). Осындай айып бойынша қылмыстық істер кодексінің 58 бабының 7, 8, 11⁹ тармақтарына сай 14 адам, қазақтың маңдай алды азаматтарына ату жазасы берілді. (1930 жылдың 10 көкегі) Көп ұзамай Мағжан туралы үкім бұзылып, 10 жыл концлагерге, одан жеті жылға кемітілді. Ақыры 1936 жылы 2 маусымда мерзімінен бұрын босатылады. Бұл Максим Горькийдің әйелі Екатерина Павловна Пешкованың табандылықпен жасаған өкініштерінің нәтижесі еді. Мағжан және басқа да қазақтардың зиялы азаматтарын осылай тура жолдың құралы ретінде үкімет аппараты күшін (НКВД) пайдалануы бұрынғы партия өкіметінің ұлы орыстық шовинизм саясатының іс жүзіндегі жалғасы сипатта болды. Ал, орыстарды және басқа да халықтардың ішіндегі қарсылар кулактар қатарына өлтіріліп жаза тапты. Сөйтіп, бір кезде езілген еңбекшілердің үкіметі болып келген Советтердің билікті партия аппараты арқылы Сталиннің тобы ашылғаннан кейін өзінің ішкі саясаты да өзгеріп, халыққа қарсы сипат алды. Москвадағы Сталиннің қолындағы саяси бюро Қазақстанға басшы етіп 1928 ж. Голощекинді жіберді. Сталиннің сеніміне кіріп келген ол: «Қазақстанда совет үкіметі әлі жоқ, мұнда «кіші Октябрь» жасау крек»—деген ұранын мақұлдатып алып, қазақ халқына коллективтендіру аталатын үлкен апат әкелді. Қазақтар өздерінің дәстүрлі күн көрісінен айырылып, анаршылықтан қырыла бастады. Беделді ел басшыларынан

айырылып ауылды арқа мінген алаяқтар тонай бастады. Сол зобалаңды басынан өткізген біздің жерлесіміз, қазір астананың тұрғыны Сейтен Сауытбеков ақсақал. Ол 1932 жылдың көктемінде Алматыдағы оқуын тастап еліне қайтып келеді. Жолда Майбалыққа жеткенде көптеген ащ босқындарды көреді. Өздерінің колхозынан аштықтан 60 адам өледі. Бұдан бір жыл бұрын ауылда болған 1500 жылқыдан 40-50-дей-ақ бас қалған. Колхоз басшысы Әубәкіров жылқыны өзі қырғызған... Туысына, тамыр таныстарына жылқы үлестірген... Колхозшылардың үштен бірі яғни, 150 үй беті ауған жаққа қашқан... Көнбеген адал адамдарды «халық жауы» деп өтірік жала жауып, ГПУ-ге ұсталып отырған...

Прокурордың бұйрығымен жүргізген тінтуде бастықты үйінен 1 тонна бидай, 8 центнер қақпыш ет, 40 килограмм сары май т. б. нәрселер табылады. Өкінішке орай, әлгі жалмауыз Әубәкіровты соттан ГПУ-дің бастығы алып қалады. («Біз не көрмедік», «Жұлдыз» № 4, 92, 150 бет). Әубәкіров сияқты алаяқтар ГПУ, НКВД-нің қолшоқпары ретінде талай қазақ азаматтарын жазықсыздан жазықсыз «халық жауы» деп ауылдан өлімге аттандырғаны ақиқат. Өкінішке орай, айта кетеріміз, зиялы деген азаматтардың өздерін де біріне-бірін қарсы қойып, олардың бас араздықтарын НКВД орындары кең түрде пайдаланған. Басқаша айтқанда қазақтардың арасындағы бақталастық, рушылдық, жалақорлық сияқты жексұрындықты НКВД кең пайдаланған.

Екінші рет Мағжан Алматыда 1937 жылдың 28 желтоқсанында тұтқынға алынады. Абақтыға алынбас бұрын Мағжай және оның әріптестері тыныш өмір сүре алмады. Рухани азап жолынан өтті деуге болады. Жазушы Дүкенбай Досжановтың, Есләм Жарылғаповтың естелігінен түр-

«Сөйтіндер, бір-бірінді аямандар, қаралаңдар, күйе жазушылар Одағында аса қиын, зардабы мол жиын өтті. Бұл жиналысқа қатысқан қалам иелері бір-бірінен бітпес жаулық, халыққа қастандық, партияға зиянкестік іздеп, беттен алып, төске шауып қара күйе жағумен болды.

«Сөйтіндер, бір-бірінді аямандар, қаралаңдар, күйе жағыңдар»—деп пәрмен беріп тұрғандай сезінеді...»

«...жиналыстың екінші күні болатын. Осы мезет мінбеге өрімдей жас жігіт өрмеледі. Даусы саңқылдаған ащы, скініні тау жыққандай Аманжолов Қасым. Ауыз ашқаннан «арамызда жасырынып жүрген халық жауларын әшкере-

лейік, арамыздан аластайық»—дегенді шегелеп тұрып алғаны. Соңғы отырғышта нығы түсіп, жүзін төмен салып отырған Мағжанға көз қиығымды саламын. Әлгі кісі ләм деместен, орнынан тұрды да ақырын жылжып басып залдан шығып кетті...» («Жалын» 5-92-53 б.)

Өте аянышты жағдай!

Кешікпей әлгі жиналыстың өту барысынан «Лениншіл жаста» (1937 ж. 11 көкек) есеп басылып, онда Жұмағали Саин, «жазушылар бір-бірінің кемшілігін жеткілікті түрде аша алмады»—деп суық тұжырады. Осы кезде қазақ арасынан шыққан Жапон шпиондарын іздеу кең орын алады. Сол кездің газеттерінің кейбірінің ғана тақырыбын келтірейік.

«әдебиеттегі Троцкист—бухариншіл, ұлтшыл-фашист зиянкестілерін жеріне жете құрту керек» (Қ а з а қ әдебиеті 1937 ж. 13 тамыз.)

«Совет жазушыларының қатарында жат элементтерге орын жоқ» (Социалистік Қазақстан. 1937 ж. 4 шілде).

«Жазушылар ұйымындағы ұлтшыл-фашист жаулардың зиянды зардабын біржола құртайық» (Қ а з а қ әдебиеті-1937 ж. 8 қазан). Одан әрі тізбелемесе де болады, осының өзінен сол заманның жантүршігер лебін сезуге болады.

Бұл сияқты мақалалар, шын мәнінде сын емес, ақын мен жазушыларға айтылған ақылы тең деп бағалаған жөн. Міне, осындай заманға Мағжан және басқа да зиялылар құрбан болды, қапы кетті.

Екінші рет ұсталғанда, Мағжанның «зерті» көп уақыт алмады. Ол небары екі тергеуден өтеді. Жазушы Досжановтың айтуы бойынша тергеу аяқталмастан 9 күн бұрын үкім шығарылып қойылады. 1988 жылғы 11 ақпанында № 377 қаттамасында (протокол):

«Мағжан Жұмабаев қылмысты істер кодексінің 58 статьиның 7, 8, 10, 11 баптары бойынша қылмысты деп танылып, ату жазасына кесілсін» делінген. Ал, екінші сұмдық—Мағжанның ісі не «үштікте», не сотта қаралмаған. Атылу актысында былай делінген:

«Жұмабаев Мағжан Бекенұлы № 377 хаттама қаулысы бойынша үкім жүзеге асты, 1938 жылы 19 наурызда атыл-

ды». «Кіші лейтенант Гайковтың қолы» («Жалын», 5. 92. 57 бет).

Осындай ардақты азаматымыздың өмірі сарқылды. Өте үлкен өкініш!

Мағжанның заманы туралы сөзді де осымен сарқуға болатын шығар.

Зарлы Мағжан Әділетсіз таң, қанды қолды жөндеттер келмеске кетті, ылайым мәңгі кетсін деп тілейік.

АҚЫН МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ—СИМВОЛИСТ

1890-1900 жылдары Константин Бальмонт, Дмитрий Мережковский, Зинаида Гиппиус, Валерий Брюсов, Афанасий Фет, Андрей Белый, Владимир Соловьев және тағы басқа да ақындар орыс поэзиясына символистік ағым әкелді. Мәселен, осы жылдары К. Бальмонттың қаламынан туындаған «Тыныштық» және «Күйіп жатқан үйлер» кітаптарының арқалаған жүгі де символистік (таңба, белгі, тұспал т. б.) ұғымдағы поэзия болатын. Ақынның символистік жырларының алтын арқауы—Күн болады да, оның күміс сәулесі әр өлең-жолдарында көрініс беріп тұрады.

Бастау қара болғанға мен сенбеймін,
Түн болсыншы тіршіліктің анасы
Күнге жауап берер, жүрек, сен деймін,
Көлеңкеңнің көрінбесін қарасы,—
деген шумақта тұспалмен жазылған өлеңнен алынып отыр.

Қалай дегенмен де ғасырымыздың басында батыс және орыс әдебиетіне келген символистік поэзия жырсүйер қауымның жүрегінен мықты орын алғаны рас. Жоғарыда есімдері аталған орыстың әйгілі ақындарымен қатар шыққан біздің жерлесіміз, айтулы ақын Мағжан Жұмабаев та әлем әдебиетінде болып жатқан жаңалықтан құралақан емес. Табиғатынан талайтты, зерделі де сергек ойлы, батыс пен шығыстың әдебиетін, оның тарихын, тіпті, жас кезінен бойына, жанына, қанына сіңіріп өскен қазақ ақыны өзі өмір сүрген дәуірдің қара түнек, ең бір қиын—қыстау кезеңін шығармашылығында ерекше айқын, бедерлі білдіріп, ол өзінің бұл әдісімен адамгершілік және көркем ойлаудың жаңа бір типтік түрін ашты деп есептеймін.

Ақын «Күншығыс» деген өлеңінде бірінші дүние жүзілік соғыста араласқан батыс елдерінің жай-күйін, соғыстың халыққа қасіреттен басқа ештеңе әкелмейтінін былай суреттейді:

...Күнбатысты шаң басқан,
Шаң емес, қара қан басқан.
Тарсыл-күрсіл қанды атыс.

Көп білем деп бөлуге,
Көп күлем деп өлуге,
Жақын қалды Құнбатыс.
Дари еді ол өкірген,
Шапшып көкке лепірген,
Жемірілді кемері.

немесе, «Жүгіленді қара орман» деп аталатын өлеңіне үніліп көрелік:

Жүгіленді қара орман

Қарағай, қайың аралас.

Мәңгі мылқау қара орман,

Көктегі күнмен шамалас.

Аппақ кебін бүркеніп,

Мылқау орман түс көрер.

Жел аза боп өртеніп,

«Әпсүн» оқып үшкірер.

Мәңгі мылқау кәрі орман,

Бық етпейді түс көрер,

Жел мінезді ессіз жан—

Маған түрлі ой келер.

Ұйықтасам мен орман боп,

Тәтті-тәтті түс көріп,

Бетімнен тұрса жел жүріп,

«Әпсүн» оқып, үшкіріп,—

Бұл да Мағжанның тұспалмен жазған терең ойлы өлеңі. Мұндағы «Қара орман» жәй ғана өзіміз күнде көріп жүрген орман емес, Ұлы орман. Мағжан ақынның «қара орманы» «көктегі күнмен шамалас». Күнмен терезесі тең, немесе одан да зор. Одан да асқақ тұрған не? Ал Мағжан Жұмабаев ақын «қара орманға» ұқсап ұйықтап тәтті-тәтті түс көргісі келеді, онымен тілдескісі келеді. Иә, жиырмасыншы ғасырдың басында-ақ қазақ поэзиясына тың белең болып келген талантты ақын тәңірмен осылай тілдесуге талпыныс жасайды мұнда. Осы арада тағы бір айта кететін жәй мынау, ақынның табиғат құбылыстарының сырларына терең бойлап, олардың жұмбақ құпияларын біздің алдымызға жайып салуында. Оған тірі адамдай мінездеме беріп, суреттеуі де бейнелеп, тұспалдап (символика) жазудағы ізденісінен туған жаңалық.

Мағжан Жұмабаев символист ақын деп 1920-30 жылдары баспасөздерде талай-талай сыналды да. Десек те символист Мағжанның қазақ әдебиетіне, оның ішінде поэзиямызға әкелген жаңалықтары орасан. Өлеңнің музыкалығы, сыртқы түрі (формасы) бояуының айшықтылығы бейнет тұспалмен жазылуы—Мағжан Жұмабаев шеберлігінің нәтижесі.

Сыршыл ақынның атақты «Шолпы» деген өлеңі де символистік шығарма. Сезім тасқынына құрылған өлеңді оқып отырып, тамаша рахат құшағына, сұлулық аясына тап боламын. Сұлулыққа тап болу, ғашық болу адам баласының басына қонған бақыт.

Ендеше, «Шолпы» өлеңі бізді сол бақытқа жолықтырады. «Шолпының» сылдырымен сіздің жүрегіңіз бірге соққандай, жаныңыз жадырап, сізді қоршаған мынау орта, жер-дүние өзгеше әсем, өзгеше көрік болып кетеді емес пе! Енді сол өлеңді оқып көрелік:

Сылдыр-сылдыр-сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр
Шық-шық жүрекке тиеді,
Құлпара талқан боп сынғыр.

Сылдыр-сылдыр-сылдыр...
Өзекті өртеді құрғыр.
Әдейі іргеден жүреді,
Сұлу қыз санадан солғыр!

Сылдыр-сылдыр-сылдыр...
Жүректі жандырды құрғыр.
Кеудені кернеді жалын,
Сәулем, періштем, тез кір!

Сыбырға айналды сылдыр
Есімнен аударды құрғыр.
Лебізіңнен еріп барамын,
Жаным-ай, жақында қол бер!

Сылдыр-сылдыр-сылдыр...
Талдым, қалды сұлдер.
Сыбырғаа айналды сылдыр
Сылдыр-сылдыр-сылдыр...

Мұнда тек қана қыз шашындағы шолпының сылдыры. Басқа ештеңе де жоқ. Музыкамен берілетін дүниені дүлдүл ақын қазақтың сырлы, сиқырлы, әуезді тілімен қағазға түсірген. Не деген кереметтік. Қазақ әдебиетінде мәңгі қала-

тын хрестоматиялық шығарма қатарына өз басым «Шолпыны» да қосар едім.

Атақты ақын Мағжан Жұмабаев «Пайғамбар» деген өлеңіне эпиграф етіп Мережковскийдің «Дети ночи» өлеңінің:

Устремляя наши очи,
На бледнеющий Восток.
Дети скорби, дети ночи,

Ждем, не придет ли наш пророк,—деген жолдарын алған скен. Өзінің бейнешіл (символист) әріптесіне еліктеді ме, әлде Мережковскийдің аталмыш өлеңіне күншығыстан шыққан пайғамбар мен деп жауап бергісі келді ме:

Күнбатысты қараңғылық қаптаған.
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәңірісін табанына таптаған.
Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақтаған.
Білген емес иман деген не нәрсе,
«Қарын» деген сөзді ғана жаттаған.
Түн баласы түнерген түн жамылған,
Аллаға емес, әзәзілге табынған.
Інжілді өртеп, табанға сап құранды,
Әділдікті күткен ессіз қарыннан.
Қап-қара түн.
Қайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар
Мен келемін, мен пайғамбар—күн ұлы.

деп кете беретін жолдар «Пайғамбар» өлеңінен үзінді. Мағжан ақын қандай өлең жазсын, не туралы жазсын ащы да айқайлап жазады. Ашынған жаны, тасыған қаны Мағжан өлеңінің әр жолынан көрінеді. Патшалық заманның тегеуірінді тепкісін бастан кешірген қазақ халқы, оның алтын айдарлы ақыны Кеңес өкіметінің келгеніне қуанып, құшақ жайып қарсы алған еді, ол ойы мен арманы керісінше болып шықты. 1917 жылғы төңкерістен, азамат соғысынан, 1921-1932 жылдарғы аштықтан, зорлықпен колхоздастырудан зықысы шығып, азапқа түскен; қырылып, құрып кете жаздаған, халқына жасалған геноцидті көрген, өзі де соның азасын бастан өткерген ақын «Пайғамбарды» жазды. Тұспалмен жазды. Мағжан Жұмабаев ұлтжанды да, нағыз азамат ақын. Онда ұлттық намыспен әлем биігінен сөйлей алатын азаматтық үн басым. Ол көркем бейнелеудің бар қаруын тү-

гел және толық әрі ұтымды пайдаланып, өзге ақындар айта да, пайдалана алмайтын сиқырлы сөзді, батыл ойларды айта алатындығы Мағжанның өресін асқақтатып жібереді. Оның поэзиясынан бейнелеп айту, (символика) көркем ойды сұлу суретпен өрнектеп, ішкі-сыртқы сұлулықтың нәзік қылын бірдей тартқан үлкен суреткерді, ұлы ақынды танимыз.

1905 жылы Валерий Брюсов орыс символизміне арнаған «Қасиетті құрбандық» деген мақаласында, «біз ақыннан «қасиетті құрбанбықты» талап етеміз. Ол өзінің өлеңдерін ғана емес, өз өмірінің әр сағатын, сезімінің сүйіспеншілігін, өшпенділігін, Жетістігін «қасиетті құрбандыққа» жұмсауы керек. Ақын өзінің кітаптарын ғана емес, өз өмірін де қай-керек. Ақын өзінің кітаптарын ғана емес, өз өмірін де қайта жаңғыртуға тиісті»,—деген екен. Өздеріне осындай талаптар қойған символистер поэзиясына талай-талай жаңалықтар әкелгені шындық. Ал біздің Мағжан Жұмабаев болса тек қазақ поэзиясына ғана емес бүкіл түркі тілдес халықтар әдебиетіне поэзиясына ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтар әдебиетіне, поэзиясына да әсері мол. Өлеңнің сыртқы түріне, (формасына) оның музыкалылығына, ұйқастарына көп өзгерістер енгізілді,—дедік. Бұған ақынның «Біраз Фетше», «Александр Блокқа», «Мені де өлім әлдиле» және тағы басқа өлеңдері жатады. Қазақ поэзиясында ұш, алты буынды өлең Мағжаннан бұрын болған емес. Және мұның әуезділігі де өзгеше естіледі. Мәселен ақынның «Біраз Фетше» деген өлеңін оқық: ғашық болған екі жастың жібектей түндегі кездесуін ақын былай суреттеген. Оны ол символика тілімен, белгімен, тұспалмен жазған:

Жібек түн,

Бәрі тын.

Сайраған,

Жайнаған.

Екі жас—

Екі мас:

Жүрек мас,

Көзде жас!

Француз және орыс символистерінің біразы жер бетінде ұлы, тарихи катаклизмнің (топан су, төңкеріс т. б.) болатынына елді сендіргісі келді. Ақыр заман болса екен, одан кейін жер бетінде жаңа өмір басталар еді, жаңа мәңгілік дәуір орнар еді деген қағида да болып келді. Олардың ойында содан кейін адамзат тіршілігінде трагедиялық қайшылықтар мүлде жойылады. Орыстың көптеген атақты ақын-

дары өмірден түңілген, өлімді аңсаған өлеңдер жазды. Жер —дүннені от алып кетсе екен, топан су басса екен, сонда жаңа тіршілік, бүгінгіден басқаша өмір құрар едік деген сарын басым жатты олардың өлеңдерінде.

Бір қуанарлығы, кемеңгер акын символист Мағжан Жұмабаев өлім туралы қалам тартқанымен өмірден безініп, түңілгендік байқатқан жоқ. Мағжанның «Мені де өлім әлдиле» деген өлеңіне назар салайықшы:

«Балдырғанмен бастасын,
Сұлумен қол ұстасып,
Жас ұланмен жолдас боп,
Жас қайыңды қолға алып,
Баланы сүйіп бір қанып,
Жолаушымен мұңдас боп,
Мен де тезірек өлейін,
Әлі жаспын демейін,
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де өлім әлдиле...
Әлдиле, өлім, әлдиле!

Адамның басына не келіп, не кетпейді. Қуаныш та, қайғы да бұл тірлікте қат-қабат келіп жататын әдеті емес пе? Бір күні қуанасың, бір күні қасірет құшасың, қу тірліктің қатпарында қандай құпия сырлар жатқанын кім біліпті. Оның саған не сыйлайтынын да білмейсің. Өмірде кездескен өкінішті сәттерде, жан дүниені құлазып, төңірегіне қаның қарайып қараған кезде, бұл тірліктің не қажеті бар маған дейтін уақыт та болып тұрады. Ашынған тұста бәріміз де құрысын дейміз... Содан соң... райымыздан қайтамыз. Әр жұмыр басты пенденің басында болатын осындай қайғылы жағдай арқалы акын Мағжан Жұмабаевтың да төбесінде кара бұлт болып иірілмеді деп кім айта алады? Бірақ, Мағжанның қарапайым адамнан ерекшелігі ол акын. Сондықтан акын қуанса да, қайғырса да көкірегіндегі толғанысын ішіне сақтап тұра алмайды. Тезірек қағаз бетіне түсіреді. Жаңағы өлең де жан ашуынан, қатты қиналғанда қасіретке ұшыраған ақынның жүрегін жарып шыққан бір сәттік сезім оты...

Мағжанның жан жары, сымбатты Зейнеп кенеттен қайтыс болып, жалғыз ұлы Гражданнан айрылса, оған қоса ақынның бір өмірінің өзі трагедия екенін ескерсек, оның дәл осындай, тіпті, бұдан да ащы өлең жазуына болар еді. Бірақ ер де асқақ мінезді акын өмірді жырлаушы. Оның күңірленуі, назалануы, жылауы мүмкін, бірақ ол ешқашан өмір-

ден түгілмеген өмірден безінбеген. Өмірден безіну ақын үшін күнә. Ақнық ақын Мағжан Жұмабаевты күйгелек, жарық дүниені талақ етуші деп түсінбеу керек. Оның табынғаны да, жырлағаны да өзінің жайбасар, марғау мінезді қазақ деген халқы. Оның шетсіз, шексіз даласы, сұлу табиғаты, мөлдіреген аспаны.

Мағжанның «Мені де өлім әлдиле» деген өлеңін 1920 жылдары қазақ-татар жастары әнге қосып айтатын болған. Әуені романс тектес болып келеді екен. Кезінде лентаға жазылмай қалды. Ал ол әнді білетін және орындап жүрген адам да дүниеден өтті.

Ардақты жерлесіміз, сегіз қырлы, бір сырлы азамат, ақын Мағжан Жұмабаев өзінің символистігі арқылы қазақ поэзиясына бірталай жаңалық енгізген реформатор.

Европа, орыс символистерімен терезесі тең тұратын. Кейде олардан да жоғарылап кеткен қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев өз өмірінің, өз халқының тіршілік-тынысын, бүгінгісі мен келешегін бар болмысымен шығармаларына алтын арқау етіп тартты.

ӘКІМЖАНОВ З.—облыстық «Ленин туы» газетінің бөлім меңгерушісі.

ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ ПАЙҒАМБАРЫ

Тағдыры тауқыметі, тар жол, тайғақ кешуі мол, тартқан азабы көп, тозақ кешкен, мұңлық ақын, тамаша дарын Мағжан Жұмабаев шығармашылығы турасында сөз қозғаудың салмағы зіл батпан тартады десем, асыра айтқандық емес. Мен мұнымен баяндаманың салмағын арттырайын демеймін, керісінше осынау үлкен тақырыпқа қалам тартарда жеріне жеткізіп айта аламын ба деген секем мен үміт араласқан жауапкершілік жүгінен жүрексінгенімді сездіргім келеді. Өйткені қашанда көзін көріп, үнін естімеген адам хақында, оның шығармашылық дарыны, ақындық күш-қуаты жайында сырттай сөз ету аса оңай емес. Бізді мұндай күйге түсіріп отырғаны да ақындық ғұмырына осыдан алпыс жылдай бұрын уақыт бұғалық салынып, өмірі қиылған аяулы ақынның жырларының каншама уақыттар ойы санамызға сіңбеуі ғой.

Жасыратын несі бар, Мағжан дүлей, озбыр күштің құрбандығы болған жалғыз, дара дарын емес. Мұндай ұқсас

тағдырлар басқа да әдебиеттерде, жалпы ғаламдық мәдениетте жеткілікті. Бұлардың басындағы ортақ зобалаңы да сол—қара күшті бауырына басқан озбыр, аужар заманның құлақкесті құлы болмай, көкейдегі ақиқатты шынайы дарынға ғана тән қайсарлықпен ақтық демі таусылғанша айта білгендігінде. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, қай уақыттарда, қашанда болмасын ұлы төңкерістер ұлы құрбандықтар жасаған. Өйткені белгілі бір төңкеріс белгілі бір дәуірді орнатады. Демек, жаңа дәуірдің өзіне тән заңы, көксеген мақсат-мүддесі, ой-өрісі, сол мақсат-мүддені алға ұстап, соған қызмет ететін идеологиясы болды. Ресейде ескі дәуірді құлатып, жаңа большевиктік өкімет билік төріне шыққан да большевиктік идеология да ілесе келгенін ешкім теріске шығармаса керек. Жаңа кезеңге бұрынғы идеология, оның ішкі заңдылықтары қызмет етпейтін болғаны да рас. Бұл үшін ескіні құлатып, жаңаны орнықтыру қажет болды. Алайда, расында да, Ресейде сол кезде шығармашылықты, мәдениетті, ғылымды, қысқасы бүкіл рухани дүниені пролетарлық дүниенің ырқына бағындырудан басқа тәсіл болды ма, өзі? Мұның пролетариат диктатурасы күштеп, білекпен, шекке таянған тапаншамен жасалғаны жасырын емес. Өйткені Лениннің өзі «Біз үшін заң деген не? Заң біз үшін үстем таптың еркін білдіреді. Демек, біздің заң—пролетариат диктатурасы!» деген болатын. Осыдан барып, әдебиеттің партиялылығы деген шықты. Мұның өзі шығармашылық күш-қуатты, жалпы творчество адамын байлап-матап, партияны, пролетариат диктатурасын мадақтатудың жолы болды. Міне, Ресейдегі Ұлы Қазан төңкерістің әкелген басты зияны қазір осы деп білу керек. Біз қазір шығармашылық, жалпы рухани байлықтарға осындай озбырлық жасалғанынан шошынып, көптеген тамаша орыс зиялылары шет елдерге ат-тонын ала қашып, бас сауғалап аман қалғанын біліп отырмыз. Олар қарақан бастарын ғана аман сақтап қалған жоқ, сонымен бірге өз идеяларын, өз мақсат-мүдделерін, озбырлыққа қимайтын еркін шығармашылық серпіндерін, жүректегі ізгі арман, сезімдерін мына қара күштен сақтау үшін қашқаны анық.

Ал Ресейде жаңадан күш-қуат дарыған жас пролетарлық мәдениет осы пролетарлық мақсаттардың тегерішін тегуірінді түрде айналдыра бастады. Сөйтіп, РАПП (Пролетар жазушыларының Ресей ассоциациясы) құрылды. Одан Қазақ даласы да құр қалған жоқ. Бізде де айқай-шуға, жаға жыртпайға жетіп қалған дау-дамай өрістеп берді. Сөйтіп РАПП-

тың Қазақстандағы көшірмесі ҚазАП дүниеге келді. Бұлардың екеуінің де ұраны «Бізге ермегеннің бәрі бізге дұшпан» деген болды. Сөйтіп, шет елге қашпаған, алайда жүрегінде тұлаған шымыр жырға ешқандай пролетарлық астар, сипат бермеген ақындар сол ұраншылдардың жауы болып шыға келді. Қашанда рухани дүниені допша тепкілеп, астына басып алатын саяси алпарыстар әлжуаз, әлі-дәрмені қораш, алайда ақиқатқа ғана бас иетін шынайы шығармашылық адамдарын шетқақпай қылып тастады. Тысқары сытылып кетпегендердің көбі көсемдерді мақтап, партияға табынып, сол озбыр заманның Оразбайларының ығына тығылып өң, сипатын өзгертіп күн кешті. Қазір орыс әдебиетінде әйгілі революция жаршысы Маяковскийдің тұлғасы күн сайын солғындап бара жатқаны сол кезеңнің бүгінгі күнге жеткені тарихи шындық болып отыр. Әйтпесе саяси плакаттарға өлең шығарып, көсемді мақтап «Ленин» деп дастан жазып, заманды марапаттап көзін жұма салып «Жақсы» деген дастанымен дауылдата «Орақты, балғалы!» дәуірге табынып күн кешер ме еді? Болмаса етік, бөтенке сататын дүкендерге ұрандатып:

Жауын жауын,

Жауасың сен негізсіз.

Мен бәрібір

Жүрмеймін ғой кебіссіз,—деп өлең жазар ма ақын?!

Бұл енді, шынайы жүректен тұмаған, тапсырмамен жазылған өлең екені даусыз ақиқат қой.

Алайда ақындардың бәрі Демьян Бедный яки Маяковский болмағанына тарих айғақ. Орыс әдебиетінде ондайлар жеткілікті. Мысалға Александр Блок пен Сергей Есенинді алсақ та болады. Әсіресе соңғысы нокта, құрық тимеген шу асаудай арындап, төңкерісті мойындағысы келмеді, мойындамады да. Содан барып, өз өмірін өзі қиды. Алайда оны Ресейді, Отанды сүймеді деп ешкім де айта алмаса керек.

Жырым енді айғағы емес өр үннің,

Өзім де өлдім, біттім, тындым, көмілдім,—дейді ол «Советтік Русь» деген жырында.

Осы жырында ол

Шаруаның комсомолы келеді,

Айтатыны Демьян Бедный өлеңі.

Өзгерістер болып жатыр не деген,

Белсенділер шырқайтыны сол өлең,

еп жүрегі сыздай сыр шертеді.

Міне, кейіндері орыстың осы ұлы акынына төңкерісті түсінбеді, оны жүрегі сезінбеді деген айдар тағып берді. Әсте де олай емес, өлең үшін ғана жаратылған акын, жырына саяси жағымпаздықты қоса алмаған, жүрегі оған дауламаған акын, сол төңкерісті түсінгісі келмейтіні, оны қабылдамайтыны тарихи ақиқат.

Ендеше Мағжан тағдырын да осындай сипатпен бағалау ләзім. Өйткені Қазақстанда «Кіші Октябрь» сонау «Ұлы Октябрьдің» ойранын жасап жатқан. Белсенділердің, саяси жағымпаздардың неше атасы шығып, еркін дарынға, самғау талантқа құрық тастап, зорлап, байлап—матап әкеліп, пролетариат әдебиетінің азаншысына айналдырмақ болды. Мағжан поэзиясы мұндай бұғалыққа көнбейтін, есептеп жазып, сөсекше бас шүлгі беретін поэзия емес-ті. Қазақ даласында Мағжан да, Ахмет Байтұрсынов та, Міржақып Дулатов та, басқа да зиялы адамдар да пролетарлық дүниенің заңдылығына бас ие қоймады. Шәкәрім болса қоғамнан жырылып, окшау тірлік іздеп, тау-тасты кезіп, өз алдына пәтуана күй кешті. Ақыры ол да оққа ұшып, жүректегі өзіндік ғұмыры, болмысы идеясы үшін мерт болды.

Замандағы осындай қиян-кескі құйтырқы заңдылықтың бұғалығына басын имеген Мағжан, әрине, окшау қалады. Оған үнін өшіру, даусын шығармау үшін. «Байшыл», «Түрікшіл», «Ескі дәуірді көксеуші», «Хандардың жоқтаушысы» деген нешік түрлі бәлелердің ошағанша жабысуы осы тұс болатын. Ендеше, Мағжанды «ұлтшыл акын, ол сол ұлтшылдығы үшін өліп кетті!» деп айтқан сөз орынсыз. Анығында, Мағжан өзінің саяси жағымпаздықтан тысқары, одан әлдеқайда асқақ та самғау тұрған жыршылдық бостандығына бола мерт болды деу орынды да қисынды.

Сөз жоқ, Мағжан өз тұсындағы һәм одан бұрынғы классикалық әдебиетті жетік білген. Оған дүниедегі ең таңдаулы акындар, жазушылар сара жолды нұсқап, адамгершілік пен адамзат баласы алдындағы парыздың мұрагер-мүдделерін мирас етіп бергені анық. Ол өзінің айналаны жетік танып —біле бастаған зеректігінің аркасында осы мұралардан ана-төсінен нәр алғандай еркін еміп шыңдалғаны да бүгінгі бас иіп, тағзым егерлік сипаты. Сөйтіп, ол қазақ жырына жүрек шымырлатар сазымен, нәрімен және жаңа үрдістерімен үйлескен өлеңдерді әкеліп қосып берді. Оның ертегідегі сағаттап емес, минуттап өсетін батырлар сынды тез жетілген ақындық қуат-күші ересен. Ол жаңа, өзіне дейін ешкім айтпаған, ешкім қозғамаған тақырыптарды тыңнан

кескіндеп, сезімге әсері ересен шумақтарды төгілтеді. Ол қуатты ағын, күшті дауыл іспетті бірде олай лықсып, бірде былай үйіріп, жырдың күш-қуатын аспанға асқақ көтеріп жібереді. Оның соры да осы тамаша ақындық күш-қайраты болғанға ұқсайды. Оның көптеген жырларын замандастары дұрыс аңғармай яки астарын, ішкі серпінін сезіне алмай, бұрынғы қарапайым қалыптан асып кеткен жаңашылдық үрдісін ұға алмай, әуре-сарсаң болса, немесе тіпті қызғанса, сол жырларды теріс бұрмаламаса қайтеді? Әйтпесе соның:

«Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
Толқын мен толқын жарысад,
Күңіренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен
Жарысып жарға барысад»

деген тамаша әрі философиялық, әрі суреткерлік сұңғылалығына сұқтанар ма еді? Сұқтанады, сүймейді, қызғанады. «Осыны мен неге айтпадым, япырмау, мынау қалай көсіледі, бауыры қалай жазылады, жыр тұлпары қалай-қалай тепсінеді, зырлайды!» деген сұғанақ көздер болмады ма? Әри-не, ондайлар жетіп жатты. Міне, солар Мағжанды түсінбегенсіп іліп-шалды. Содан барып, оның тамаша жыры жүнін жұлған қырғауылша қораш күйге түсіріліп, жырға саяси астар тағып, ақынды оттың ортасына лақтырды. Соның салдарынан «Толқын» өлеңінің тоны айналдырылып:

«Иваннан Иван туады,
Иванды Иван қуады.
Екі Иван төбелесіп,
Бір Иван құлады»,—

деген саяси пародиямен Мағжанды ұрып жығады. Сонда өңі теріс бұрмаланған өлеңнің астары «Мағжан толқынды емес, орысты мазақ қылып жазып отыр. Міне, бұл өлеңде осындай астар бар?» деген пасық пиғылды бықсытып, отқа май құяды.

Бұл фәниде адамға ең ащы қиянат оны қоршаған ортасының түсінбеуі болса керек. Мұндай қиянат, әсіресе шығармашылық адамына ауыр тиері даусыз. Тағы да орыс әдебиетіне жүгінсек, Пушкин де, Лермонтов та өздерін айналасын дағылдардың түсінгісі келмегендігінің құрбаны болып, оққа ұшқаны мәлім. Өйткені мұндай қиянат оларға жоғарыдан жасалғаны анық еді ғой. Содан барып Лермонтов Пушкинге «Өлді ақын, ар-намыстың құрбаны» деп жыр арнаған. Ал Мағжанға ара түскен кім бар еді? Алаштың сүт бетінде

қаймақтарын озбырлықтың ожауы іліп алып, құртып жатқанда бас сауғалаған төменгі тобырсымақтан ондай қауқар-қайрат табылар ма еді? Қайта қара күшке дауа болғандардың артынан кесек атып, қара күйені қалындатып, «Жұмабаевшина», «Дулатовшина», «Байтұрсыновшина», «Бөкейхановшиналарды» көбейткен бейбақтар соларды оққа байлап, аман қалды.

Ал Мағжанның ұлы ақын, ұлы философ екендігі жөніндегі айғақтар мен дәйектемелер кейінгі жылдардың, ақын ақталған кездегі күндердің әні. Әйтпесе «Абай — ақылдың ақыны, Мағжан — ақынның ақыны. Ақын ретінде Мағжан Абайдан мықты!» деген сөздер сол шақтарда айтылса, бұл Лермонтовтың Пушкинге араша тұрғанымен бірдей ерлік болар еді ғой.

Осы ретте Мағжанның ақындығы туралы тамаша дарындылықпен, асқан білімпаздықпен жылы жүрек лебізін арнаған Жүсіпбек Аймауытов, оның асқан дарындылық дәреміне бас иіп, тағзым етіп өткен Мұхтар Әуезов сөздері қайран қалдырады. Осы орайда манадан ері біз сөз етіп отырған қарама-қайшылықты — ақын шығармашылығына екідай пікірді — Жүсіпбек Аймауытов жақсы көре білген. «Мағжан өлеңдерін аса құнттап, бұлдап жарыққа шығаратын Мағжан шылар да бар, іске алғысыз қылып өртеп жіберу керек дейтіндер де бар. Қысқасы, Мағжанның қасы да, досы да бар, мақтаушылар нені біліп мақтап жүр, жамандаушылар не үшін жамандап жүр?»

Міне, осының өзі Мағжан поэзиясына деген пікірлердің саналуандығын сездіреді. Меніңше, сол кездері Мағжанның өлеңдерін таптық көзқараспен, саяси бағдармен топшылағандар ғана оны түсінбегені анық. Ақынның сыршылдық, жыршылдық ішкі дүниесіне үңіле білгендер ондағы жанартаудай жарқырап, аспанға от шашып жатқан күш-қуатты танып, көре білген.

Осыдан барып, Мағжанның сыршылдық, жыршылдық дүниесінен біз нені көріп, нені таңдап аламыз, несіне сүйсінеміз деген ой өздігінен келіп шығады. Сонда әуелі Мағжанның жаңашылдық сипатын алдымен атап алуға болады. Бұл жаңашылдық формалық өзгерістерде емес, оның лирикаға жаңа эмоциялық серпін әкелуінде жатыр-ау деп топшылауға болады. Осы тұста бір айта кететіні — Мағжан еліктегіш ақын. Алайда еліктей отырып та ол өзіндік сара жолмен кетеді. Сонда ол жақсы ұстаздан дәріс алып, ақыр-

соңында оның өзінен асып түскен, озып шыққан дарынды шәкірт болып қалады.

Күншығыстан таң келеді мен келем,
Көк күңіренеді: мен де көктей күңіренем.

Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,

Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем.

Бұл шумақ ақынның әйгілі «Пайғамбар» атты жырынан алынған бір сыр іспетті. Мұндағы ақынның романтикалық рухы, өзіне өзі қуат беруі ерекше де ересен. Ақын ойы қиялға сілтеп келеді, қанаты талмай көк жүзін қиялай құлаш созады. Қысқасы, шабыт атты қас тұлпардың тізгіні ақынның қос қолында. Бұған дейін қазақ поэтикасында дәл осылайша, нақ Мағжанша ақпінмен, лирикалық сезімталдықпен, өзіне өзі қуат, күш бере жырлаған ақынды табу қиын.

Қайғыланба, соқыр-сорлы, шекпе зар,
Мен—Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар.

Осы орайда тағы бір мәрте Мағжанға өзге әдебиеттердің, әсіресе Байронның романтикалық жырларының мықты әсері болғанын атап айту орынды. Одан бері де орыстың романтикалық стильдегі ақындарынан дәріс алғаны тағы да сезіледі. Алайда Мағжан олардан асып түседі де өлеңдеріне ішкі қуат пен сыртқы сұлулықты қатар үйлестіреді.

Өздеріңіз көріп отырғандай, Мағжан лиризмі жалаң емес, онда бірқатар суреткерлік қырлары қатар қамтылады. Мағжан өз тарихын тамаша білген ақын. Міне, бұған дейінде өз тұтастары арасында да оны Мағжаннан артық жазған ақын болған емес. Мағжан өзінің түп атасы түрік екендігін, арғы тамыры Гүнде жатқанын қаймықпай жазған. Және де соны әдемі, сезімге зор эмоциялық әсері бар шумақтармен шырайлы ере білген. «Күншығыс», «От», «Жер жүзіне», «Түркістан» сияқты өлеңдерінде осылайша ата-тегің, шыққан жұртын мақтан ететін қанатты ойлар көп-ақ. Мағжандағы ақындық дүр қуаттың да дауылдаған сыры осы туған жерден, ата тектен нәр ала самғап кетуі екені әбден аңғарылады.

Осы айтылғандардан туатын бір қорытынды мынау: Мағжан жырында өзін-өзі дәріптеу емес, өзіне өзі қайрат беру, өзін өзі шыңдау шебер өріледі. Оның айқын мысалы «Мен кіммін?» деген өлеңі.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар,
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте—бұлт, жерде —желмін гулеген,
Жер еркесі—желдің жөніп кім сұрар?
Көкте—Күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк
Ерігемін —толқып, шалқып, тасамын!

Ақын жанын ұға білген адам осының бәрі анық, осының бәрі ақиқат, қисынды дүние дер еді. Егерки нақ осылайша сезінбесе Мағжан Жұмабаев болмауы да ғажап еді. Бірақ, табиғат Мағжанға сыйлаған осындай пафос, ерлік, ерлік оның жүрегінен дауылды жыр болып, пәрменділік әлеміне алып барады. Жалпы ақындардың осылайша өршіп, шалқып кетуі тегін емес. Мысалы Ұлы Пушкин «Ескерткіш»—өлеңінде өзіне жырмен ескерткіш орнатқанын, сол ескерткіштің Александр патша мүсінінен де биіктеп кеткенін, болашақта мен туралы дәріп, мақтау, мадақ сөз бар әлемге тарайды. Мені түптің түбінде славян да, тунгус та, Қалмақ та аузынан тастамайды!» деп көрегендік жасаса—мұны оған ақындық болмысы мен сәуегейлігі итермелеп отыр деу керек. Ендеше, Мағжан да өзінің Күн екендігін, Тәңір екендігін қазақ жұртына тайға таңба басқандай танытып-ақ кеткен. Және де мұны айтқанда Мағжан отызға да жетпеген екен. Біздіңше айтқанда бала ақынның жас шамасы. Алайда Мағжан сол кездің өзінде қалыптасып, пісіп, жетілгені анық сезіледі. Демек, бұл да оның ақындық дарындылығының табиғи заңдылығы.

Мағжанның тамаша өлеңдерінің бірі—«Жан сөзі». Оның бұл өлеңі жиырма алты жасында жазылғаны жырдағы «Енді бір ай жиырма жеті жасқа келем» деген жолынан-ақ аңғарылады. Ақын осы жырында лирикалық сұлулықпен бүкіл тағдырына саяхат жасайды. Өзіне өзі нақақ күйген кездерін, де, жоқтан төгілген көз жасын да, сағынышты жоқшылық пен оғаштықта, оқшаулықта өткен жылдарына өкінішпен жазғандай болады осы жырды. Осы «Жан сөзі» жыры ақынның бүкіл адами ақындық тұлғасының таразысы іспетті көрінеді. Бұл жырда ақынның романтикалық, серпінді шағынан гөрі басына пендешіліктің қара бұлты үйірілген, достан кұрып, дұшпан күйіп, жер болған, жанары төменшік тартқан, желкенін жел кермеген, шабыты суалған шағында нақ ұсталатын 1929 жылғы кезіндегі сыры атойлайды. Өлеңімен өзіне өзі сұрақ, жауап анкетасын беріп, ақын:

Дарига, сол күндерде күнің қараң,
Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған.
Болғайсың, сыншы болсаң, әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған!

Мені атама, бұл жүрек — жыңды дерсің,
Ұмтылған аламын деп Күнді дерсің.
«Сүйіп-күліп, күйіп—көз жасын төгіп,
Жыңды жүрек өлді де тыңды!» дерсің,—деп.
сілгендей болса—оның бұл соңғы сөзі, елімен, жұртымен
қоштасу сөзі деп білген жөн осы өлеңді. Бұл жыр—ақын-
ның болашаққа, мына қазіргі заман жұртына арнауы деп
бағаланса құба-құп!

Мағжан лирикасындағы ендігі бір ерекше жазылған
жыр—«Мені де, өлім, әлдиле» Үрдіс, мүсінделуі жағынан
қазақ жырындағы өзге өлеңдерден өзгеше бұл жыр ішкі
композициясы бөлек, оқылуға жеңіл болғанымен ойы, мұ-
рат—мақсаты зіл—батпан, жаныңды езіп, көңілді құлазы-
татын шымыр да шыншыл. Мағжан горыға отырып, үміт
артады. үміттеніп отырып торығады. Өзіне өзі сыр ашып,
өзімен тілдеседі, өлімге мұңын шағады. Адам басына бер-
мейтін бір ауыр мұң, шерді арқалайды. Соңғы екі тармағы

«Мені де өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!»
деп аяқталып отыратын осы жырдағы риторика тәтті мұң-
ды қияңқы қарсылықпен мазақ қылған ақынның көңіл-
күйін анық ұқтырады.

Егер Мағжанның махаббат лирикасын айтпасақ онда
Мағжанның асқан лирик екендігін айғақтамағанымыз бо-
лар еді. Бұл тұрғыда Мағжан қазақтың сүйіспеншілік жыр-
ларына сара жолды салып бергені анық ақсиома.

Сүйіспеншілік жырларын жазуда Мағжан алдына жан
салмаған тайпалған жүйрік екені оның осы тақырыптағы
қай өлеңінен болсын сезіледі. Бұл жөнінен ол Абайдан да
биік тұр. Ол әйел затын ессіз сүйіп, махаббат отына күлөл-
сіз, күмәнсіз беріле күйіп, сол ыстық сезімді қызуы қашпа-
ған күйінде жып-жылы жырларымен кестелеп беретін та-
маша суреткер.

Махаббат сезімі осы уақытта атойлап, осы кезде шырын
сезім бірте-бірте күшейген ағындай шымыр сезімге айналып
жүре береді. Пушкин де, Абай да махаббат лирикасын
беріле жазғаны айғақты. Бірі Анна Кернге, бірі Тоғжанға

арнаған өлмес жырлар қалған. Мағжан сезімінен де осындай мәңгілік жырлар жасалып, ғұмыр-тірлігі ұзақ болып қала береді. Мағжанның махаббат лирикасы шыншыл, қазіргі кейбір ақындардай бесігінен бүлініп, бүлдіріп тастап, соны шатпақтап өлеңге айналдырып жататын жасанды махаббат, жалған сезім емес, ақын шындығы екендігіне бас-несің.

Келші, кезім, күн бетінді көрейін,
Сүйші, сәулем, тұңшығып мен өлейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды — жүзік, Айды — алқа ғып берейін.
Немесе «Сүй, жан — сәулем» өлеңіндегі:
Шашың — кара, денең — ақ бұлт, жүзің — Ай,
Тісің меруерт, көзің — сәуле, құралай.
Ләззат, рақат, бақыт бәрі қойыңда
Сұрамаймын енді Ұжымақ — жақсы жай!,
я болмаса «Гүлсім ханымға» өлеңіндегі:
«Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,
Көктегі Күн күлмесін, Гүлсім күлсін.
Гүлсім — Күн, көкте ақырын жүзе білед —
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

деген жолдардағы шолпы сылдырындай сезім, бұлақ суындай кәусар тазалық Мағжан Гүлсіміне ескерткіш, махаббат мүсіні емес деп кім айтар! Гүлсім — Мағжанның махаббат биігі, сүйіспеншілік пен сезімінің шыңы. Сондықтан да осы — Гүлсім Камалованы оқыған, зиялы, әсем жанды, сұлу дидарлы періштені Мағжанның Анна Керні, Тоғжаны деп білеміз.

Осы айтылғандарға қайталап бір соқсақ, махаббат лирикасында Мағжан өз топырағымыздан әрі асып, кез келген ең дүр, ең жетілген, ең биік әдебиеттің қандай да үлкен дүр жыршысымен бәсекеге түсе алады.

Бұл жырларды Мағжан сүйе отыра көз жасын төгеді, сұлуға жан сырын ақтарады, өмір — тағдырынан елестерді алға тартады. Оның басынан өтіп жатқан түрлі оқиғалар осы сырлы сезімдерде ағытыла отыра мына біз сияқты оқырмандарына ақын тағдыры тап болған кезеңдерді көрсетеді. Міне, сонысымен де Мағжан лирикасы шыншылдықтың биік шынарындай асқақ самғап, биіктен қол бұлғайды.

Сөз жок, Мағжанның лирикалық күш-қуатын айғақтап жазылған тамаша жырларын түгелімен саралап, оның ба-

сынан өткен ала құйын алуан сезімдерді тізіп шығу мүмкін емес. Мағжан эпикалық құлашы кең де ақын. Сонымен бірге-сыршыл, оқиғаны суреттегіш, ауқымы, алымы кең тұлпар ақын. Осының бәрі де оның жырларында, дастандарында төгіліп, тізіліп тұр.

Мағжан лирикасындағы тамаша сөз жүйріктігі, тіл шеңбері, ой алғырлығы, кескіндеуші, кейіптеуші күш-қуат—бәрі де осы бір шумаққа жиылып келіп құйылып жатқандай емес пе?

Мағжан өзі еліктегіш ақын еді. Оны Жүсіпбек Аймауытов айқын айғақтап береді. Мағжанға еліктегендер қазір шығып жатса, бұл кесел емес, қуаныш, оны тану, оған табыну деп білген жөн. Сөз жоқ, Мағжан—қазақ жырының пайғамбары, ұлттың ұлы ақыны. Ал пайғамбарға табыну, ұлыға қызығу әбес емес, әдемі сезім, бас ию, тәнті болу әрекеті. Ендеше мен де «Кенесары» дастанымды жазғанда Мағжанға еліктедім, Мағжан көзімен, Мағжан жүрегімен сөйлегім келді. Алайда өз сезімімді, өз сөзімді айтуға талпындым.

Осы ретте маған Мағжанның «Оқжетпестің қиясында» атты дастаны ерекше қасиеттілігімен, асқан суретшілдігімен әсер, пәрменді ықпал еткенін қуанышпен жариялаймын. Ер Қененің ерен тұлғасын мүсіндеу үшін бұдан асқан сабақ, дәріс қажет емес еді. Мұнда Мағжанның мақтанышы да, мұны да, сыршылдығы да, сезімшілдігі де—қамшының өріміндей жымдасып, көз жауын алып, жүректі тербеп өрілген екен.

Көкшені күндіз-түні, мұнар басқан,
Қап-қара бұлттарменен құшақтасқан.
Алдында бұйра жалды бөлек тау тұр
Көкшеге қосылмаққа қойын ашқан.
Мөп-мөлдір дөп-дөңгелек көл ортада
Жел ойнап, ақ бетінде меруерт шашқан.
Сол көлдің жағасында Оқжетпес бар
Жасаған мұнарадай құйып тастан!

Неткен ғажап сыр, неткен жыр, сурет дейміз бе?! Әрине.

Ендеше осы бір суретшілдік тәсілге мен де бой ұрдым. Мен ұлы Мағжанға бас ие отырып, оған ердім. Ол мені осы сезіммен жетектеп, жанына ертіп жүрді. Маған «Былай жаз, анадай кесте сал, мынадай бояу қос, былайша әрле, былайша кескінде!» деп үйретіп отырды.

Мен «Кенесарыда» асқан батырдың өмір жолын атасы Абылайдан бастап суреттесем де, оқып-оқтын Мағжан әдісін қолданып отырдым. Оныма қуанбасам, өкінбеймін.

Көкшенің көзін ашып шырай таңы,
Сұлу күн Бурабайға сыр айтады.
Бас іні қарағайлар Оқжетпеске
Өткен бір күндерді аңсап жыр айтады...
Ойнақшып Бурабайдың толқындары,
Ғасырдың толқынындай толқуда әлі.
Бетінде дауыл ойнап кеткенінде
Жоқтауын айтатындай солқылдауы.
Тентек жел құбылады мың күніне,
Ышкынған ызғарынан мұң біліне.
Басына Көкшетаудың бұлт үйіріп
Енеді Кенекемнің үңгіріне.
Қонады Оқжетпеске қыран барып,
Кешегі өткен күннен сыр аңғарып.
Ойлаймын Кенекемдей ер бабамды,
Жылаймын, көңілімді қылам ғаріп...

Мағжан жасқа да, жасамысқа да өнеге болатын ұлы ұстаз екені даусыз. Оған жетем деу, одан асам деу әурешілік болғанымен, оған еліктеу, сабағын алу парыз.

Сөз соңында айтарым, Мағжан қара бұлт торлаған, дүлей өз арамызда болғанымен де оларды да соған итермелеген күндердің құрбаны болды. Оны құрбандыққа шалғандар сол кер заман деп ұғу ләзім. Өйткені қашанда өзгеден оқшау шығып, дара тұрған бітімі кесек, ажары бөлек, тұлғасы өзгеше адамды түсіну, оның жан дүниесіне терең бойлау қиын ғой. Оны түсінгендердің ақынды қолтықтауға, демеп, сүйеуге дәрмені жетпеді. Ол түсінікті де ғой, өйткені олардың өз бастарына да осы бұғалық түсті. Ал Мағжанға жасалған қиянат оны қос қанатынан айырып, қыранға қояба бол деумен, арланға қорашыл төбет бол деумен бірдей еді. Мағжан ештеңеден қаймықпады, асқақ аспандады, қыранша қалқыды.

Менің аса бір таңқалып, таңдай қаға мойындайтыным: Мағжан өз тағдырын өзі білгенге ұқсайды. Осы ретте ол асқан сәуегейлікпен өз жолың күні бұрын көре білген сияктанады. Сол себепті де ол жағымпаздыққа салынып, жаңа заманға әтте-мүтті бас ие табынып, күнге баланған көсемдердің табанына түспеген. Басын имеген тәкәббар қалпы жыр пайғамбары болып өткен. Оның осы көрегендігі біздің

қазақ шеңберінен асып, қаншама айғақ, деректер келтіріп те дәлелдеуге тұрарлық шындық екен. Айталық, Мағжан аса құрметтеген орыс ақыны Александр Блоктың тағдыры не болды? Ол төңкерісті шын қабылдамады. Алайда Кеңеске қызмет етті. Жаңа дәуірдің ақыны болды. Осындай сыртқы өзгеріс оның ішкі дүниесіне сай келе алмады. Ақын ішкі толқынысында, толғанысында жаңа дәуірді, қызыл саясатты, пролетарлық идеологияны қабылдамады. Рас, ол бәрібір ұлы ақын қалпында қалды. Бірақ осы сыртқы көрініс пен іштей қарсылық оны тез солдырды, іштей мүжіді. Оған дәлел керек болса, мынаны айтайын. Блок жайында жазылған соңғы зерттеулердің бірінде былай делінеді: «Кейкейде оның тамаша дарыны өз орнына жұмсалады. Блок мылжың мәжілістерден, мылжың сөздер мен бюрократиядан әбден қажыды. Жұмыс оны басты нәрседен—суреткерлік істен алыстатты. «Мен құрып біттім. Маған өлу керек пе? Мылжың мәжілістерге енді өлтірсе де бас сұқпаспын! Мен шенеунік емес, жазушымын! Маған ас берсеңдерші!» дейді ол күнделігінде.

Міне, анық ақынды азапқа салған, іштей мүжіп, жегідей талаған тарпаң заманның озбырлығы ақыры оны жығып тынды. Ол сөйтіп, сыртқы дүние мен өзінің ішкі құрылымының арпалысының құрбандығы болып, жер бетінде қырық бір жыл ғұмыр кешіп кете барды. Ал Мағжан ашық қарсылықпен, алпарыспен, бас имей, мойын ұсынбай өткен ерлікте ғұмыр кешті. Ол ғұмыр, әрине, ұзақ емес, бар болғаны қырық бес-ақ жыл. Бірақ қандай ғұмыр десеңізші! Иә, Мағжан ақындардың ақыны, қазақ жырының пайғамбары болып өтті өмірден. Ол әлі де сол биікте, пайғамбар қалпында біз дерді табындырып келеді!

ҚАЖЫМҰРАТОВ ТЕМІРҒАЛИ —Сергеев ауданы,
ауданы,Кеңес орталау мектебінің мұғалімі.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТАҚЫРЫПТАР

Өзі өмір сүрген XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында дәуірі дүниеліктерімен дүмше дүниені дүр сілкінткен Арқаның арқалы да орынды, айырықша адуынды да айдарлы ақыны Мағжан Жұмабаев болатын. Келі сабындай келте ғұмырының кесімі көңіл көгінен көрінетін, келісті, кескек

ті болар жолдарының біразын «тар жол, тайғақ кешу»—куғын-сүргінмен өткізсе де ол жыр жарысында бәйге бермес дауасыз да даусыз дүлдүл, дарабоз-тын, шығармашылық шынының шынайы Джамалунгмасы еді. Әспеттеп өтері әдебиетіміздің әсемдік әлемінде Абайдан кейін әлеуметтік өз әуесімен «қиасынан шауып, қисынын тауып», өлең өнерінде өз өрнегімен көкіректе көнермес із қалдырған Мағжан—оған байыз таппай бой ұсынып құштар болғанмен иісі қазақтың талайым деп табынар, жарқыраған жарық жұлдызы, таңмен табысқан Шолпаны! Ежелден көршілес орыс қауымы өзгелерге поэзиясын Пушкинімен пайымдаса, бұл күндері біздің қалың қазақ елі ендігі қалған жерде қарым қайтарып, марқайып масаттанбақта, мақтанарлықта Мағжанның мол мұрасының мұраттылығын меңзесе—ұштаса, ұтылмасы хақ.

Ақиық ақынның ақиқатында кім болғандығын оның көзі тірісінде де, бұл фәни дүниеден өткеннен кейін де, бүгінгі жариялылық белең алып отырған кезеңімізде де қалам тартып көңіл көкжиектерінен көрініп келген, көрсетіп жүрген қаламгерлері аз емес.

Ә, дегеннен Мағжанның мәрмәри-мүсін, шоң шығармашылығының шұрайлылығы мен шырайлылығына ағынан жарылып келтірері шегі де шәгі де жоқтығынан күмәнсіз шер тартқан Мұхаң, 1929 жылдың өзінде: «Мағжан—культурасы зор, ақын... Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз—Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін»,—дей келе, 1957 жылы жазылған «Октябрь өркені» (М. Ә. 12 том. Алматы «Жазушы», 1979. 170-бет) деген мақаласында: «Өзінің көптеген шығармаларында махаббат сыршылдығын жырлаған Жұмабаев ақын қазақ әдебиетіне әр-алуан дертті: ыңырана күңіренуді, мистиканы және жұртқа жат электизм (әркімге еліктегіштік), декаденттікті екпек болған ақын еді»—деп әуелгі ойыңан айнып екінші жағына аунап түседі. Өзінің Әуезов екендігін бүкіл әлемге әйгілеген тарихи романының басты кейіпкері—Абай атамыздың: «Болмасаң да ұқсап бақ!» дегені сонда нені меңзеген? Әлде мұнысы ғұлама жазушының сол атақты Абай атасының Физули, Фердоуси, Бируни, Навой сияқты Шығыстың алып ақындарына еліктегенін естен шығарып, алғандығынан ба? Бальмонт, Блоктарға «ұқсап» қана қоймай, Мағжан мазмұн-

мәнін, мәнісін өз туындыларында олардан артық түрлендірсе несі айып?! Әлде арада жиырма сегіз жыл өтіп енді ауызға алынбасына көз жетерліктей «амал-айла» таусылғанның керін киіп, сарғайған сары уайымның сергелдеңінен бе, я болмаса, тұрлаусыздықтың тұралатып, тұрақсыздықтың тарттырған тауқыметі ме екен? Дегенмен, дәуірге дарынның мұндай «алшандарлық» ауытқуға жол беріп діттеуін қалай алып, қай қырынан қайтіп қара-қисынсыз құбылыс, құбыжың көрініс!

Мұхаңнан кейінгі Кеңес әдебиетінің негізін салушылар қатарында екінші орынды еншілеп жазушылық жолында ерен еңбекқорлығымен есесін еселей түстің «қаламы мұқалып көрмеген» кәдімгі. Сәбең өзінің «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінде («Қазақстан, 1932. 1-бөлім «Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі» 1 бөлім, 283 бет): «Ақындық жағына келгенде, Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақын-дарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне түрлер енгізу ретінде, Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан қазаққа ақын жоқ» сөкенін мойындаса, «Есеу жолдарында» (Алматы, 1964, 230 бет) 1926 жылдың 4 октябріне «Еңбекші қаламгерлердің» жалпы жиналысында жазушыларды жікке бөліп, қайсысымен қалай жұмыс істеу керектігін, «түр мен мазмұнды» жолға қойып еңбекші халықтың әдебиетін жасайтын өзі сомдаған ҚазАПП платформасына 1926 жылдың 27 июлінде болашақ «Алқа» үйірмесінің Мағжан жазған «Табалдырық» бағдарламасын «байшыл әдебиет» атап басынан аяғына дейін онымен қалай «есеп айыру» жолдарын белгілейді. Тапшыл тарлан тағы бір төңкерістен тайынбай, шымбайына батқан «байшыл әдебиеттің» түп тамырын барынша балталап, тып-типыл етіп тақырлап тәмамдауды таңсық тұтса, ауық-ауық аңсары ауса оған не зорық?!

Әлхисса, өршіл де өміршен, өлмейтін өлеңге өшіге өрекіпген өрттің өрісі өрши түсті. Қисыны келіп тұрған соң нақ осы тұс шамалы шегініс жасаған жөн сияқты. Өйтпеске шамаң да, шараң да жоқ. Сәбең салған «сындарлы сын» сокпағына Сейфолланың Сәкені де сұқтанды Сонау 1917 жылы Омбы семинариясын бірге тәмамдаған (Мағжан алтын медальға, Сәкен әлдеқайда төмен, орташа тапсырған —Д. Досжанов «Абақты». Алматы: «Қазақстан», 1992 ж. 233 бет) кезде «Шолпан» жыр жиңағымен маңғаз Мағжан мәшһүрленген алғыр ақынның өз өнерін асыра алмаған Сәкен сал да сері мінез, міншіл сыналығымен сараланды. Бәл-

кім соның есесі болар, ақылын ашуға алғызып, мүмкін, өткендегі екеуарадағы сұлудың сергелдеңге салған салдарынан болар, ендігі жерде болмысын бұқпантайлаған батпан-күйрық бакастыққа бағыштап, ақтық айқастың жекпе-жегінің сәті түскендей көрінді. Көреалмаушылықтың күйбенін күйттеп, күндеушіліктің құрығын қарына іліп, «Қас жауына» қарсы сілтеуден жалықпады. О, тоба, ор қазып сол орға Мағжанның артын ала ол өзі де түсті.

Мағжан марқұм болып бұл жалғаннан өткеннен кейін оны келістіре, жер—жебіріне жетіп «өлтіре» сынаған сарбоз-сыншылардың бірі, әзірге көзі тірі құрметті қазақ елінің жазушысы—Әбділді Тәжібаев. Ол өзінің «Өмір және поэзия» (Қаз. МКӘБ Алматы, 1960) атты мәңгібақи өміршең құбылмасында: «Буржуазияшыл» ұлтшыл жазушылардың ішінде ерекше көзге көрінген, ақындық таланты мен өнерін түгел байшылдыққа жұмсаған —Мағжан Жұмабаев, деп бастап, символист денаденттігін дағды деңгейі «дәрежесінде» дәлелдеп, «...ол Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Белинский, Чернышевский, Добролюбов таратқан демократтың ұлы идеялардан аулақ. (олардың біразын Мағжан тәржімаласа да, авт) Ол барлық құсығын орыс халқын сөуге, оның қазақ халқымен достық бірлігін былғауға ғана жұмсаған ақын... Біздіңше, Мағжан лирикаларының барлық мерезін (қалай айтуға аузы барған?! авт) пышақтап отырып көрсету керек те, оның жұқпалы, зиянды «күштерін» әшекерелесу керек. Бұл әдебиетіміздің тарихы үшін де, болашағы үшін де қажет»—деп «көрегендік» көрсетіп, қазақ әдебиетін қорғаштап қамқорлық көрсеткен Өйт дерсін! Күні кеше 70-ке толғанына «Ленин» орденін мақтан тұтып, леңіре қуанып, кеудесіне қадатқызған (атақты ақын Айманкүл анадан туды-ау сабазын) ақнық ассақал ақын Әбділда бұл! Нақ сонда көгілдір экраннан «Жасасын Коммунистік партия!» деп жөдігөйленіп жағынған Әбділда бұл. Бүкіл халық болып «Мағжан!» деп жатқанда өткен ісіне «өкінбеген», кішіпейілділік танытып халқы алдында марқұмның аруағынан кешірім сұрауды жөн көрмеген Әбділда бұл! Пендешілік-ай!—дейсің де қоясың. Одан басқа лажың да жоқ.

Ия, өткен күндер өз алдына, сол «өшкеніміздің жанып, өлгеніміздің тірілген» тұсы —бүгінгі таңдағы бет алысымыз қандай. Ол турасында қалам тратқандар не дейді, қандай пікірлер білдірген, міне, осы жөнінде аздап та болсын ой

бәліспей өтуге тағы да болмайды! Солардың ішінде ең көзге түсері Шерияздан Елеукенов.

Өзінің «Мағжан» атты («Жұлдыз», 1989, № 6) монографиясының кіріспесінде: «...Октябрь жеңісінен кейін де біраз уақыт еңбекші бұқараның таптың мүдделерін жеріне жете түсіне алмай, жүрді, осының кеселінен тарихи бетбұрыс, революциялық аударыс-төңкеріс кездерінде жапалықты жатсынды. Осы жәйт оның творчествосына да салқынын тигізді» дей келе, нақа осы еңбегінің негізгі бөліміне ойысқан бетте-ақ: «М. Жұмабаев күрделі де қиын жолдан өтті. Нағыз ағынап жарылып сөйлейді,... үш революцияның, Азамат соғысының нелер қиын-қыстау кезеңінің куәсі болды... айтыс-ақын ойына келгенін өзі дұрыс деп тапса іркіліп қалмайды, ты, таласты, күрес барысында шыңдалды ақиқат жолды ізді, ақыры оны тапты да» деп жоғарыда айтқан ойына өзі қайшы келеді. Бұл бұл ма, енді араға түп-тура үш жыл салып нақ сол «Жұлдыз» журналының 1992, № 6) бетінен орын алған («Алқа» үйірмесі бағдарламасын оқығанда») еңбегінде «Мағжанның әдеби» эстетикалық көзқарастары» атты бөліміндегі «ерекше есейгендік, маркайғандық» танытып: «Мағжан поэзиясы — күрелі құбылыс. Қазақ әдебиетін дүние жүзі әдебиеті деңгейіне көтеруде алып қажыр-қайрат көрсеткен Абайдан кейінгі шырқау биігіміз... творчествосын бағалағанда, ескірген өлшемді қолданып келдік: бір кезде жаңылды, жаза басты, соңынан беті түзеле бастады дедік. Мұндай көзқарасты басшылыққа алу—Мағжан өлеңін тағы да көркем ойды мешеу өткен Сталин жүргізген қаныпезері саясатқа жығып беруге бастады. Бізге керегі—басқа безбен. Поэзияның дәуірі шындығын қалай, қайтіп тап баса білген дігі» деп таңыртқанбасқа, танданбасқа лажы қалмайды. Одан әрі көлемді қолтумасында: «Мағжан — замана өзгереініне мейлінше ден қойып, құлақ тіккен ақын...», «Мағжан ұлтшыл, алашордашыл деп секем ала бермей, бір уақ осы бір бөлек туған жан еді ғой, Абайдың мирасқоры еді ғой деп құлақ асса, талай асыра сілтеушілікке жол берілері ме еді, берілмес пе еді?»—деп мүләйімси, мүсіркен мұңға мойын ұсынады.

Әзіз жан, асыл ақынның қай шығармасын алып қарасаңыз да белгілі бір оқиғаға арналған. Олай болса ол шын мәнінде тарихи. Айтайын дегенім — Мағжан шығармаларындағы тарихи тақырыптардың мазмұн—мағынасын айқындап алар жолда әлі де болсын оңалы ой емес, керісінше, өкінішті олқылықтар омыраулаған осынау жосындарсыз, сын дей-

тіндей болса сиқының «сыралғылығына» бойламай, бірден оларды тізбелеп алға тартудың өзі қисынсыз. Сөзіміздің дәл де дәмді дәлелі —арқалы ақынның «Оқжетпестің қиясында» атты дастаны болмақ. Шығармадағы басты тұлға қазақ халқының өткен ғасырда Орыс патшасының отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық көтерілістің ұйымдастырушысы Кенесары Қасымұлы. Оқып шыққан оқырманға Мағжанның нені мензей көксейтіні қаһарман Кенекеңнің іс қимылымен үндесіп жатқандығына шүбә келтіре алмастығымыз. Осындай қысыл-таң кездің қыспағында қиналып жүрген ханның құсұйқы бір сәтінде:

Алаштың алдын қара тұман басқан,
Мынау орыс озбыр ол еміп жатқан.
Көп ерлері жаумен бірге елін шапқан...
Шормандай шолтандаған шолақ билер,
Орыстың шекпеніне елін сатқан»—деп ақсақалды қыдыр қария аян берсе ол әбестік емес пе? Отаршылдықты озбырлық емес деп кім айта алады? Немесе:
Содан бері бір талай заман өтті,
Алашты улай-улай жаман өтті.
Тұлпар—тулақ, ер азып аруақ боп,
Сарыарқа—сайран жердің сәні кетті,
Жолбарыстар жортатын сар далада

Қорсылдаған доңыздар мекен етті... деп сын садағын нысанасына дәл тигізсе, алашым деп аласұрып, өткенге талдау жасап, сол кезең тұрғысымен қорытындыға келсе, Мағжанның қай жерінде мүлт кеткендік бар? Тағы да қайталаймын оқиғаға тым оғаш бір қырынан қарамаған қисынды. Сындарлы сапа безбеніне салып толыққанды топшылаған адам зерделі зейін тұрғысынан нендей мәселені болсын жанжақты толғанысқа түссе: «Өй, олардың (орыстар) несін айтасып, әділ де өршіл, бірбеткей халық қой олар!»—деп әлі күнге дейін өзіміздің «қой аузынан шөп алмас» момын кебінің киіп оған қоса жәдігейлік пен жағымпаздықтан алдына жан салмастығымызды жасыра алмайтындай елес көз алдымыздан көлеңдеп шыға келері даусыз. Орыс халқының озбырлығы ата-бабаларымызға әлмисақтан белгілі екендігін мойындауымыз керек. Әлде олар: «Орыс, жүрген жері қорыс», «Орыстан жолдасың болса жаныңда балтаң бірге жүрсін» деп жәй, тектен-текке айта салған ба? Жаңсақ жалған болса бүгінгі күндері неге, несие үшін ата-бабамыздың ділі мен тілін, тіні мен дінін, әдет-дәстүр, саят, ғұрпын қалпына келтіреміз деп бай-баламға басып жанымызды жеп жүрміз?

Айтар көп-ак, уақыт тапшы. Тарихи тақырыпка көлемі шағын болса да-мән-мазмұны жағынан ерекшеленетін жемісті еңбегінің бірі «Қорқыт» дастаны. Ол 1923 жылы Ташкент қаласында шыққан «Шолпан» журналының екінші, үшінші сандарында жарық көріпті. Бұл шығармасында аяулы акын ертегідей естілетін өткен күн аңызындағы Қорқыт бабамыздың өміріне ден қойып оны өз өмірімен салыстырады, ақындық хақында толғанады:

«Өткен күн ойды әлдилеп тербеткендей,
Ойынды Алтай бойын өрлеткендей.
Тындасаң құлағың сап сар даланы
Қорқыттың сарыны, әні күңгіренткендей...

...Өмірде арманым жоқ Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жаңды жаспен жуа білсем.
Жол төгіп, сұм өмірден зарлап, сарнап,
Құшақтап қобызымды көрге кірсем»—деп аңырап келгенде өмірдің құр жалғандығына көз жеткізіп шабытқа, мұзаға табынуды, Қорқыт бабасындай қобыз-жырыммен көрге кіргенді қалайды, армандайды.

Мағжанның Омбыда білім алып жүрген кездерінде 1918 жылы жазған дастаннан гөрі балада негізінде жазылған «Қойлыбайдың қобызы» атты ұзақ толғауы да тарихи тақырып тұрғысына жатады. Қалың Найман ішіндегі Бағаналыда әулие аруақты Қойлыбайдың жынды түгендеп періні мінетін ерекше сиқыр күші жырланады. Оның қобызын қақса болғаны қасынан жынның еңіреп туған ері—бірінші жыны Қақаман шыға келеді. Одан кейінгілері —аға жын Нұдыр да, үшіншісі —жолдас жын Шайлан. Оқиға желісі ішінде Барақ батыр бар өнердің сан түрінен сайыс өткен үлкен бір зор аста өтеді. Сайыс соңы 200 ат қосылған үлкен бәйгемен ұласады. Қалың жұрт бұл бәйгеге Қойлыкеңнен қобызын қосуын өтінеді. Барың бас болып қалың найман сұраған соң бет қайтаруға дәті шыдамай баһадүр бақсы тілектерін орындапты. Бәйгеден аттар келер мезгіл жақындағанда Қойлыкеңнің аяқасты аруағы қысып қалшылдайды, аузынан қанды көбігі бұркылдайды. Жалаң қылышты қобыз етіп сарынына салып сар даланы күңгірентеді. Құмнан құйын көтеріп бұлтқа қосады. Аузынан ақкөбігің атып көзі аларып Қойлыкең қара терге малшынған медет құба жаннан бір шаң көрінеді. Көпшілік оның ортасынан ербеңдеп, ойпан салып екі басы алма кезек жерді ұрғылап бір сексеуіл жетіп келгенін, оған байлап шаңдылып қалған Қойлыкеңнің қобызын көреді. Сол мезет Қойлыкең де кө-

зін ашқан екен. Осылайша Қойлықенді келістіре жырл отырып Мағжан Батыр Барақтың жолын беріп нақ с кездерде Сібірде ылаңын салып жүрген ақтардың генера. Қолчак қолын:

«Кұдай-ау, албастының ойнағындай,

Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?!

Шіркін-ай, құл заманды құл қылар ем,

Бата алмай бағаналы Қойлыбайдың!»—деп қайткен кү де құртуды көздейді.

Жұмабаевтың жарқыраған жұлдызын жандырған да ғайыр дастандарының ең шоқтысы («Шолпан» №№ 6-8, 1929 «Батыр Баян». Бұл шығарма әлі күнге дейін қазақ әдеби тінің қақ төрінен орын алып алқымын әрлейтін алқисі Асылы болса аяусыз ақтарып жыр жолдарындағы нақышт кестесімен жан сезіміне тіл бітіріп оқушыны өзіне баура алады, еріксіз терең ойға батырып, бас шайқатып, күрсін құшағына кезіктіреді, бір сәт мұңға бергізеді, еңіретед егілтеді. Тарихи тақырып төңірегінен лирика лағылына ж телеп, оқырман жүрегіне махаббат пен борыш екеуінің ше дескен жерінен трагедия туғызып, қазақтың «Малым, жа ным, жаным—арым садағасы» деген мәтеленің мәнін ашады арқау етін адамгершіліктің айқын да әдемі фонын көз ал дына әкеледі.

Дастан оқиғасының өрбіген өрісі мен ісі алаштың Мекке дей тауап қылған Арқадағы әсем аймағы—атақты Абылай ханның алтын ордасы—хан сарайы. Қоныс тепкен жері Көк шенің келбет—көркі —Окжетпестің етегі, Бурабай мен Ша ғалалы көлбетінің екі ортасы, хош істі қарағайы мен биш бейнелі ақбалтырлы қайыңдар өңірі. Иә, тап осы өңірде Абылайды хан көтерген өңшең небірі ноян, ығай мен сы ғайлар; билер, шешендер Байжігіт, Тасболат, Толыбай, Қа най Шешен, Қанжығалы Бөгенбай қарт, шәкірті Жанатай, бәсентііндіктер Сарымалай, Сырымбет, қарқаралық Қош қарұлы Жәнібек, балталы Оразымбет бәрісі жиылып «екі күннің бірінде қылышын алып жүгіріп маза бермейтін» қал мақтарға жақсылап бір соккы бермекке жиналады. Олар дың көп күткендері шырайлы шығарманың басты кейіпкері Батыр Баян болатын. Оның бсынша күттіруінің өзі Баян ның қандай батыр болғандығын дәлелдесе керек. Сол Баян ға ынтығып отырып оқырман оның қалмақтап бір соғыста асқан бір сұлу қызды алып қайтқанын, оған көңілі ауса да өзін ағасындай көріп жүрген керімге нәлен деуге батылы бармағандығы суреттеледі. Міне, осы қыз Баянның Ноян де-

інісімен еліне қашып кетеді. Трагедия түйіні —сүйген жасты өлтірген Баян батырдың жан күйзелісі. Қас қағым арасында не істеп, не қойғанын өзі де түсіне алмай-ақ батыр атынан құлап түседі. Ақылын ашуға жеңдіріп ол енді бір сәт өкінуге душар болады. Ыза бұлты сөйілетіні барып:

Жейтұғын өз күшігін болдым бөрі,—
сімді мынау ағат немен жабам?»—деуге көшеді.

Іоэма ерсілі-қарсылы, бір-біріне қайшы, керісінше сезім шындық сезімге толы. Өз ойының он саққа бөлініп қай-дұрыстығын ажырата алмай қиналған тұс дел-сол болып қандай?

Хүй жүрек! Көл бол жасым! Өртен ішім!
Алдымда айнама жатыр бөбек пішін.
Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүрегін,
Жойған жоқ құлыншағым ерке түсін.
Сорлы ағаң атып жығып өз інісін,
Иіскейді енді зорлап аппақ төсін.

Еріксіз жанарыңды жас жаулап, тамағыңа тұрып қал-дай сезінесің, жанталаса жұтынуға әрекеттенесің, бірақ, рғыр құрғақ. Туыстық туралы толғанып бас шайқасың, ал не, кеш енді олай етуге. Бір мезет батырды жазғыр-ң келеді осы тұс. Енді жалғырмаққа жөнеле бере тағы о сезім селт еткізді. Ол Баян басына келген ойдан туын-йды:

«Тартқанда сынбадың-ау сұм садағым!
Қайтейін, арымадың, арда күшім!
Жоқ, әлде, жоқ, жоқ, әлде өлтірдім бе
Інімді алты Алаштың намысы үшін?»

Ілдің осылайша да өрбуі заңдылық. Ноянның жасық болып-ғанына зығырданы қайнайды. Батыр үшін бастысы—елін-орғау, бір қызға бола құл болған елдің қылығы—қорлау, келгенде, махаббаттан да адамгершілік арының жо-ры екенін осы бір тұста тебіренбей және тұра алмайсың. алқы үшін қам жемеген адамда шынайы махаббат та жоқ. ондықтан да Ноян қылығына аз уақыт аяныш, мезетті мұң-на лайық екендігін мойындайсың.

Баян Абылаймен келісе алмай аз қолмен қалмақты қуып-егіп қаза табады. Орны толмас өкініш. Бірақ, Баян—батыр-аян мәңгі.

Онысын: «...Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан,
Ерлердің ұмытса да ел, жер ұмытпас,

Арқаның селі, желі, шөлі, белі

Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!»—деп жырлаған, мер-
уерттерімен зерлеп түйіндейді. Мағжан маржанды Мұнар-
тау басынан мен мұңдалап! Ия, Мағжан шынында да Джо-
молунгма!

ШАЛАБАЕВ Қ. Ы. —Жамбыл ауданы,
Аманкелді орталау мектебінің директоры

МАҒЖАН ЛИРИКАСЫН ОҚЫТУ

Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың асыл мұрасын оқып үй-
рену, оны оқушыға жеткізу —әдебиетші ұстаздың парызы.

Әуелі оқушыларға Мағжанның басқа ақындардаң ерек-
шелігін, Мағжан ақындығының құпиясын, Мағжан өмір
сүрген кезеңнің сипатын түсіндіруіміз керек.

Мағжан поэзиясынан бейнелеп айту, көркем ойды сұлу
суретпен, өзіне тән айшықпен өрнектей отырып, сыртқы,
ішкі сұлулықтың нәзік жібін қатар тартқан тамаша лирик
ақынды көреміз.

Мағжан ақындығының құпиясы —оның өз тұсының шын-
дығын дәл бейнелеуінде ғана емес, өлеңінің сиқырлы кү-
шінде. Өлең —оның өмірі, өлмес рухы, жаны. Ол бірде өмір
дің күлкісіндей қуанышты бейнелесе, бірде жылаған, қайғы
тұтқан қазақтың жан-сезімін көрсетеді, ақын осындай ал-
масып, ауысып жатқан дүниенің бір сәттік қозғалысын көз
алдыға әкеледі.

Мағжан өмір сүрген дәуір мен ақын кешкен тіршіліктің
өзі де күрделі еді. Өзінің алғашқы өлеңдерімен қазақ әде-
биетінің демократтық, ағартушылық бағытына үн қосты. Қа-
зақтың ұлттық тәуелсіздігі, отаршылдыққа қарсы күрес
идеясы ақын өлеңдерінің негізгі арқауы болды.

Ақын өмір сүрген дәуірдің қайшылықтары оның өлеңде-
рін көрініс тапты.

Мектеп бағдарламасында Мағжанның әдеби мұрасын тұ-
тас талдап өту мүмкін емес. Сондықтан ақынның адамгер-
шілік идеялары, ақындық шеберлігі, терең ой-сезімінің ши-
рыққан сәттері көрінетін тұстары ғана ашылады.

Мағжан нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны. Сондықтан

Мағжан Жұмабаев лирикасын оқытуда оқушыларда ой-сезім пірімдерін туғызуды басты мақсат етеміз.

Мағжан лирикасының мәні мен мағынасын оқушылар сапасына жеткізуді мақсат тұтқанда, оны жалаң да жатқанды түрде толғаныссыз жеткізе салмай, ақынның сыршыл, суретшіл, нәзік үшін, жүрек күйін, жан сырын, көңіл кірбеңін, арман-мұратын, жан азабын, ақын творчествосының ойшылдық рухын терең сезіне отырып жеткізген жөн.

Белгілі әдебиетші—ғалым Рахманқұл Бердібаев «Ақын тағдыры» атты әдеби зерттеу мақаласында: —Мағжанның оң күрделі жаңалығы қазақ әдебиетіне еуропалық үлгідегі лирикалық жанрды қалыптастырып, жауһар үлгілер жасауында деуге болады. Поэзиямызда ұлы Абай бастаған дәстүрлі бұл салада М. Жұмабаев жалғастырып қана қоймай, тереңдетіп, гүлдендіріп, жаңа биікке көтерген еді. Оның ондаған, жүздеген татымды, әсем туындылары көңіл күйі лирикасының классикалық туындылары болып есептеледі. Мағжан поэзиясының ұлылығы соншалық, ол көп адамдардың жадында жатталып, сақталған. Осының өзі ақын шығармаларының өміршендігін көрсетеді, —дейді.

Алтыншы класта өтуге Мағжанның азаматтық лирикасына жататын «Мен кім?», «Мен жастарға сенемін» деген екі өлеңі берілген. «Мен кім?» өлеңінде ақын:

—Көкте күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,
Ерігемін—толқып, шалқып, тасамын.
Жалынмын мен, келме жакын—жанарсың
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырымен күліп қана қарармын.

Бұл өлеңді оқу барысында оқушылар Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам, адам болып» өлеңін естеріне түсіріп, екі ақынның ой-арманының үндестігін аңғарады, олардың заманы бір, ойы бір ақын екендігін ұғынады, шынайы ақынның сөзі өлмейтініне оқушылар тәнті болады.

Абай өлеңдерінде бастау алған табиғат лирикасын Мағжан жетілдіре түсті. Қазақ даласының табиғатын да пәк, таза күйінде көргісі келеді. Адам мен табиғатты, тұтастықта танып, олардың жан күйін өлеңде бірге өреді.

Мағжанның 5 класта өтілетін 1912 жылы жазылған «Жазғытұры» өлеңінен үзінді оқып көрсейік:

—Баи аулы жылқы қамап, қыл күзетер,
Белсенген жылқышыға нокталатып,
Балалар етек түріп; зыр жүгірер,
Батпаққа бірін-бірі домалатып.
Қырдағы жылқышлар ұйқы көрмес,
Қолынан қулық бие құлындатып.
Май келді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
Жібектей көкорайлар жатқан жайнап.
Сұлудай бұрандайды бұтақтар да,
Ән салса әр түрлі құс тұрған сайрап.
Суықтан тоып өлген шыбын-шіркей,
Тіріліп қанат қағып быж-быж кайнап.
Міне, мұнда сол кездегі өмірде, қазақ тұрмысында, не-
ғұрлым жиі кездесетін әрекеттер суреттеледі.

Оқушылардан табиғатқа жан бітіре суреттейтін осыған дейін қандай шығармалар оқығандығы сұралады. Оқушылар Абайдың «Жаз», «Жазғытұры» өлеңдерін естеріне түсіріп, екі ақынның табиғатты суреттеудегі шеберлігін, ерекшеліктерін айтады. Абайдың «Жаз» өлеңінде қыз-келіншектердің «бұрала, басып былқылдап», «Әзілдесіп сыңқылдап» үй тігулерін еске түсіреді. Абай көзге алдымен шалыпатын қыз-келіншектердің бұрала, басып былқылдауына оның алдында құлынтайдың бұлтылдап шабуына назар аудартса, Мағжан да балалардың «етек түріп зыр жүгіруіне» көңіл бөледі.

Мағжан өлеңдеріндегі сөзбен өрілген сырлы суреттер оқушының көңіл көкжиегі от боп, сәуле боп серпіліп, жарқыратып аша түседі. Ақын өзінің таным-талғамын бедерлі сөз, кемел оймен, тіл өнерінің мейлінше айқын бояуларымен жеткізіп, сезім пернелерін дөп басады.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,
Хош иісті түрлі-түсті гүл сұлу
Әдемі аспан —төбедегі көк шатыр,
Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқы-сылқ күліп сылдыр қаққан су сұлу,
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу.
Бейне айнадай көтерілген бу сұлу
Осы өлеңде ақынның жан сұлулығы мен көркем ойда кес-
теленген табиғат сұлулығы іштей тоғысып жатыр. Мағжан

оикасы оқушыларды әдемілікті, сұлулықты сезінуге тәр-
тейді.

Мағжан лирикаларында азаматтық әуен, өмірлік мұрат,
халық алдындағы перзенттік парызын сезіну, халықтың
тұғып жатқан ой-санасына сәуле себуге талпынысы кең
темде көрініс тапқан. Олардың тереңінде кемел ой мен
ік парасат, елім деп еңіреген ердің өршіл рухы мен ха-
қ кйғысына қабырғасы қайысқан жанның нәзік сезімі
тыр. Қанға сіңген марғаулығына күйінеді, одан аршып
ар жол іздейді. Өркеннетті елдердің тіршілігінен өй ко-
тып, болашақты болжайды, соған өз халқын шақырады.

Қор болдық өнер қумай, қайран елім,
Күш кетіп талай жаннан көрдік керім.
Сұлық боп жан шыққалы тұр таяулап
Мандайдан шып-шып шығып өлім терің.
Жастардың жігері, талабы Мағжанды да жігерлендіреді,
жастарға сенеді, жастардан таудай үміт күтеді. Бұл ойын
ын «Мен жастарға сенемін» деген өлеңінде айқын айтады.

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Имаң күшті оларда,
Мен жастарға сенемін,—дейді акын.
ділетсіздіктің құрбаны болған аяулы акын еліне туған
сіріне деген сағынышын былайша толғайды:

—Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды —сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,
Арқадағы айдын көлді сағындым!

Мағжан өлеңдерімен оқушыларды қазақ тілі сабақтарын-
а таныстыра беруді мақсат етеміз.

«Еліктеуіш сөздер мен олардың түрлері» тақырыбын өт-
енде үлестірмелі карточкаларға Мағжанның «Қараңғылық
оюланып келеді» өлеңінен:

—Пеш ішінде шок акырын сөнеді,
Сөнген шокты үріп бала күледі.
Ой басты ма? Әлде көңілім толды ма,
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

«Қысқы жолда» өлеңінен:

—Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
Зорға борт-борт желеді

Андай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,

Біресе сақ-сақ күледі,—деген өлең үзінділері беріліп, олардан еліктеуіш сөздерді тауып, (мөлт-мөлт, борт-борт, сақ-сақ) мағыналық түрік және грамматикалық тұлғасын анықтайды.

Мағжан өлеңдерінен терме диктанттар алынды. Мын өлең үзіндісінен оқушылар зат есімдерді теріп жазады.

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын жанамын,
Күнге ғана бағынам.
Өзім күнмін, өзім—от,
Көзім қысық, сөзімде—от
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәңірі—от.
Оттан басқа тәңірі жоқ.

— Мағжан поэзиясы балаларды сұлулықты сүйеге, жүректің тазалығына тәрбиелейді.

Түйіндей келе айтарымыз: Мағжан қысқа өлеңде де дәуір тынысын кең қамту мүмкіндігіне көзімізді жеткізді. Мағжансыз қазақ поэзиясы дамуын жан-жақты қарастырмақ түгіл, белгілі бір тар арнада да түсіну, түсіндіру мүмкін емес.

Мағжанның өзі туған сұлу табиғатындай сұлу жырлары мен ұлы ақынның жас ұрпағы сусындай бермек.

Қаһарманов Ғаділша —ақынның туысы,
Бурабай қаласы.

«МАҒЖАН—АЗАМАТ, АҚЫН, ПЕДАГОГ»

«Бұлбұл күс! көзімде жас, кеудемде от
Толып, мен саған келдім, ішімде жоқ
Дәртіме сенен ғана дәрмен болар,
Басқадан, анық білдім, еш пайда жоқ»

(Мағжан «Бұлбұл»)

Қазақ топырағындағы жыр—өрнек үлгісін өз үнімен байытып, ақындық болмысы жарқырай көрінген Мағжан Жұмабаев Бекенұлы қаламынан туған асыл қазыналар халық

ін таусылмас тарихи мұрагер. Оның өрнекті өлеңдерінің пиясын тану үшін, оның әр шумағын, әр жолын ой-көзімен ып, жат-сезіммен қабылдай білу қажет. Сонда ғана ақын ң сырлы ой-сезіміне бойлай, сыртқы сұлу, іші бай мазнды, жұмыр жырды түсіне аламыз. Мағжан поэзиясынан ының суреткерлік шеберлігін, ақындық ой-асқақтығын, әкем тіл-үлгісін, стилінің ерекшелігін, кең тынысын көрей. Оны Мағжанның «Оқжетпестің қиясында» деген поэманан көруге болады:

«Арқада Бурабайға жер жетпейді
Басқа жер ойды ондай тербетпейді
Бурабайдың көлі мен Көкшетауы,
Көрмесен көкіректен тер кетпейді.
Бұлт құшқан қиясымен «Оқжетпестей»
Басқа тау ойды аспанға өрлетпейді
Арқада Бурабайға жер жетпесе
Алашта Кене-екеме ер жетпейді.
Көкшеде күңіренген кеңем қайда?
Дариха, жүрегімді дерт өртейді!
Көкшені күндіз-түні мұнар басқан,
Қап-қара бұлттар менен құшақтасқан.
Алдына бұйра жалды бөлек тау бар
Көкшеге қосылмаққа қойын ашқан.
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек көл ортада,
Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шашқан.
Сол көлдің жағасында Оқжетпес бар,
Жасаған мұнарадай құйып тастан.
Найзадай Оқжетпестің қиясына,
Жалғыз-ақ Кене-екем ғой қадам басқан.
Алашта талай-талай ерлер өткен
Ерлерде Кене-екеме кім бар жеткен?
Сүйремей елін ерге, көрге сүйреп,
Ер емес, «ершіктер» ыл елді еңіреткен.
Жалғыз-ақ Кене-екем ғой қайрат қылған
Қазақты құтқарам деп қалың өрттен
Бір кезде Кене-екемді ойлар билеп
Бір өзі Бурабайға кезіп кеткен.
Артында Оқжетпестің үңгір тау бар
Сол тауды бірнеше күн мекен еткен.

Мағжан поэзиясынан бейнелеп айту, көркем айды сұлу жеттеп, өзіне тән айшықпен өрнектей отырып, құлаққа ылы үнмен сыртқы, ішкі сұлулықтың нәзік жібін қатар ытқан тамаша лирик ақын. Мағжан сөзінде кездесетін әде-

мі әуен, сыршыл, ырғақ, кейде жүректі тебірентіп, толқыт
тын, кейде мұңға батыратын, алыс арманға, кейде мың
әлемнен басқа әлемді ұғындыратын, дүниенің қаттылығы
мен тәттілігіне тәнті етеді. Бұл ойым дәлелді болу үшін
ол «Оқжетпестің қиясындағы» поэманың жалғасын оқы
көрейік:

Бір күні тым құтырып жел ойнайды
Жыңды жел қатты сақ-сақ күле ойнайды
Бегінен жел кеп сүйіп алғаннан соң
Көбіктеріп көл екеш, көл ойнайды.
Сол түні, сонау үңгір тау ішінде
Қабағын қарс жауып Кене ойлайды.
Қамалған қазағыма жол таппаққа,
Жүрегін тілім-тілім тіле ойлайды.
Қазағым, ханың да мен, қараң да мен
Сен үшін жаным құрбан деп ойлайды.
Кене-екем құлаштаған ой теңізін
Бұлдыртқан бұлдыр заман қыран көзін.
Бір кезде серпіледі шығарған соң
Ойлардың ух деген у лебізін
Келеді маң-маң басып Оқжетпеске,
Құмдарға жолбарыстай тастап ізін,
Көзін жұмып, қияға шықсам-ау деп.
Ойлайды жоғарыға жөндеп дүзін
Сол минут Оқжетпестің қиясында
Жіберсе көзін ашып, көреді өзін.
Кене-екем көзін ашып таң боп қапты
Қарауға көз көрмейді ешбір жатты.
Нажағай маңайында жарқ-жүрк етіп,
Қарағай, сыпсың біткен шулап жатты
Төменде Оқжетпестің етегінде
Толқындар тасты сабап тулап жатты.
Кішкене сескенгендей болғаннан соң,
Кене-екем аузына алды аруакты
«Аруак!»—деп алғанша аузын жиып,
Көреді қарсы алдында аппақ қартты
Қарт сонда қозғағандай болды басын,
Қолымен көтереді түкті қасын
Ойнаған ақ бұлттай денесі аппақ,
Жасаған бұлт ішінде барлық жасын,
Күңіренген көлдердің көбігімен
Жуғандай аппақ қылып сақал, шашын.
Ізгі қарт «Аһ»—деп ауызын қозғағанда
Төменде судың туы болды басым.

Қарт сонда күңіреніп: «Аманбысың,
Кене—жан, берірек кел, сырттан балам,
Көне—жан, берірек кел, сырттан балам,
Ел үшін елсіз жерде жортқан балам,
Сақтайтын көзден, тілден сендей ерді.

Ақын бұл жерде халық алдындағы перзенттік парызын білдіріп, елім деп еңіреген ердің өршіл рухы мен халық қайғы-қасиетіне қайысқан жанның нәзік сезімін қатара білдіреді. Мағжан ана тіліндегі сөздік қорды сұрыптап, поэзияның керегіне жарата білген. Табиғатты суреттеуде табиғатпен тазалық басым болып келуінде.

Мағжан өзінің таным-талғамын, тіл өнерінің айқын бояуларымен жеткізіп, сезім пернесін дәл басады. Мағжанның бұл поэмасының жалғасын назарға салып көрейік:

Ата пір қасиетті мен қарт бабаң,
Өз қолыммен төменнен тартып алдым,
Қияды күтіп сені сансыз заман...
Ел үшін еңіреп туған жолбарысым,
Білемін жүрегінде бар бір жараң.
Сені улаған қазақтың қайғысы ғой,
Дарига, қазағымның күні қараң.
Алаштың алдын қара тұман жапқан
Мынау орыс обыр ол, еміп жатқан.
Заман азған шағында адам азбақ,
Көп ерлер жаумен бірге елін шапқан.
Кешегі Абылайдан азып туған,
Уәли анау, әр қатынмен басы қатқан.
Шормандай шолтандаған шолақ билер
Орыстың шекпеніне елін сатқан.

Міне, бұл шумақта Мағжан ағамыз іштегі ойын ашық, тура айтып, айтқанынан қайтпайтын, шені үлкендерге жағынбайтын жағымпаздар Мағжанды көп қуғындады. Ол халық үшін құрбан болды.

Мағжан жырларын қайта-қайта оқыған сайын сөз өнерінің көркемдік меруертін сезінесің. Шынайы таланттың жан тебіренісінен туған сөз меруерттері сұлу, сиқырлы қалпында ғасырларды аттап өтіп келешек өмірмен тығыз жалғасып жатады.

Мағжан поэмасында сөзбен өрілген сырлы ойлы суреттегі оқушының көңіл көкжиегін от боп, сәуле боп серпілтіп, жарқыратып ашып жібереді. Оны мына жалғастан сезінесіз:

Кене—жан, Елің қалды жау қолында,
Алып кет алашыңды осы жақтан.
Тайсалма, тәуекел қыл, батыр балам,
Арсыға дұға асырар, мен қарт бабан,
Еңіреген ерге серік жолдас болар,
Балауса жас жолбарыс інің Науан
Жау қалың, азғантай ел, азғантай шаң
Болғай ед аруақ жар, құдай панан.
Мерт болсаң мақсұтыңа жетпей егер,
Сол сағат мен осы жерде тасқа айналам
Алашта тағы сендей ер туып,
Төбеде тас боп шөгін күтіп қалаш!
Осы сөздерді айтып қарт ғайып болды
Таудың үсті тамаша нұрға толды.
Тербеліп, күніреніп қара бұлттар,
Жер мен көк қасиетті жырға толды.
Бұлтты айдап, сылдыратып сумен ойнап,
Ерке жел, тасты құшық сақ-сақ күлді.
Аллалап ну қарағай шулай-шулай,
Төменде тулай-тулай толқын өлді.
Тамашадан тас болып біраз тұрып
Көзін ашып Кене өзін жерде көрді.
Сол кеткеннен Кене-екем кете барды
Жанына жас жолбарыс Науанды алды.
Алашты алып шығып ел қылмаққа,
Жауына аш бөрідей ойран салды.
Үйсін—дулат, Қырғызбек қол ұстасып,
Қытаймен қатынаспаққа ой ойланды.
Біле алмай надандықпен ердің ойын.
Сорлы Қырғыз мерт қылды арыстанды.
Арыстан Алатауда мерт болғанда
Оқжетпесте тұрған қарт тасқа айналды.
Содан бері бір талай заман өтті,
Алашты улай-улай жаман өтті.
Тұлпар—тулақ, ел—арып, аруақ боп,
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.
Жолбарыстар жортатын сар далада,
Қорсылдаған доңыздар мекен етті.
Жалғыз-ақ Оқжетпестің қиясында,
Шөккен қарт, Күншығысқа түзеп бетті.
Көп заман талмай, тозбай тау басында,
Алаштан Кене кемдей бір ер күтті.
Арқада Бурабайдай жер болмайды,
Алашта Кене—кемдей ер болмайды.

Кене арыстан мезгілсіз мерт болды ғой,
Алашқа бұдан да зор шер болмайды.
Ел азды, Арқа тозды, қайғы басты,
Күңіреніп біздей бейбақ жыр толғайды.
Құдай-ау, мәңгілікке қарғамасақ,
Кенемдей енді неге ер тумайды?
Кене жоқ, ізін басар іні де жоқ,
Дарига, жүрегімді дерт улайды:

Мағжан халықтың қанға сіңген марғаулығына күйінеді, одан аршып алар жол іздейді, болашақты болжап егеменді ел болуды армандайды, соған халқын шақырады. Ақынның өлең жырларын толқымай, жаныңмен егілмей оқу мүмкін емес. Бүгінгі біздің тірелер тығыршықтың бастау көзін сол кезден-ақ тануы кімді болса да тандандырады. Мағжан тілі—меруерттей сұлу, нәрлі шын жүрек тілімен жазылуында.

ҚҰЛМАҒАНБЕТОВ С. А. —Москва ауданындағы
Бұлақ орта мектебінің мұғалімі

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ (поэзиясындағы) ҰЛТ— АЗАТТЫҚ ТАҚЫРЫБЫ

«Елу жылда—ел жаңа» дегендей, біздің де заманымыз өзгеріп, әдебиетіміз бен мәдениетіміз—халқымыздың рухани байлығының қайнар көздері қайта аршылып, тазарып өз ортамызға қосылып жатқандарына шексіз мақтануымызға болады. Ол қайнар бұлақ көздері—өз халқының болашағы үшін, Қазақстанның қоғамдық және рухани өмірі үшін күрескен, сол арпалыстарда жазықсыз жазаланған, неше алуан, зиялыларымыздың есімдерінің бірі—Мағжан Жұмабайұлы. Сөз реті келгенде, бұл есімді қалай естіп, білгенімді айтпай кетуге болмас.

Біз, 1960 жылдары Алматының ҚазГУ-інде, журналистік бөлімде оқитынбыз. «Мағжан Жұмабаев ақталатын болыпты, оның әйелі осы Алматыда тұрады екен»—дегенді естіп, біз үшеуіміз—мен, Марат Әкбаров, Мағжан елінен (Булаев ауданы) және Қанғожин Мүтәлләп—қазіргі «Қызылжар» телекомпаниясының бастығының орынбасары. Мағжанның әйелін іздеп таптық. Аты Зылиха екен, сұңғақ бойлы, жасында көрікті кісі болғандай. Жас шамасы, сол кезде, 60-тың ішінде бет—жүзіне әжептәуір, әжім кірген. Көп тауқыметті тартқан кісі екендігі бірден байқалады...

ширатылып кей шумақтарда «түрікшілдік идеямен де шетесіп кетеді»,—дейді Әбділдә Тәжібаев.

«Ар жағы—көк көзді жын ұясы,

Бергі жағы түріктің сар даласы»—деген өлең жолдарынан ғана дәлел келтіріп, Әбекең Мағжан айтқанындай Ортауы түрік халқының ата қонысы болғандығын, бұл күнді сол түріктің аты да аталмай, заты да, дыбысы да жоқ, әлдеқайда іріп-шіріп жоғалып кеткендігін, енді сол бір анадан тараған түрік балалары қосылып, өзінің туған жері басқаға тапталмай деп жар салғанын Әбекең көрмеген болады. Тек, күшті жазылған лирика қатарына қоса салады.

Енді Мағжанның «Түркістан» өлеңінен мысал келтіріп көрелік:

«Бұл Туран ежелден-ақ алаш жері,
Турансыз тарқамаған алаш шері.
Туранның топырағында тыныш тапқан,
Алаштың арыстандай Абылай ері.
Шер батса, кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемегі ме туған жерін.
Арқаның ардагері —қалың алаш,
Туран да, біле білсең сенің жерің»

Ақын алаштың арыстаны—Абылай өмір сүрген заманда туран топырағында тыныштық өмір болғанын айтады. Туран елінің басына түскен ауыртпалықтың алашқа ғана барып қана қоймайды. Неше алуан алаштың ерлері мен хандарының, билері мен сол қаннан тараған—ғұлама Ибн—Сина Әбуғали сияқтылар әлі туған емес—дейді.

